

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Б. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА (ЗАМАНАУИ) СЫНЫП САҒАТТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нұр-Сұлтан 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы 24 маусым № 7 хаттама)

«Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру»
Әдістемелік ұсынымдар.– Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 -116 б.

Әдістемелік ұсынымдамада сынып сағаттарын ұйымдастыру және өткізу бойынша халықаралық және отандық тәжірибесінен зерттеулер енгізілген. Заманауи сынып сағаттарын ұйымдастыруда сынып жетекшілері назарына сынып сағаттарының мақсаттары, міндеттері мен формалары ұсынылған. Ұсынымдамада сынып жетекшілерінің заманауи сынып сағаттарының үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдіскерлерге, сынып жетекшілеріне және заманауи сынып сағаттарын ұйымдастыру мен өткізуге мүдделі тұлғаларға арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

КІРІСПЕ

Мектептегі сынып сағаттарын дұрыс ұйымдастыру әр білім алушының тұлғалық дамуына, өзін-өзі тануына, бойына өзіндік құндылықтарды сіңіре білуге, өмірде жол таба білуіне, алдына мақсат қоя білуіне, өз ортасымен қарым-қатынасқа түсе алуға, отбасын, Отанын сүйуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастырып, дамытуға жетелейді. Олай болса, сынып жетекшісінің басты міндеті – сыныптың психологиялық ахуалын ретке келтіре отырып, сынып сағаттарын білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың өмірлік сұраныстары мен талаптарына сай ұйымдастыра білу.

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығында сынып жетекшісі қызметінің мақсаты мен міндеттері айқын көрсетілген [1].

Осы бұйрықта сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – білім алушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, білім алушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау делінген.

Олай болса, сынып сағаты мектептің оқу-тәрбие процесінде маңызды орын алады. Сынып – мектептегі негізгі құрылымдық буын. Мұнда білім алушылар арасындағы қарым-қатынастың пайда болуы мен дамуы орын алады, олардың дүниетанымы сабақта ұсынылатын танымдық іс-әрекет арқылы қалыптасады.

Сынып жетекшісі сыныптағы негізгі тәрбие және ұйымдастырушылық жұмыстармен айналысатын тұлға. Оның міндетіне білім алушының жеке дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау ғана емес, сонымен қатар баланың басқа білім алушылармен, ата-аналармен және мұғалімдермен қарым-қатынасында туындайтын психологиялық мәселелерді шешуге тиімді көмек көрсету кіреді.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысында мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету, барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру міндеті қойылған [2].

Осыған сәйкес сынып жетекшісі білім алушы мен қоғам арасындағы байланыстырушы тұлға, әр білім алушының өзін-өзі тануына және оның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін түрлі іс-шаралар арқылы ұжымда қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, жайлы, қауіпсіз, заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз етеді және тәрбиелей отырып оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал жасайды.

Сыныпта бастапқы балалар ұжымын қалыптастыруға қатыса отырып, сынып жетекшісі көшбасшы, тәлімгер, қамқоршы және білім алушылардың досы рөлін қабылдауы керек. Ол білім алушыларды шабыттандыруға, олардың қажеттіліктерін түсінуге, көмекші болуға, сонымен қатар өз сыныбының ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысуы тиіс.

Сынып жетекшісі мен білім алушылардың сабақтан тыс қарым-қатынасы тәрбие жұмысында өте маңызды орын алады. Сынып сағаты – білім алушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызды нысандарының бірі. Сонымен қатар, сынып сағаты – мұндай қарым-қатынасты ұйымдастырудың ең көп таралған әдістерінің бірі.

Сынып сағаты – бұл педагогтің сыныптағы білім алушылармен әлеуметтік қатынастардың дамуына және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына ықпал ететін белгілі бір іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беріп, білім алушылармен бірге өткізуде ұйымдастырылған уақыт. Сынып сағаты, әдетте, апта сайын өткізіледі. Ол әдеттегі сабақ сияқты созылуы мүмкін, бірақ бұл міндетті шарт емес. Тақырыпты қамту үшін 15-20 минут жеткілікті немесе кейде басқа тақырыптар ұзақ қарым-қатынасты қажет етеді.

Тақырыптық сынып сағаты белгілі бір тақырыпқа арналуымен ерекшеленеді. Мұндай қарым-қатынас неғұрлым нақты және толық, білім алушылардың назарын ұсақ-түйектерге шашыратпай нақты заттарға шоғырландыруға көмектеседі. Белгілі бір тақырыпта өткізілген сынып сағаты бейресми жиналыстан гөрі тиімді. Ол танымдық сағат. Қарым-қатынас кезінде белгілі бір педагогикалық мақсаттарға жету үшін тақырыпты қолдану өте маңызды.

Педагогтің жетекшілігімен мектепте білім алушылар қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады. Сынып сағаты диалогтық негізде болуы керек екенін есте ұстаған жөн: педагог-білім алушы арасындағы тығыз байланыс орнағаны дұрыс.

Сынып сағатының сипаттамаларын, оны дайындау мен өткізудің ерекшеліктерін анықтау үшін алдымен қазіргі педагогика ғылымы мен тәжірибесінде тәрбие жұмысында сынып сағатының формасын түсіну керек.

1. СЫНЫП САҒАТТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ: МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ

Сыныптан тыс жұмыстың негізгі түрі – сынып сағаты. Сынып сағаты – бұл тәрбие жұмысының бір түрі, онда білім алушылар мұғалімнің жетекшілігімен қоршаған әлемге деген қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады.

Ресей мемлекеті мектептерінде сынып сағаты мектептегі тәрбиенің негізгі формаларының бірі ретінде саналады. Ресейде сынып сағатының екі негізгі түрі қарастырылған: тақырыптық және сыныптағы ағымдағы мәселелер бойынша қарым-қатынас сағаты [3].

Сынып сағаттарының тақырыбы әртүрлі және ол алдын-ала анықталады және сынып жетекшілерінің жоспарларында көрініс табады.

Сынып сағаттары:

1. *Моральдық-этикалық мәселелер.* Онда білім алушылардың Отанға, еңбекке, ұжымға, табиғатқа, ата-аналарға, өзіне және т.б. белгілі бір қатынасы қалыптасады;

2. *Ғылым және таным мәселелері.* Бұл жағдайда сынып сағаттарының мақсаты білім алушылардың оқуға, ғылымға, әдебиетке жеке тұлғаның рухани дамуының қайнар көзі ретінде дұрыс көзқарасын дамытады;

3. *Эстетикалық мәселелер.* Осындай сынып сағаттарының барысында білім алушылар эстетиканың негізгі ережелерімен танысады. Бұл жерде табиғаттың әдемілігі, адамның киімі, өмірі, жұмысы мен мінез-құлқы туралы айтылады. Білім алушылардың өмірге, өнерге, жұмысқа, өзіне эстетикалық көзқарасының қалыптасуы, шығармашылық әлеуеті дамуы маңызды;

4. *Мемлекет және құқық мәселелері.* Білім алушылардың әлемде болып жатқан саяси оқиғаларға деген қызығушылығын, Отанның іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімін, оның халықаралық аренадағы жетістіктерін дамытып, білім алушыларды мемлекеттік саясаттың мәнін көруге үйретеді. Саяси тақырыптарға арналған сынып сағаттары жылдың түрлі саяси оқиғалармен қанығуына тікелей байланысты өткізіледі;

5. *Салауатты өмір салты мәселелері.* Білім алушылар мәдениет пен сұлулық элементтері ретінде адам физиологиясы және гигиенаны қабылдауы тиіс;

6. *Психологиялық мәселелер.* Мұндай сынып сағаттарының мақсаты – өзін-өзі тәрбиелеу процесін ынталандыру және қарапайым психологиялық ағартуды ұйымдастыру;

7. *Экология мәселелері.* Білім алушыларға табиғатқа жауапкершілікпен қарауды үйретеді. Әдетте, мұнда жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы әңгімелер ұйымдастырылады;

8. *Жалпы мектеп ішілік іс-шаралар* (маңызды қоғамдық оқиғалар, мерейтойлар, мерекелер және т.б.) [4].

Сынып сағатының формалары әртүрлі болуы мүмкін. Сынып сағатының формасын таңдау сыныптың даму деңгейіне, сынып ерекшеліктеріне,

балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Сынып сағатының келесі формаларға бөледі:

- сынып жиналысы;
- әңгіме (этикалық, адамгершілік);
- диспут;
- ұлы адамдармен кездесу;
- түрлі білім салалары бойынша викториналар;
- пікірталастар (пікірталастар еркін болуы мүмкін немесе берілген тақырып бойынша пікірталастар болуы мүмкін);
- КТК
- интерактивті ойындар;
- ойын-саяхат;
- театр премьералары;
- тренингтер;
- оқырман конференциялары және т.б. [5].

Сынып сағаттарының түрлері:

1. Тақырыптық сынып сағаты

Тақырыптық сынып сағатының мақсаты – білім алушылардың ой-өрісін дамыту, олардың рухани дамуына ықпал ету, қызығушылықтары мен рухани қажеттіліктерін қалыптастыру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі көрсету қабілеттерін арттыру.

Тақырыптық сынып сағаттары, егер олар білім алушылардың жас ерекшелігін, сынып ұжымындағы тәрбиелік сипаттағы қажеттіліктерді ескере отырып құрылған болса, үлкен нәтиже береді.

Тақырыптық сынып сағаттарын жоспарлау кезінде алдымен білім алушыларға осы тақырып бойынша түрлі сыныптан тыс іс-шаралар сериясының негізі бола алатын тақырыптарды бірлесіп анықтауға кеңес береді. Алдын ала жоспарлау сыныппен бірге келесі нұсқалардың біріне сәйкес жүргізілуі мүмкін:

1) Мұғалім тақтаға білім алушылардың қызығушылығының түрлі салаларын жазады, оларға қызығушылық тудыратын тақырыптарды жазу ұсынылады. Мысалы: «әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер», «уақыт мен елдер», «әлемнің ұлы адамдары», «адам психологиясы», «адам мүмкіндіктерінің шекаралары», «өзге елдердің тілі», «этикет тарихы», «әлемнің ашылу әліппесі», «Менің отбасым мен ел тарихындағы әндер», «Әлем адам хоббиі»; «Адам өміріндегі кино»; «Біздің үйдің мерекелері», «Кім болу керек және қандай болу керек?»; «Бүгін мен өткеннің әуені» т.б тақырыптарды ұсынады. Әрі қарай білім алушылардың жауаптары жинақталады, сынып жетекшісі оларды талдайды және жиі қайталанатын тақырыптарды тақтаға жазады. Бұл тақырыптар тақырыптық сынып сағаттарының негізі бола алады.

2) Тәрбие жұмысының болашақ жоспарында сынып сағаттарының тақырыбын анықтау үшін сынып жетекшісі «Мен қызығатын әлем» сынып сағатын өткізе алады. Осындай сынып сағаты барысында білім алушылар өздерінің қызығушылықтары, хоббиі туралы айтып, болашақ сынып

сағаттарының тақырыбын анықтайды. Мұндай сынып сағаты өте қызықты және әсерлі болады деп кеңес береді.

Ресейде тәжірибесінде тақырыптық сынып сағаттарының тақырыптық үлгілері [5].

<p><u>1-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен кімін? Мен қандаймын? 2. Менің мекенім-өз елім! <p><u>2- сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен нені армандаймын 2. Мерекелік күндер <p><u>3- сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің отбасым – бұл... 2. Менің әлемім. Ол қандай? <p><u>4 сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кім болғым келеді? 2. Әлем халқы және олардың пайда болуы. 	<p><u>5- сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің хоббиім. 2. Менің отбасымның ұмытылмас күндері. 3. Әлем халықтарының салт-дәстүрлері. 4. Кім болу керек және қандай болу керек? <p><u>6 - сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің қабілетімнің әлемі. 2. Менің елімнің ұмытылмас күндері. 3. Менің елімнің салт-дәстүрлері. 4. Мейірімділік пен қайырымдылық мамандықтары. <p><u>7- сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз интеллектімді қалай дамытуға болады? Зияткерлік дамыту мектебі. 2. Мен ұқсағым келетін адамдар. 3. Адам өміріндегі компьютер. 4. Сыпайылық әліппесі. <p><u>8-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен алғым келетін досымның портреті. 2. Менің отбасымның елтаңбасы. Ол қандай болуы мүмкін? 3. Талғамың қандай? 4. Кәсіпқой адам. Ол кім? <p><u>9- сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам достығының қарапайым тарихы. 2. Жылулық сыйлайтын көшелер. 3. Менің кәсіби басымдықтарым. 4. «Жок» деп айтуға қалай үйренуге болады?
--	---

Адамгершілік сынып сағаты

Қарым-қатынастың адамгершілік-моральдық сағаты педагогтің мұндай әңгімеге жақсы дайындығын талап етеді. Өйткені, адамгершілік мәселелеріне арналған сынып сағаты білім алушыларды ересек өмірге дайындауы керек. Қалыптасқан адамгершілік құндылықтар тәрбиеленушілердің ересек адамгершілік мінез-құлқының тірегі және негізі болады.

Адамгершілік сынып сағатының мақсаттары:

1. Білім алушыларды өздерінің адамгершілік көзқарастарын, пікірлерін, бағаларын дамыту мақсатында ағарту;
2. Ұрпақтардың адамгершілік тәжірибесін зерттеу, түсіну және талдау;
3. Өз адамгершілік іс-әрекеттерін, сондай-ақ құрдастары мен сыныптастарының іс-әрекеттерін сыни тұрғыдан түсіну және талдау;

4. Мейірімділік, басқа адамдарға көмектесуге деген ұмтылыс, өз қателіктерін мойындау, оларды талдау және қорытынды жасау, кешіру қабілеті және т.б. сияқты адамгершілік-моральдық жеке қасиеттерді дамыту.

Адамгершілік-моральдық сынып сағаттарына дайындалу кезінде сынып жетекшісі білім алушылардың моральдық ұғымдар мен моральдық жағдайларды түсінуіне алдын-ала диагноз қоя алады.

Мысалы, білім алушыларға келесі моральдық ұғымдар туралы ойлауды ұсынуға болады (оларға түсінік беру): Еркіндік, жақсылық, жамандық, жауапкершілік, тәуелсіздік, міндет, ар-намыс, қадір-қасиет, міндет, құқық, махаббат, достық, міндеттеме, ашықтық және т.б.

Білім алушылардың мұндай түсініктерге түсінік беру қабілеті моральдық сынып сағаттарының болашақ тақырыбының сынып жетекшісін таңдауды анықтайды.

Адамгершілік сынып сағатын дайындау күрделі алдын-ала жұмыстармен қатар жүруі керек, атап айтқанда:

1. Тақырыпты анықтау

Сынып сағатының тақырыбын анықтай отырып, сынып жетекшісі білім алушылардан сөздікте тақтаға жазылған моральдық ұғымдарды түсіндіруді және мұғалімге түсініктеме беруді сұрайды. Әрине, сыныптағы барлық балалар сөздіктерде моральдық ұғымдарға түсініктеме іздей бастайды, бірақ мұны істей алатын балалар осындай сынып сағаттарын дайындауда көмекші болуы керек.

2. Материалды таңдау

Адамгершілік-моральдық сынып сағатын дайындауға арналған материал мерзімді баспа, елдің, мектептің, сыныптың нақты өміріндегі оқиғалар мен фактілер, сондай-ақ көркем фильмдер мен көркем әдебиеттің сюжеттері бола алады.

Сондай-ақ, адамгершілік-моральдық сынып сағаты жоспарланбаған түрде өткізіледі, өйткені бұл сыныптағы немесе мектептегі жағдайға байланысты. Ең бастысы, балалармен мұндай кездесу оқу мен оқытуға айналмауы керек. Адамгершілік сынып сағаты – бұл білім алушылармен бірге шындықты, ересек адамның да, баланың да өзіндік болмысының мағынасын табу уақыты; ересек өмірдегі мінез-құлықтың жалпы желісіне айналатын моральдық сабақтарды шығару.

Адамгершілік-моральдық сынып сағатын жиі өткізіле ме?. Бұл жағдайда адамгершілік-моральдық сынып сағаттары балалар үшін қызықты және мағыналы болмай қалады. Мұндай сынып сағатын тоқсанына бір рет өткізу жеткілікті: бастысы, бұл балалардың өмірінде маңызды, сынып өмірінде елеулі оқиға, балалардың осындай іс-шараларға қатысуға деген ықыласын тудырады.

Адамгершілік тақырыбындағы сынып сағаттарына тақырыптық үлгілері

<u>1-сынып</u>	<u>5-сынып</u>
1. «Жақсы» деген немене, «жаман» деген немене?	2. Ата-ананың балалық шағы «Балалық шақтың есігі»
2. Надандық пен сыпайылық	3. «5 жылдан соң» Экскурсия

<p><i>туралы</i></p> <p>3. <i>Жауапкершіл болу қандай?</i></p> <p><u>2 сынып</u></p> <p>1. <i>Жалқау және жалқаулық</i></p> <p>2. <i>Ұқыптылық туралы</i></p> <p>3. <i>Реніш пен реніштің себептері</i></p> <p><u>3 сынып</u></p> <p>1. <i>Шындық пен өтірік – ол қандай?</i></p> <p>2. <i>Ашкөздік туралы</i></p> <p>3. <i>Мінез дегеніміз не?</i></p> <p><u>4 сынып</u></p> <p>1. <i>Менің өмірімдегі досым</i></p> <p>2. <i>Бақытты болу деген не?</i></p>	<p><u>6-сынып</u></p> <p>1. «Менің хоббиім мен қызығушылықтарым» қарым-қатынас сағаты</p> <p>2. «Мен -үйде, мен -мектепте, мен - достарымның ортасында» Интерактивті ойын</p> <p>3. «Өз пікіріңнің болуы – маңызды ма?» әңгіме сағаты</p> <p><u>7- сынып</u></p> <p>1. Диспут «Менің қалауым менің жасай алатыным».</p> <p>2. «Сенің досың кім? Адамды досына қарап білерсің? Интерактивті ойын</p> <p>3. «Өмірлік баспалдақтармен жоғарыла» әңгіме сағаты</p> <p><u>8-сынып</u></p> <p>1. «Мен сүйе аламын ба?» Пікірлер аукционы</p> <p>2. «Ол адамдарсыз мен жалғыздық сезінемін» Этикалық әңгіме</p> <p>3. «Жауапкершілік және жауапсыздық. Бұл сөздердің артында не жасырылған?» Пікірталас</p> <p>4. «Мен өмір сүргім келетін мекен» сынып сағаты.</p> <p>9-сынып</p> <p>1. «Достық пен достар туралы» пікірталас.</p> <p>2. «Серіктестік және достық туралы» әңгіме.</p> <p>3. «Сүйіспеншілік бәрінің бастауы...» Мерекелік кеш</p> <p>4. «Менің тағдырымның бақытты билеті» Адамгершілік емтиханы</p>
---	---

Интеллектуалды-танымдық сынып сағаты

Зияткерлік-танымдық сынып сағаттарының мақсаттары мен формалары

Білім алушылардың зияткерлік дамуы сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі. Бүгінгі таңда мектептің алдында жаңа міндеттер тұр – білім алушыға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оның осы білімді қаншалықты тиімді және шебер басқаратынын бағалап, зияткерлік мәліметтеріне сәйкес жан-жақты білім алуға баулу. Сыныптан тыс іс-шаралар білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға, сананың жеке құрылымдарын дамытуға – өз мүмкіндіктерінің өзін-өзі тану рефлексиясына

және олардың өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуына бағытталады.

Білім алушылардың зияткерлік саласын дамыту, олардың өзін-өзі тануы және өзін-өзі жетілдіру мақсатында білім алушылармен келесі жұмыс түрлерін қамтиды.

- зияткерлік марафондар;
- зияткерлік шығармашылық күндері;
- зияткерлік жобаларды қорғау;
- ЖОО-ға, ҒЗИ-на және зерттеу зертханаларына экскурсиялар;
- ғалымдармен, өнертапқыштармен кездесу;
- интеллектуалды рингтер мен викториналар;
- зияткерлер клубының отырысы;
- Зияткерлік олимпиада ойындары;
- зияткерлік даму мектебі.

Интеллектуалды-танымдық сынып сағаттарының үлгілік тақырыптары

<p><u>5-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің әлемім 2. Мен және менің қабілеттерім. 3. Энциклопедиялар әлемі. <p><u>6-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Менің күшті және әлсіз жақтарым. 2. Тыңдай алу және ести білу, қарай алу және көре білу қабілеттерін қалай дамыту керек. 3. Мендегі «Неге?» және оларға жауап <p><u>7-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам танымының терең құпиялары. 2. Зейін қою және зейін аудару. Бір түбірдің сөздері? 3. Өзіңізді басқаруды қалай үйренуге болады. 	<p><u>8-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дарындылық пен данышпандық. Олар неден көрінеді? 2. Миды (Есте сақтауды) жаттықтыру – болашақ жетістіктің кепілі. <p><u>9-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам және шығармашылық. 2. Өзіңнің ішкі жан дүниеніңмен әңгіме. 3. Мектептегі шығармашылық қойылым күні. <p><u>10-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз-өзіңді басқаруды қалай үйренуге болады? 2. Менің тілдік қабілеттерім. Олар қалай көрінеді? 3. Адамның кемшіліктері және олардың тағдырына әсері. <p><u>11-сынып</u></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен ойлай отырып, көре аламын 2. Адам өміріндегі әзіл. 3. Марста да алма ағаштары гүлдейді.
--	---

Ақпараттық сынып сағаттары

Мақсаты:

1. Білім алушылардың өз елінің, өз қаласының, ауданының қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғалар мен құбылыстарға қатыстылығын қалыптастыру;
2. Тарих сабағында алған білімдерін қолдану;
3. Болып жатқан жағдайға өз көзқарасын қалыптастыру;
4. Зерттеу дағдыларын дамыту.

Ақпараттық сағат кезіндегі жұмыстың негізгі формалары:

- Газет хабарламалары;
- Карталар мен глобустар арқылы саяхат;
- Газет және журнал материалдарын оқу.

Ақпараттық сынып сағаты викторина, ақпараттық ринг, эрудиттер конкурсы, газеттер мен журналдардың мерекелері, уақыт саяхаты түрінде өтуі мүмкін

Осылайша, сынып сағаты түрлі формаларда өткізілуі мүмкін. Сынып жетекшісінің міндеті – тәрбиенің нақты мәселелерін шешуге қол жеткізе отырып, мазмұны мен әдістемесі бойынша осы формаларды әртараптандыру.

Сынып сағатын ұйымдастыру бойынша кеңестер:

1. Сынып сағаттарының мазмұны пәндік ақпараттан оны жалпы бағалауға, жалпы бағалаудан – кеңейтілген пайымдауларға бірте-бірте өте алатындай етіп құрылуы тиіс.

2. Қойылған сұрақтарды талқылау барысында сынып жетекшісі білім алушылардың сөйлеген сөздеріне өте мұқият болуы, қажетті түзетулер енгізуі, қосымша сұрақтар қоюы, маңызды мәселелерге назар аударуы керек, балалармен ой қорытып және оларға моральдық мәселенің дұрыс шешімін табуға көмектеседі.

3. Білім алушылардың материалды қабылдауының психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың зейінін бақылау және оны азайту кезінде мазмұны бойынша қызықты материалды пайдалану немесе өткір сұрақ қою, музыкалық үзілісті пайдалану, қызмет түрін өзгерту және т.б. қажет.

4. Сынып сағатына жұмсалған уақыт мөлшері сағаттың тақырыбына, оның мақсатына, күтілетін нәтижеге, сынып сағатына қатысушылардың жасына, оны өткізу формасына, сынып ұжымының өмірі мен дамуына байланысты.

5. Сынып сағаты ғибратты үнмен өткізілмеуі керек, сынып жетекшісі сынып сағаты барысында білім алушылардың бастамасын, олардың өз пікірін айтуға, сын айтуға деген ынтасын баспауы керек.

6. Сынып сағаты барлық білім алушыларға қызықты болуы үшін және олардың оны дайындауға қатысуға ниеті болуы үшін балаларға сыныпта жоспарланған барлық сынып сағаттарының тақырыптарын атап шығуға кеңес беріледі. Әр білім алушыға өзіне қызықты болатын сынып сағатын дайындауға және өткізуге қатысу құқығы беріледі.

Сынып жиналысы

Сынып сағатының жиналыс формасы айына бір рет өткізіледі. Бұл формаға білім алушылар мен сынып жетекшісінің бірлескен іс-әрекеті тән. Сынып жиналыстарында білім алушылар қарым-қатынас, демократия, ынтымақтастық, тәуелсіздік және жауапкершілікті үйренеді.

Сынып жиналысы – бұл сынып ұжымындағы өзін-өзі басқарудың ең жоғары органы. Бұл органның мақсаты – ұжымның өмірі, сынып қызметін ұйымдастыруда туындайтын мәселелер туралы талқылау. Сынып жиналысы екі негізгі функцияны орындайды: ынталандыру және ұйымдастыру. Оның жұмысының нәтижесі – ұжымдағы жағымды өзгерістерге бағытталған нақты

шешімдер.

Сынып жиналысы:

- тапсырмаларды бөледі;
- сынып басшысын, білім алушылар ұжымының органдарына өкілдерді сайлайды;
- тапсырмаларды орындау туралы білім алушылардың баяндамаларын тыңдайды және т.б.

Егер қандай да бір мәселелерді дереу талқылау және шешу қажет болса, шұғыл (кезектен тыс) жиналыстар өткізіледі. Мұндай жиналыстарда жұмыс алаңдары бөлінеді, орындау мерзімі мен жауаптылар тағайындалады. Ерекше жағдайларда мұндай жиналыс сынып жетекшісінің, мұғалімдердің немесе мектеп басшылығының өтініші бойынша өткізілуі мүмкін. Сынып жиналыстарының тақырыбы сыныпта туындайтын мәселелерге байланысты. Сынып жиналыстарын жоспарлауды білім алушылардың өздері сынып жетекшісінің басшылығымен өткізеді.

Сынып жетекшісі жиналыста:

- белгілі бір ресми өкілеттіктерге ие жалпы білім беру мекемесінің өкілі ретінде;
- сынып ұжымының мүшесі ретінде, ол өзінің шәкірттерімен жолдас ретінде достық қарым-қатынаста түседі.

Сынып жетекшісінің жиналысқа қатысуы міндетті: ол білім алушылармен бірге шешім қабылдауға/қарсы дауыс беруге және оның орындалуына жеке жауап береді.

Сынып жетекшісі балаларға жиналысты өткізудің демократиялық тәртібін үйретуі керек: сөйлейтін құрбыларын, достарын тыңдай білуге, өздерінің сөйлеуіне, ұжымдық шешімдер әзірлеу және оларды қабылдауға дауыс беру, көпшіліктің еркіне бағыну.

Жиналысты дайындау және өткізу әдістемесі, сынып жетекшісінің білім алушылармен қарым-қатынасының сипаты тәжірибе жинақталуына қарай жылдан жылға өзгеріп отырады.

Егер сынып жетекшісі бірнеше жыл бұрын олардың болашағын ойластырса, сынып жиналыстарын өткізу процесін педагогикалық басқару сәтті болады. 8-9-шы сыныпқа қарай білім алушыларды мұғалімнің көмегімен жиналыстарды өз бетінше ұйымдастыруға және өткізуге үйретеді.

5-сыныпта білім алушыларға сыныпта туындаған мәселелерді талқылау және шешу қажеттілігін қалыптастыру үшін айына бірнеше рет жиналыстар өткізіліледі. Жиналыс ұзақтығы 15-25 минутты қамтиды.

Жиналыстардың қызметі жақсарған сайын сынып жетекшісі оларды жүргізуге сынып басшысын (староста) тартады. Сынып жетекшісі оған күн тәртібіндегі мәселелерді тұжырымдауды, болжамды шешімді құруды және оның орындалуына жауапкершілікті үйретеді.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттерінің бірі – сынып оқушыларын жиналыстарға біртіндеп тарту – осы мақсатта жеке білім алушыларға тапсырмалар беріледі, мысалы, берілген тақырыпта баяндамалар дайындау.

6-сыныпта жиналыстардың қызмет аясы едәуір кеңейеді: сыныптың жалпы мектептік іс-шараларға, спорттық жарыстарға, мектеп бойынша кезекшілікке қатысуы туралы мәселелер талқыланады.

Егер сыныпта пассивті білім алушылар болса, онда сынып жетекшісінен олармен жеке жұмыс жасау қажет: көпшілік алдында сөйлеуге ұялатын білім алушыларға көмектесу, жиналыста осындай білім алушылардың белсенділігін ынталандыру жұмыстары жүргізіледі.

7-ші сыныпқа дейін сынып сағаттарын өткізудің дәстүрлері мен ережелері қалыптасады. Бұл жастағы балалар тәуелсіздікке және өзін-өзі бекітуге ұмтылудың жоғарылауымен сипатталады, сондықтан сынып жетекшісі білім алушылардың максималды белсенділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Сынып жетекшісінің рөлі барған сайын консультативтік сипатқа ие бола бастайды. Сынып жетекшісінің 5-7 сыныптарда сынып жиналыстарын дайындауға және өткізуге жұмсаған күш-жігері жоғары сыныптарда толығымен көрініс береді.

Ситуациялық сынып сағатының технологиясы мен әдістемесі

Жеке тәрбие беру технологиясы мен әдістемесі үшін ситуациялық сынып сағатының формасы қолданылады. Кез-келген адамның өмірі жалпы жағдайлардан тұрады, яғни оның мінез-құлқына әсер ететін және мінез-құлық сипаты, әдеттері, мәдениеті көрініс беретін осындай оқиғалардан, жағдаяттардан, құбылыстардан, фактілерден тұрады. Ұсынылған әдістеме өз тәжірибесінен үйрену немесе болашаққа мінез-құлық стратегиясын жасау үшін «жағдаяттан, оқиғалардан кейінгі» жағдайларда өз мінез-құлқын талдауға мүмкіндік береді.

Әдістеме тақырыптық сынып сағаттарын дербес құрастыру үшін әзірленген. (педагог, ғалым Н. П. Капустин.)

<i>Сынып сағатының технологиясы</i>	<i>Сынып сағатының әдістемесі</i>
Білім алушыларды шеңберге орналастыру. Ақпарат (3 мин).	Алдыңғы және өткен тоқсандағы (жылдағы) оқу (үлгерім) деңгейлерінің салыстырмалы кестесін көрсету
«Менің ұстанымым» ұсыну, «Мен-ұстанымым» себебі (7 мин.)	Білім алушылар шеңбер бойынша сұрақтарға жауап береді: 1. Сіз өз нәтижелеріңізге қанағаттанасыз ба, не себепті? 2. Әркімнің жақсы оқуы үшін не кедергі? 3. Оқуда сізге не көмектесе алады?
«Менің-ұстанымым» және қоғамдық маңызы бар норма. 4-6 адамнан тұратын топтарда білім алушылардың жұмысы (бір топта өз нәтижелеріне қатысты түрлі ұстанымдары бар білім алушылар) (7 мин.)	Топтарға сұрақтарға жауап беру үшін тапсырма беріледі (тақтаға жазылады): 1. Өмірде оқудың екі көзқарасы бар: <i>оқу керек, оқымай-ақ қоюға болады</i> . Өз көзқарасыңызды таңдап, оны дәлелденіз. 2. Жақсы оқуға кедергі келтіретін 2-3 негізгі себептерді көрсетіңіз. 3. Көрсетілген себептерді жою үшін не істеу керек?

Дискуссия (10 мин.)	Әр топ әр мәселе бойынша өз көзқарастарын айтады, содан кейін талқыланатын мәселелер туралы басқа да көзқарастар талқыланады
Рефлексия (5 мин.) білім алушылар шеңбер бойынша 1-ші сұраққа, 2-ші сұраққа жауап береді. 3-ші-тілек білдірушілер жалғаса береді	1. Осы талқылауда сіз не пайдалы деп санайсыз және не үшін пайдалы болды? 2. Не ұнады, не себепті? 3. Не ұнамады, не себепті?
Еркін таңдау. Сынып жетекшісінің сөзі (2-3 мин.)	Педагогтің қорытынды сөзі: әрқайсыңыз оқу нәтижесін жақсартқыңыз келеді. Бұл шынайы және жақсы тілек. Бірақ бұл мәселені шешу күрделі, сондықтан сіз жаңа тоқсанда жұмыс істей аласыз, сіз осы жерде айтылған кеңестерді пайдалана аласыз. Бұл жағдайда, менің ойымша, сіз алғыңыз келетін нәтижелер бар. Бір айдан кейін біз аралық нәтижелерді талқылауға ораламыз және сіз не істегеніңізді көреміз. Сынып сағаты аяқталды
Мотивация – білім алушының жағымды мінез-құлыққа ынталандыру	Сынып сағатында өз мінез-құлқымен бір нәрсені түзетуге сөз берген білім алушыларға көңіл бөлу, көмек және қамқорлық көрсету
Мониторинг – білім алушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылау	Бақылау

Ситуациялық сынып сағатының технологиясы келесі компоненттерді қамтиды:

1. Тақырыбы.
2. Мақсаты (эмпирикалық материалды алдын-ала жинау).
3. Ақпарат (алдын ала дайындық материалдары бойынша).
4. «Менің ұстанымым» және оның себептері (шеңбер бойындағы білім алушылар).
5. «Менің-ұстанымым» және қоғамдық маңызы бар норма.
6. Пікірталас.
7. Рефлексия (сұраққа жауаптар: не өзгерді?).
8. Еркін таңдау.
9. Мотивация.
10. Нақты нәтиже.

Соңғы екі компонент ситуациялық сынып сағатынан тыс.

Әдетте сынып жетекшілері стандартты түрде қорытындылайды: үздік оқитын білім алушылардың саны, сабақтан бір 3-тік бағасы бар жақсы оқитындар, содан кейін қалғандары туралы хабарлайды. Кейбіреулер мадақталады, басқалары сынға түседі, білім деңгейіне әсер ететін типтік себептер туралы айтады, нәтижені жақсарту үшін не істеу керек деп кеңес береді. Бұл ретте білім алушылардың өзін-өзі талдауы, қабылданған шешімдердің, жауапкершілікпен ұғынуы, сәтсіздіктер мен қателіктер. Мұның бәрі жоғарыдан дайын түрінде беріледі. Жеке рефлексивті тәрбие беру

технологиясы мен әдістемесі осы негізгі педагогикалық кемшілікті жояды [6].

Жапония мемлекеті

Жапонияда мектеп өмірі әрбір білім алушының жеке тұлғасын жақсы дамытуға толық мүмкіндік беретін орта.

Білім алушылардың мәнді, қызықты және толыққанды өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалады. Білім алушыларға тәрбие беру мәселесі мектептің оқу мақсаттарының негізгі құрамдас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады.

Әр баланың өсуін ынталандыру және қазір және болашақта өзін-өзі жүзеге асыруға қол жеткізу үшін өзін-өзі оқыту мүмкіндігін дамыту және күнделікті мектеп өмірінде өзін-өзі тану, өзін-өзі таңдау, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру мәселелері алдыңғы орынға қойылады. Негізінен білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. Тәрбие бағыттары ата-ана тәрбиесімен тығыз байланыстырады [7].

Білім алушының алдындағы кедергілерді өзі жеңіп, шешім шығаруына немесе таңдауына мүмкіндік береді. Мектеп өмірінің барлық тәрбие процесінде оқу процесін қоса алғанда, өзін-өзі бағдарлау дағдыларын дамыту қажеттілігін басты назарда ұстайды. Бұлар кездесулер, сыныпта, сыныптан тыс бос уақытты ұйымдастыратын іс-шаралар, мектептен кейін, клубтық іс-шаралар, қоғамдық іс-шаралар және т.б.

Проблемалық мінез-құлық сияқты дереу мәселеге жауап беру үшін нұсқаулық жүргізіледі. Білім алушыларды өзін-өзі бағдарлауына тәрбиелейді.

Әр мектеп кезеңінде, әр сыныпта және әр жаста қалыптасатын руханият пен әлеуметтілік дәрежесі қалыптасқан.

Сонымен қатар балалардың бір-бірін түсінуін тереңдету мақсатында іс-шараларда бір-біріне кеңес беру арқылы білім алушылар қабілеті, қызығушылықтары мен бейімділіктерін, қарым-қатынас пен өзіндік өсуін дамыта алады. Сыныпта сынып жетекшілерімен қарым-қатынасты жан-жақты баланың ішкі әлемін эмпатикалық түсіну арқылы білім алушының түсінігін тереңдету маңызды.

Жоғарғы сыныпта білім алушылардың болашақ бағытын дұрыс таңдауы және анықтау қабілетін дамыту үшін мектепте біртұтас жүйе ұйымдастырылған. Бұл жүйелі түрде жүргізілетін оқу-тәрбие қызметі. Соңғы жылдары кәсіптік білім беруді ілгерілету шеңберінде жүргізіледі [8].

Ұлыбритания мемлекеті мектептерінде арнайы сынып сағаттарының орнына құндылық сабақтары оқу бағдарламасымен бірге жүзеге асырылады. мектептерде жеке әлеуметтік және адамгершілік тәрбие бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарламаның мақсаты мінез-құлық пен адамгершілікке тәрбиелеу бойынша оқу бағдарламасына негізделе отырып, әр білім алушының адал, шыдамды, көңілді және табанды тұлға ретінде дамуына бағытталған. Жеке тұлғалық даму барысында, нағыз азамат – бұл қоғамның игілігі мен жағдайды жақсартуға белсенді қатысудан басқа, өзіне қамқорлық жасайтын адам ретінде тәрбиеленеді [9].

Сонымен қатар, білім алушыларды мәдениетке баулу маңызды. Мәдениет қоғамның ажырамас бөлігі ретінде және бұл бағдарлама білім алушыларға кім

екенін анықтауға көмектесетін дәстүрлер мен рәміздерді бейнелейтін жалпы адамзат мәдениетін ерекше орынға қояды.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне жеке, әлеуметтік және адамгершілік тәрбиесін сыныптағы тәрбие жұмысында басты орынға қоюға мүмкіндік береді. Ұлттық оқу бағдарламасында жеке, әлеуметтік және моральдық құндылықтарды дамытуға қатысатын балалар мен ересектерге ашықтық, ынталандыру, сезімталдық және құрмет құндылықтарын атап көрсетеді.

Арнайы сынып сағаттарының орнына құндылық сабақтары оқу бағдарламасымен бірге жүзеге асырылады[10].

Түркия мемлекетінде бастауыш сыныпта (Hayat Bilgisi) «Өмірді тану» сабағы аптасына 4 рет пән ретінде өтеді. Сабақ мазмұны балаларға өмірді тануға, қоршаған ортамен таныстыру, мектепте, отбасында, көшеде өзін-өзі ұстауы, қоғамдық ережелер мен әдет-ғұрыптар, мәдениет пен тұлғалық құндылықтарды бойына сіңіруге тәрбиелейді.

Бұл пәнде берілетін бөлімдер атауы, ол бірнеше тақырыптардан және жаттығулар мен тапсырмалардан тұрады.

- ✓ Мектептегі өміріміз (Okulda hayatımız);
- ✓ Өзін-өзі тану. Мен өзімді білемін (Kendimi tanırım);
- ✓ Менің мектебім мен сыныбым (Okulum ve sınıfım);
- ✓ Мектептегі дұрыс әрекет (okulda doğru davranışlar);
- ✓ Сүйікті мектебім (En sevgili okulum);
- ✓ Мен мектеп ресурстарын тиімді пайдаланамын (Okul kaynaklarımı etkin bir şekilde kullanıyorum);
- ✓ Отбасындағы өмір (Aile hayatı);
- ✓ Салауатты өмір (Sağlıklı hayat);
- ✓ Біздің еліміздегі өмір (Ülkemizde hayat);
- ✓ Қауіпсіз өмір (Güvenli hayat);
- ✓ Біздің еліміздегі өмір (Ülkemizde hayat);
- ✓ Табиғаттағы өмір (Doğada hayat);

Түркия мектептеріндегі орта буын 5-8 сыныптарда «Қоғамдық пәндер» (sosyal çalışmalar) пәні білім алушыларды арнайы тәрбиеге баулиды. Пән мазмұнына білім алушылардың қоғамдағы орны, әлеуметтік ортада өзін қалай ұстау керек және қоғамның негізгі ережелері мен талаптарын бойына сіңіретін деректі мысалдар мен әңгімелер, жаттығулар мен тапсырмалар қамтылған. Пән сабағында қамтылатын тәрбие мазмұны:

- ✓ Қоғам ішіндегі мен (toplum içinde ben);
- ✓ Менің елім, менің мәдениетім және менің тарихым (Ülkem,kültürüm ve tarihim);
- ✓ Біз қайда тұрамыз (Nerede yaşıyoruz);
- ✓ Өндірістен тұтынуға дейін (Üretimden tüketime);
- ✓ Технология және өмір (Teknoloji ve yaşam);
- ✓ Біз қоғам үшін жұмыс істейміз (Toplum için çalışıyoruz);
- ✓ Жаһандық өзара әрекеттесу (Küresel etkileşim);
- ✓ Құран және менің мінез-құлқым (Kur'an ve davranışlarım).

Түркия мектептерінде «Құндылықтар білімі», құндылықтарды оқыту» тәрбие бағдарламасында (Değerler eğitimi) пән ретінде білім алушылардың бойына құндылықтар жүйесін сіңіру мәселесі көтеріледі [11].

Құндылықтар әлеуметтік құрылымды жүйелі және сау қалыптастыру және сақтау үшін өте маңызды. Қоғамды құрайтын барлық адамдардың ортақ және жағымды құндылықтары осы қоғамның даму деңгейіне және әлеуметтік құрылымның дұрыс жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді. Қоғамның осы идеалды және дұрыс құндылықтарға ие болуы оған тарихта берік орын алуға және табысты ұрпақтарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Өйткені, тек жазбаша және заңды ережелермен бейбіт қоғамды ешқандай моральдық құндылықсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан Түркия мектептерінде білім беру жүйесі идеалды қоғамды қалыптастыру үшін әмбебап және мәдени құндылықтарды жеке тұлғаларға беруде өте маңызды рөл атқарады.

«Құндылықтарды оқыту дегеніміз не?» және Құндылықтарды қалай оқыту керек?», Қандай құндылықты береміз? Оның мәні неде? деген сұрақтардың жауабы қарастырылады. Түркияда балалар мен жастарды іскерлік өмірге, сондай-ақ қоғамдық өмірге дайындайтын мектептер білім алушылардың моральдық дамуына ықпал ететін және олардың мінезінің берік қалыптасуын қамтамасыз ететін құндылықтардың берілуіне жауап береді. Балалардың қолданыстағы әлеуметтік және әмбебап құндылықтарды қабылдау және дамыту қабілеті көптеген мектептерде құндылықтарды тәрбиелеу іс-шаралары мен құндылықтарды тәрбиелеу жобаларының мысалдары арқылы жүзеге асырылады.

Құндылық ұғымы – біз ерте жастан үйренген және оның мағынасын жақсы білеміз деп санайтын тұжырымдама. Бірақ адамдардың көпшілігі: «Мәні неде?» деген сұраққа оңай жауап бере алмайды. Құндылықтарды оқыту аясында қолданылатын құндылық ұғымын «қоғамдық өмірді реттейтін қоғамды құрайтын адамдардың басым көпшілігі қабылдаған және қабылданған сенімдер, сезімдер мен ойлар» деп анықтауға болады. Құндылықтар қоғамның дұрыс жұмыс істеуі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылдаған барлық сенімдер мен ойларды қамтиды. Негізгі моральдық қағидат деп саналатын бұл құндылықтар адамдардың көзқарастары мен мінез-құлқын әлеуметтік бағалаудың өлшемдері болып саналады. Сенім, құрмет, жанашырлық, мейірімділік, ізгілік сияқты ұғымдар барлығы қоғамдағы ортақ құндылықтардың бірі. Құндылықтардың ішіндегі ең маңыздысы – бұл құндылықтар зерттеуге болатын ұғымдар. Әлеуметтік құндылықтар алдымен, әрине, отбасында қалыптасып, зерттеледі. Қоршаған орта құндылықтарды түсіну мен қабылдаудың маңызды факторларының бірі ретінде де белгілі [12].

Құндылықтарды оқыту дегеніміз не? Барлық қоғамдардағы, ең алдымен дамыған және дамушы қоғамдардағы білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – адамдарға осы қоғам қабылдаған құндылықтарды дұрыс жеткізу. Қоғамды құрайтын адамдардың қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі – бастауыш кезең. Бастауыш білім беру функцияларының бірі – қоғам қабылдаған және қабылданған құндылықтарды, қоғамның жас мүшелерін

қабылдау мүмкіндігі. Әрине, жас балалар көбінесе моральдық ұғымдарды қабылдаудың ақыл-ой қабілетіне ие емес, бірақ бастапқы және мектепке дейінгі жаста бұл моральдық ұғымдарды алдағы жылдармен салыстырғанда жеткізу оңайырақ. Сонымен, көптеген елдерде қолданылатын құндылықтарды оқыту білім алушылардың осы құндылықтарды тануы үшін өте маңызды.

«Құндылық білімі дегеніміз не?» «Құндылықтар білімі қандай білім?» бұл мәселені де толық ашып зерттейді. Құндылықтарды оқыту іс жүзінде білім алушыларға барлық адами құндылықтар жан-жақты тәрбиелеуде мінезді тәрбиелеудің бір түрі ретінде сипатталуы мүмкін. Құндылықтарды қалыптастыру Біріккен Ұлттар Ұйымы дайындаған арнайы білім беру бағдарламасына да қатысты. ЮНЕСКО білім, ғылым және мәдениетті дамыту бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы дайындаған «Жақсы әлем құру үшін құндылықтарымызды бөлісейік» жобасы әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Түркияда да жүзеге асырылуда. Бұл халықаралық білім беру жобасы негізінен 12 әмбебап құндылықтарға бағытталған:

Махаббат,
Құрмет,
Жауапкершілік,
Төзімділік,
Бостандық,
Бақыт,
Бейбітшілік,
Адалдық,
Ынтымақтастық,
Кішіпейілділік,
Қарапайымдылық,
Үнемділік.

Осының негізінде білім алушыларға: «Өзіңді және басқаларды құрметте», «Кішіпейіл бол», «Өзгелердің құқықтары мен бостандықтарын құрметте», «Адал адам болудың маңыздылығы», «Аналитикалық ойлау қабілеті»,

«Шығармашылық және сыни ойлау», «Ынтымақтастық», «Табиғатты және қоршаған ортаны қорға», «Табиғатты таза ұста» т.б тақырыптарда тәрбие сабақтары өтіледі.

Құндылықтарға қалай үйрету керек? Құндылықтарды тәрбиелеу балалар мен жастардың салауатты қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту мақсатында жоғары маңызға ие. Осы білім беру бағдарламасын дұрыс жүзеге асырудың арқасында білім алушылар сабақта өздерінің қабілеттерін көрсетуде де, бір-бірімен қарым-қатынаста абай болуды да жақсы меңгереді. Нәтижесінде, білім берудің негізгі мақсаты ерте жастан бастап балалар үшін әмбебап құндылықтарды қабылдау екенін барлығы жақсы түсінеді. Бұл білім беру бағдарламасының толеранттылық пен көмек сияқты негізгі құндылықтарды бағдарламаның мазмұны ретінде қабылдауы қоғамды қолдайтын құндылықтардың әлдеқайда жақсы қабылдануын қамтамасыз етеді.

Құндылықтарды оқытудың негізгі мақсаттары: - қоғамды тиісті сипаттағы адамдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі, қоғам мен елдің негізгі құндылықтарын бекіту,

- білім алушылардың әлеуметтік және танымдық даму деңгейіне сәйкес
- негізгі құндылықтарды үйренуін қамтамасыз ету,
- білім алушылардың қарым-қатынасы мен мінез-құлқындағы осы

негізгі

- құндылықтарды салауатты түрде көрсету
- бұл құндылықтарды отбасымен және қоршаған ортамен нығайту.

Сонымен, қоғамның болашағын анықтайтын ұрпақтардың құндылықтарын қалай тәрбиелеу керек? деген мәселеде Түркия мектептерінде құндылықтарды оқыту бағдарламасы негізінен үш салада қарастырылады:

- сыныптағы іс-шаралар
- мектепшілік іс-шаралар
- отбасы арналған іс-шаралар.

Бұл құндылықтарды оқыту шаралары бір-бірін толықтыратындай етіп шешіледі. Іс-шараларды өткізу қажет құндылықтар мәселелері жөніндегі білім беру комиссиясының құрамына әр түрлі саланың оқытушылары, тәлімгерлер, сынып жетекшілері, директорлар, директордың көмекшілері және мектеп отбасы одағының мүшелері кіреді. Комиссия Білім министрлігі дайындаған құндылықтарды тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды және іс-шаралар жоспарын мысал ретінде қабылдай отырып, іс-шаралар жоспарын қалыптастырады. Әрбір сынып пен балалар тобы үшін іс-шаралар айқындалады. Бұл іс-шаралар сынып жетекшісінің басшылығымен және бақылауымен жүргізіледі. Құндылықтарды үйрену кезінде ең тиімді болуы мүмкін әдістерді келесідей сұрыптауға болады:

- пікірсайыс және пікірталас
- топтық жұмыс
- шығармашылық драма
- зерттеу топтары
- білімге бағытталған ойындар [13].

Топтық жұмысқа негізделген құндылықтарды оқыту іс-шаралары білім алушылардың оларды қабылдауға бағытталған әмбебап құндылықтарды интерактивті қабылдауын қамтамасыз етеді. Көркемдік белсенділікпен нығайтылған бұл білім әртүрлі қызығушылықтары бар балаларда әлдеқайда тиімді. Іс-шара барысында махаббат, жауапкершілік, құрмет, төзімділік, сезімталдық, өзіне деген сенімділік, жанашырлық, әділ болу, батылдық, көшбасшылық, мейірімді болу, достық, көмек, ынтымақтастық, тазалық, әділдік, адалдық, отбасылық одаққа қамқорлық, өз бетінше және еркін ойлау қабілеті, оптимизм, эстетикалық сезімдерді дамыту, қонақжайлылық, патриотизм, мейірімділік іс, еңбекқорлық, жанашырлық, сәлемдесу, кішіпейілділік, мәдени мұраға ие болу, жанқиярлық т.б. құндылықтарды білім алушының бойына сіңіреді.

АҚШ-та құндылықтарды қалай оқытамыз деген талдаудан кейін «Азаматтық құқық негіздері» арқылы құндылыққа тәрбиелеу мәселесін

көтереді. Азаматтыққа жауап беретін негізгі түйіні, кілті жалпы адамзаттың, жалпы елдің мүдделерін қорғайтын осы құндылықтар деп шешеді. Азамат деген не? Азаматтық қоғам деген не? Цивилизация дегенді қалай түсінеміз Адам жеке басынан бұрын көпшілікпен ұйымдасқан тіршілікте өзін көрсете алады. Ұжымдағы әрекеті нағыз азаматтық, көпшілік үшін дұрыс әрекет ету деп түсіндіріледі[14].

Саналы ұйымдасқан түрдегі ұжымдық, қоғамдық сапалы мінез-құлқың, жүріс-тұрысың, саналы ойың, ұжым үшін, ұжымның мүддесі үшін болуы керек. Қоғам, Ұлт, Ұлыс, Ел деген не? Осы Өз ұлты , қоғамы, елі үшін қызмет ету. Қоғам ол отбасы, мектеп, топ, университет, жұмыс орның т.б.

Сен жай ғана қоғамда дүниеге келіп қана қоймайсың, сол ұжымда өсіп өнесің. Мектепте білім алушыларды қоғамдасуға, (цивилизацияға жетелеу деген) ұйымдасуға, ел болуға, жұрт болуға, ұлт болуға жетелейтін құндылықтарды қарастырады [15].

Сонымен қатар АҚШ-та тұлғалану процесіне ерекше мән береді. Адам дамыған сайын тұлғалану процесі дұрыс жүреді де, ақыл-ой санасы тұтастанады, рух тұтастанып, бойына жиналады да адам рухани киелі адамға айналады деп білім алушылардың санасына жастайынан әсер етуге тырысады.

2. СЫНЫП САҒАТТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ: МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ

Сынып сағатын өткізудің педагогикалық негіздері.

Әр сынып жетекшісінің алдында сынып сағаттарын жоспарлау және жүзеге асыру міндеті тұр. Сынып сағатындағы қарым-қатынас – педагог пен сыныптың бірлескен қызметі тәрбие процесінің маңызды бөлігі, өйткені онда бала әлеуметтік нормалар мен ережелерге бейімделеді.

Сынып сағаты дегеніміз не?

Сынып сағаты – бұл сыныптан тыс тәрбие жұмысының жүйелі түрі, ол сынып ұжымын және оның әр қатысушысын жеке-жеке қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Қызметтің бұл түрі әлеуметтік бағытқа ие, өйткені оның мақсаты балаларды қоғамдық, саяси және экономикалық өмірде бағдарлауға үйрету. *Сынып сағатының мақсатынан міндеттер туындайды:*

- білім алушылардың ой-өрісін кеңейту;
- белсенді азаматтық, адамгершілік-құқықтық ұстанымдарын қалыптастыру;
- қоғамдық өмірге деген қызығушылықты дамыту;
- ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- коммуникативті қасиеттер мен өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту;
- қоғамдық маңызды тақырыптар негізінде адамгершілік қасиеттер мен құндылық бағдарларын дамыту.

Сынып сағатының мазмұны мерекелік күндермен, маңызды тарихи немесе өзекті оқиғалармен, ғылым, мәдениет, спорт, экология немесе экономика жаңалықтарымен, ұлы тұлғалармен кездесумен және т.б. байланысты болуы мүмкін.

Сынып сағатын жоспарлау және өткізу

Жоспарлау кезеңінде педагог тәрбие жұмысының тақырыптарын, мақсаттарын, міндеттерін, оның формалары мен әдістерін анықтайды.

1. *Тақырып.* Тақырыпты таңдағанда білім алушылар мен олардың ата-аналарын тарту ұсынылады. Қызығушылықты диагностикалау үшін білім алушылар мен ата-аналардан сауалнама, блиц-сауалнамалар, шығармаларды талдау жүргізіледі. Жеткілікті ақпарат жинағаннан кейін кесте жасау керек. Көлденең қатарға тәрбие жұмысының дәстүрлі бағыттары, тігінен – білім алушылардың мүдделері орналастырылады. Осылайша олардың қиылысында сынып сағаттарының мүмкін нұсқаларын таңдап алуға болады.

2. *Мақсаттары мен міндеттері.* Дайындық барысында екі мақсат анықталады. Олардың бірі – педагогикалық, және бұл ең алдымен педагог үшін маңызды. Екінші мақсат мектеп ұжымына жарияланады. Балалар іс-шараның не үшін өткізілетінін және олардың әрқайсысы үшін қандай мағынасы бар екенін білуі керек.

3. *Өткізу формасы.* Ең алдымен білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты.

Бұл мәселеге, әсіресе бастауыш сыныптармен жұмыс жасау кезінде жіті қарау керек, өйткені олардың жеке күнделікті тәжірибесімен байланысты емес тақырыптар төмен қызығушылық тудырады. Ол үшін білім алушыларды белсенді түрде қатыстыратын және көрнекі, ойын түрінде ақпарат беретін сынып сағаттары ұсынылады [16].

Өткізудің ықтимал формалары

Әңгіме. Естелік күн немесе жақында болған оқиғаға байланысты педагог пен сыныптың белгілі бір тақырыптағы диалог.

Әңгіме-эстафета. Білім алушылар бір немесе бірнеше тақырыпқа шағын хабарламалар дайындап, оларды кезекпен айтып, бір-біріне эстафетаны тапсырады. «Эстафета таяқшасы» ретінде тақырыптық белгілер, заттар пайдаланылуы мүмкін. Осылайша балалар өз білімдерімен, қызығушылықтарымен бөлісіп, оқиғаларға қатысты пікірлерін білдіре алады.

Ақпараттық мәлімет. Аптаның соңында әр білім алушы маңызды оқиға туралы қысқаша хабарлама дайындайды.

Шығармашылық байқау. Білім алушылар қабырға газеттерін, плакаттар, суреттер, презентациялар және т.б. дайындайды.

Баспасөз конференциясы немесе ток-шоу. Көрермендер, бағдарлама кейіпкерлері, баспасөз өкілдері және т.б. киім ауыстыру арқылы білім алушылардың мәселені талқылайтын рөлдік ойындар түрі.

Ұлы тұлғалармен кездесу. Дайындық кезінде білім алушылар сұрақтар қояды, шақырулар дайындайды, қонақтар үшін тосын сыйлар жасайды.

Ойын-саяхат немесе экскурсия. Білім алушыларға маршрутты өз бетінше таңдауға, бағыттаушы, жазушы немесе ғалым рөлдеріне еніп көруге, материал дайындауға кеңес беріледі.

Сценарий жоспары жасалғаннан кейін балаларды іс-шараны дайындауға қатыстыру. Бұл ақпаратты, көрнекі материалдарды, бейне және аудио файлдарды іздеу, костюмдер мен әшекейлер жасау, аудитория жабдықтары болуы мүмкін. Маңыздысы барлық білім алушыларды жұмылдыру, бірлескен қызмет – тәрбиелеу тәсілі.

Сынып сағатын өткізу

Бастапқы кезеңде барлық қатысушылардың белсенді қатысуы үшін дұрыс психологиялық атмосфераны құру маңызды. Бұл педагогтің кіріспе сөзі, болуы мүмкін.

Сынып сағатын мүмкіндігінше нәтижелі ету үшін бірнеше шарттарды сақтау қажет:

- әр білім алушы ашыла алатындай сенімді атмосфераны құру
- іс-шара жоспарын нақты орындау. Әрқашан ауытқулар болады, бірақ туындаған сұрақтарды жазып, келесі жұмыста қалыпқа келтірген дұрыс
- ережелерді қатаң сақтау. Бұл педагогтің жұмысын жеңілдетеді және сыныпты тәртіпке келтіреді.

Сынып сағатының соңында қорытындылау: білім алушылар не білді, олардың көзқарастары мен пікірлерінде қандай да бір өзгерістер болды ма, өздері үшін қандай тұжырымдар жасады.

Тақырыптық сынып сағаты. Тақырыптық сынып сағатының негізгі компоненттері

Тақырыптық сынып сағатының негізгі компоненттері:

- 1) тақырып;
- 2) мақсаттары;
- 3) мазмұны;
- 4) ұйымдастыру;
- 5) нәтижелерді бағалау.

Тақырыпты анықтау

Ең алдымен, сынып жетекшісі сынып сағаттарының тақырыптарын анықтауы керек. Бұл жағдайда білім алушылардың өз пікірлерін ескерген жөн. Бұл мәселені талқылап, оны білім алушылармен бірге шешіп, ата-аналарымен кеңескен дұрыс. Бүкіл оқу жылына тақырыптық сынып сағаттарының жоспарын жасауға болады [17].

Жоспарлау кезінде педагог білім алушыларға өздері үшін қызықты тақырыптармен толықтыра алатын тақырыптардың белгілі бір тізімін таңдауға мүмкіндік береді. Содан кейін сауалнама жүргізіліп, білім алушылардың жауаптарында жиі қайталанатын тақырыптар таңдалады. Олар жылдық жоспарға енгізілген.

Кейбір тақырыптар мазмұны кең болуы мүмкін, олар тәрбие бағдарламасында кезең-кезеңмен көрсетілуі мүмкін. Мұндай тақырыптар бірнеше сынып сағаттарында ашылады. Мұның бәрі қарым-қатынасты жоспарлау кезінде ескерілуі керек.

Сынып сағаттарының тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін. Олар қарастырылуы мүмкін:

1) Адамгершілік және этикалық мәселелер (білім алушыларға қоғамға, ұжымға, өзіне, табиғатқа, ата-аналарға, Отанға, еңбекке және т.б. белгілі бір көзқарасты тәрбиелеуге мүмкіндік береді);

2) Эстетикалық мәселелер (әсемдік сезімі, сыртқы келбетінде, мінез-кұлқында, тұрмысында, өнерінде, еңбегінде, қоршаған ортаға қатынасында үйлесімділікке ұмтылу тәрбиеленеді, шығармашылық дамиды);

3) Ғылым, таным (білім алушылардың таным процесіне, атап айтқанда рухани даму тәсілі ретінде оқуға дұрыс қатынасы тәрбиеленеді);

4) Саяси аспектілер (елде болып жатқан нақты саяси оқиғалармен байланысты, Отан алдындағы жауапкершілікті, оның әлемдік аренадағы жетістіктері үшін тәжірибені тәрбиелейді, мемлекеттік саясатты түсінуге үйретеді);

5) Денсаулық және гигиена мәселелері (білім алушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйретеді, зиянды әдеттердің зиянды әсерінен сақтандырады);

6) Психологиялық мәселелер (білім алушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге, жанжалдарды шешуге, қарым-қатынас орнатуға үйретеді);

7) Экологиялық проблемалар (білім алушыларды қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қамқорлық жасауға, табиғатқа

жауапкершілікпен қарауға үйрету);

8) Жалпы мектепшілік тақырыптар (қоғамдық оқиғаларға, мерекелерге орайластырылады).

Сынып жетекшісіне көмек

Сынып сағатын дайындау және өткізу бойынша тәрбие процесін ұтымды және сауатты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін *алгоритм элементтері*:

- тақырыпты, мақсаттар мен міндеттерді анықтау. Өткізу формасы мен атауын таңдау.

Алдын-ала дайындық:

- тақырып бойынша тиісті материалдарды, көрнекі құралдарды, музыкалық дизайнды және т. б. таңдау;

- сынып сағатының жоспарын құру;

- сынып сағатына алдын-ала дайындалу үшін білім алушыларға үй тапсырмасын беру;

- сынып сағатына басқа педагогтердің немесе ата-аналардың қатысуының орындылық дәрежесін анықтау.

- іс-шараны өткізу.

Педагогикалық талдау екі деңгейде жүргізіледі:

- білім алушылармен бірге болашақта өнімді қызметті жобалаудың пәндік нәтижесінің табыстылығын талқылау;

– педагогикалық талдау.

Құрылымдық жағынан сынып сағаты үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім

Кіріспе бөлімнің мақсаты – білім алушылардың назарын аудару, әңгіме тақырыбына байыпты және құрметпен қарауды қамтамасыз ету, талқыланатын мәселенің адам өміріндегі, өндірістегі, қоғам мен ғылымның дамуындағы орны мен маңыздылығын анықтау

Негізгі бөлімнің мақсаттары – сынып сағатының тәрбиелік міндеттерімен айқындалады.

Қорытынды бөлім – білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілігін, олардың сынып жұмысына өзгерістер енгізуге деген ынтасын ынталандыру маңызды.

Сынып сағатына жұмсалған уақыт мөлшері сағаттың тақырыбына, оның мақсатына, күтілетін нәтижеге, сынып сағатына қатысушылардың жас ерекшелігіне, оны өткізу формасына, сынып ұжымының өмірі мен дамуына байланысты.

Сынып сағаты барлық білім алушыға қызықты болуы үшін және олардың оны дайындауға қатысуға ниеті болуы үшін білім алушыларға сыныпта жоспарланған барлық сынып сағаттарының тақырыптарын атауға кеңес беріледі. Әр білім алушыға осы сынып сағатын дайындауға және өткізуге қатысу құқығы беріледі, ол білім алушының қызығушылығын арттырады.

Бастауыш сыныптарда сынып сағатын дайындау кезінде білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Олардың зейінінің шоғырлануы баяу, 5-7 минуттан аспайтын жұмысты өнімді істей алады. Есте

сақтауын дамыту үшін қызмет түрлері жиі өзгеріп және сынып сағаты 30 минуттан аспауы керек. Көрнекілік, білім алушылар үшін қызықты, күтпеген сәттер болуы маңызды.

Педагог сынып сағатын өткізу кезінде өзіне тым талапшыл, ресми дауыс ырғағында сөйлеуге жол бермеуі тиіс. Мұндай көзқарас тек білім алушылардың өз пікірлерін білдіруге деген ынтасы мен тілегін басады. Сынып жетекшісі білім алушыларға еркіндік бере білуі тиіс.

Сынып сағаттары кезінде сыныпта жайлы психологиялық микроклимат жасай білу өте маңызды.

Сыныпта белгілі бір қарым-қатынас ережелерін ұсынуға болады. Мысалы, мыналар:

- 1) бір-біріне деген құрмет көрсету;
- 2) басқаның пікіріне ықыласпен және құрметпен қарауға міндетті;
- 3) егер біреу сөйлесе, ол өз ойын аяқтағанша оны ешкім үзбейді;
- 4) егер біреу сөйлегісі келсе, қолын көтеріп, рұқсат сұрап сөйлеуі керек

және т.б.

Педагог осындай мінез-құлық, тәртіп ережелерін білім алушыларға бірлесіп, өздері орындауларына ұсыныс жасауына болады. Олардың ережелерді жасауға қатысуы білім алушыларды осы ережелерді орындауда тәртіпті болуға жетелейді.

Сынып сағатын өткізер алдында білім алушыларды психологиялық тұрғыдан дайындап, оларды берілген тақырып бойынша байыпты әңгімеге бейімдеу ұсынылады.

Тақырыптық сынып сағатының мақсаттарын қою

Мақсаттарды анықтау кезінде сынып жетекшісі ең алдымен білім алушылардың бірегейлігін ескере отырып, олардың жеке даму мүмкіндіктерін басшылыққа алуы керек. Сынып сағатының мақсаты мен тақырыбына сәйкес педагог сынып сағатын өткізу әдістерін тандайды.

Тақырыптық сынып сағатының мазмұны

Сынып сағатының осы аспектісін қарастыра отырып, педагог білім алушылардың өзін-өзі тануын және оларды жеке тұлға ретінде бекіту мүмкіндіктерін ескеруі керек. Осыған сәйкес сыныптан тыс қарым-қатынас үшін материал таңдалады.

Материалмен жұмыс жасай отырып, педагог негізгі ойларды анықтайды және қарым-қатынас жоспарын жасайды. Жоспарланған сынып сағатының қысқаша мазмұнын жазу жеткілікті.

Жарнама

Сынып сағатының материалдары білім алушылардың назарын қойылған мақсаттарға сәйкес, үйрену керек нәрсеге үнемі аудару мақсатында болуы керек. Сынып сағатының мазмұны сынып жетекшісінің білім алушыларға не үйретуі керектігі шебер суреттеуі тиіс.

Материалды ұсынудың тиімділігі сынып жетекшісінің өзінің практикалық дайындығына байланысты. Мұндай дайындық дауыс ырғы жаттығулары, қол мен дене қимылдарын, бет-әлпетін қамтиды. Материал

жанды болуы керек. Сынып жетекшісінің кібіртіктеп, бөгеліп қалуы білім алушылардың зерігуін тудырады. Білім алушылар сынып жетекшісінің белсенділігінен тақырыпқа және ұсынылған материалдарға қызығушылықтарын оятатындай болуы керек.

Егер сынып сағаты кезінде әйгілі адамдардың дәйексөздерін қолдану керек болса, оларды толығымен бөлек параққа жазған дұрыс. Күрделі сөздерді тақтаға немесе бөлек параққа үлкен әріптермен жазуға болады.

Сынып сағатын өткізу кезінде педагог материалды ұсынуда көңілінің барлығын соған аударып қана қоймай, білім алушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасқа қатысуын бақылау қажет. Білім алушыларды қызықтыруға тырысып, олардың назарын бір нәрсеге шоғырландыра білу керек.

Сондай-ақ, білім алушылардың өздері түрлі іс-шараларға қатысуды ұнататындығын ескеру қажет, сондықтан олар түрлі конкурстарға, викториналарға, жарыстарға, көріністерге, мерекелерге және т.б. қызығушылықтарын арттыру маңызды.

Сынып сағаты білім алушылардың көңіл көтеруіне емес, олардың рухани дамуына арналғандығын есте ұстаған жөн.

Сынып сағатын ұйымдастыру

Сынып жетекшісі сынып сағатын толық ұйымдастырады. Оны жүзеге асырудың тиімділігі мен нәтижелері ұйымдастыру сапасы мақсаттарға жетуге байланысты.

Әр тақырыпты дайындау кезінде сынып жетекшісі қарым-қатынас формасын, сонымен қатар өтілу уақыты мен орнын сайлайды. Сынып сағатының түрін таңдағанда педагог білім алушылардың қалауын ескеруі керек.

Сынып сағатының материалына, тақырыбына және формасына сәйкес педагог қосалқы материалдарды, көрнекі құралдарды, музыканы, тірек-сызбаларды және т.б. таңдайды.

Сынып сағатының ұзақтығы сынып жетекшісінің қойған мақсаттарына байланысты. Бұл жағдайда қарым-қатынас тым ұзаққа созылмауы керек, Мысалы, бастауыш сыныптарда сынып сағатын 30 минуттан артық болмауы керек. Жоғары сыныптарда ол 1 сағат немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін (білім алушылардың қызығушылығына және өтілу формасына байланысты). Бұл жағдайда білім алушылардың күн тәртібін ескеру қажет.

Тәрбие мәселелері бойынша мектептегі әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті – білім беруді жаңғырту жағдайында кәсіби қызмет жүйесін жобалау мен іске асыруда сынып жетекшісін әдістемелік қолдау:

- тәрбие жұмысының психология мен педагогикалық мәселелері бойынша сынып жетекшілерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыру. Мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға және жетілдіруге ықпал ететін сыныпта, мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды бағдарламалық-әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;

- білім алушыларды тәрбиелеуде бірыңғай, принципті тәсілдердің

орындалуын қамтамасыз ету, білім беруді жаңғырту және сынып жетекшілері мен тәрбиешілерінің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база туралы хабардар ету;

- кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында педагогтердің мотивациялық саласын қалыптастыру;
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, жүйелеу және тарату;
- сынып жетекшілерін заманауи тәрбие технологияларымен және жұмыстың заманауи формалары мен әдістерін білумен қаруландыру;
- сынып ұжымдарында тәрбие іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және педагогикалық талдауды үйлестіру;
- педагогикалық ұжым мүшелерінің тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау.

Сынып сағатының тиімділік критерийлері:

- білім алушылар үшін тұлғалық маңыздылық;
- жайлылық, қолайлы психологиялық климат;
- білім алушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін көрсету және дамыту мүмкіндігі;
- білім алушылардың өмірлік тәжірибесін байыту;
- рухани-адамгершілік құндылық [18].

Сынып сағатын дайындауға және өткізуге білім алушылардың қатысуы

Сынып сағатын талдауға сыныптан тыс қарым-қатынасты дайындауға немесе өткізуге білім алушылардың өздері қатыса алады.

Білім алушылар арасында тапсырмаларды бөлу арқылы олардың қызығушылықтарын, дағдыларын, қасиеттерін және т.б. ескере отырып, тапсырмаларды таңдауға мүмкіндік беру керек. Сынып сағаттарының білім алушыларға әсерін зерттеу үшін әңгімелесу, байқау, сауалнама және тестілеу сияқты танымал аналитикалық әдістерді қолдануға болады.

Білім алушы үшін өзін сезінуі өте маңызды. Ұғыну – бұл оның көңіл-күйі мен қарым-қатынасына, айналадағы адамдарға, қоршаған әлемге, өзіне әсер етеді. Сондықтан сынып жетекшісі әр білім алушының сыныптан тыс жұмыстарға қатысуын бақылап, оны бағалауы керек. Білім алушы өзінің іс-әрекетін бағалайтынын көргенде, бұл оны болашақта белсенді және табысты болуға итермелейді [18].

Сынып сағатын өткізу нәтижелерін бағалау

Педагог өткізілген сынып сағатының білім алушының жеке басына, оның мінез-құлқына, үлгеріміне, шығармашылық әлеуетін дамытуға және т.б. әсерін бағалайды. Педагогтің білім алушыны бағалауы сөзбен де, қимылмен де, мимикамен де, интонациямен де берілуі мүмкін. Сонымен қатар, педагог шынайы, білім алушыға беретін бағасы нақты, дәл болуы керек.

Еліміздегі мектептерде тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және оны өткізу формаларын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама сынып жетекшілеріне және білім алушыларға жүргізілді. Зерттеуге 11 683 сынып жетекшісі және 28 469 мектептің білім алушысы қатысты.

Зерттеудің мақсаты: мектептерде сынып сағаттарын өткізудің заманауи формаларын зерттеу. Білім алушылардың өмірінде сынып сағаттарының алатын орнын анықтау.

Білім беру ұйымдарында сынып жетекшілеріне арналған сауалнама нәтижесі

Сауалнамаға жауап беру барысында 3 жауапқа дейін таңдау берілді.

Сауалнамаға 11 683 респондент қатысты.

1. Заманауи сынып сағаттарын өткізу формасы қандай болуы керек?
- 2.

№	Сұрақ	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Дәстүрлі	2983	25,5
2	Дәстүрден тыс	1025	8,8
3	Шығармашылық	3943	33,8
4	Берілген жауаптың барлығы дұрыс	4756	40,7



Берілген 11 681жауаптың 33,8% Заманауи сынып сағаттарының өткізу формасының шығармашылық формасын қолдану керектігі айтылса, 40,7% -ы дәстүрлі, дәстүрлі емес, шығармашылық барлық формада өтілуі керектігін айтады. Көбінесе заманауи сынып сағаттарының шығармашылық формада өткізілетіні байқалады. Дәстүрден тыс форманы қолдануда төмен көрсеткіш беріп отыр, яғни сынып жетекшілерінің заманауи, дәстүрден тыс сынып сағаттарының формасын қолдануда әдістемелік көмек қажет.

3. Заманауи сынып сағаттарын ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер

№	Сұрақ	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Интерактивті технологиялар	3273	28
2	Әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық ойындар (тренингтер, ойындар, жаттығулар)	3870	33,1
3	Дебат және әлеуметтік маңызды	1347	11,5

	жобалар		
4	Берілген жауаптың барлығы дұрыс	5309	45,5



Берілген жауаптарға байланысты заманауи сынып сағаттарының интерактивті, педагогикалық-психологиялық ойындар, тренингтер мен жаттығулар т.б тиімді әдіс-тәсілдерді қолданатындығын, соның ішінде әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық ойындар мен жаттығулар, тренингтердің тиімділігі басымдық көрсетеді. Білім алушылармен сынып сағаттарының дебат формасын, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жандандыру қажеттігі туындап отырғаны белгілі болды.

4. Заманауи сынып сағаттарын ұйымдастыруда қандай міндеттерді басшылыққа аласыз?

№	Сұрақ	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Білім алушының ой-өрісін кеңейту	5415	46,4
2	Белсенді азаматтық, адамгершілік құқықтық ұстанымды қалыптастыру	5690	48,7
3	Коммуникативті қасиеттер мен өзіндік қабілеттерін дамыту	4549	38,9




Сынып сағаттарын ұйымдастыруда аталған барлық міндеттерді басшылыққа алынатындығын баяндайды. Соның ішінде білім алушылардың ой-өрісін дамыту, адамгершілік-құқықтық ұстанымдарын қалыптастыру міндеттері басымдық танытады.

4. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу үшін Сіздің әрекетіңіз?

№	Сұрақ	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Көтеріңкі көңіл-күйдегі оптимистік көзқарасты ұстанамын	4530	38,8
2	Білім алушыларды жағымды қарым-қатынас, ынтымақтастық, өзара көмек, жақсы тілектер айтуға үйретемін	7640	65,4
3	Әділеттілік және құрмет нормалары ұстанамын	2843	24,3
4	Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызуға уақыт бөлмеймін	478	4,1
5	Сыныпта білім алушылардың жетістіктері немесе сәтсіздіктеріне үнемі қолдау көрсетемін	2970	25,4

Сыныпта жағымды психологиялық ахуал тудыру үшін Сіздің әрекетіңіз




Сынып сағаттарының психологиялық ахуалын қалыптастыру үшін сынып жетекшілері білім алушылармен жағымды қарым-қатынас, ынтымақтастық орнатуда, өзара көмек, жақсы тілектер айтуда басымдық танытады. Берілген жауаптың 65,4% -ы осы бағытты ұстанады. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызуға уақыт бөлмейтін 478 сынып жетекшіс әдістемелік көмекті қажет етеді.

5. Сынып сағаттарын сабақ кестесіне сәйкес аптасына 1 рет өткізесіз бе?

№	Сұрақ- жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә, аптасына 1 рет өткіземін	10387	89
2	Өткізуге мүмкіндік жоқ	360	3,1
3	Кейде өткіземін	929	8


Сынып сағаттарын сабақ кестесіне сәйкес өткізесіз бе?



Сынып сағаттарының сабақ кестесіне сәйкес аптасына 1-рет өтілуін 89% - сақтаса, 8% - кейде өткізетіндігін, ал, қалған 3.1 % сынып сағаттарын өткізуге мүмкіндік жоқ екендігі анықталды. Сынып сағаттары мектептегі тәрбие процесінің негізгі. Сынып сағаттарын ұйымдастырылуы мен өткізілуіне мектеп әкімшілігі басты назарда ұстағандары жөн. Сынып сағаттарын өткізу мәселесі мектептерде бүгінгі таңда күрделі мәселе болып отырғаны белгілі. Оның себебі, 3 ауысымды мектептердің жағдайына байланысты сынып сағаттарын өткізудің мәселесін туындатып отырғаны белгілі болды. Осыған сәйкес сынып сағаттарын өткізу формасын өзгерту мәселесін көтеру туындауда.

6. Сынып сағаттары білім алушыға қол жетімді мақсатта болуы үшін қалай жоспарлайсыз?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Білім алушылардың қызығушылығына, жас ерекшелігіне сай мақсатқа жету үшін олардың өздерімен пікірлесемін	6665	57,1
2	Сынып сағатын өзім жоспарлаймын	2164	18,5
3	Қоғамда болып жатқан оқиғалардан, өмірлік тәжірибелерден аламын	3080	26,4
4	Сынып сағаттарын өмірде қолдана алатындай жоспарлаймын	4092	35



Сынып сағаттарының білім алушыға қол жетімді мақсатта болуы үшін 57,1% сынып жетекшісі білім алушылардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлайды, 35 %-ы білім алушылардың өмірінде қолдана алатындай етіп жоспарласа, 18,5% сынып жетекшілері білім алушының мүдделерімен, қызығушылығымен санаспай өзі жоспарлайтындығы белгілі болды. Яғни осы сауалнамаға қатысқан 2164 сынып жетекшісіне білім алушылардың қызығушылығы мен мүддесін ескере отырып, олармен бірлесіп жоспарлау қажеттігіне әдістемелік көмек керек екені анықталып отыр.

7. Сынып сағаттары қандай бағытта өткізіледі?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Рухани-танымдық тәрбие	3525	30,2
2	Ұлттық тәрбие	2663	22,8
3	Отбасылық тәрбие	2688	23
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	2043	17,5
5	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	1582	13,5
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	1845	15,8
7	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	1727	14,8
8	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	2275	19,5
9	Атаулы мерекелерге байланысты	1662	14,2
1	Берілген жауаптың барлығы дұрыс	7350	62,9



Тәрбие Тұжырымдамасында берілген сынып сағаттарының бағыттары бойынша сынып жетекшілері жұмыс жасайды. Соның ішінде рухани-танымдық тәрбие, ұлттық тәрбие мен отбасылық тәрбие бағыттарына басымдық береді. Жалпы тәрбие Тұжырымдамасының бағыттарын сынып жетекшілері толық қолданатындығы байқалды. Сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізуде рухани-танымдық, ұлттық, отбасылық және жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиеге басымдық беретіндігі анықталды.

8. Сынып сағатын ұйымдастыру Сіз үшін қаншалықты қиын?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Көп уақыт жоғалтамын	1362	11,7
2	Тақырыптарға тиімді ақпарат табу қиындық тудырады	2096	17,9
3	Негізгі пән сабақтарына кедергі	1158	9,9
4	Қиындық тудырмайды	7747	66,3



Сынып сағатын ұйымдастыру сынып жетекшісі үшін 11,7 % -ы ұйымдастыруға, дайындалуға көп уақытын жоғалтса, 17,9 % - тақырыпқа сәйкес ақпараттар табу қиындық тудырса, 9,9% - ы сынып сағатын ұйымдастыруға, өткізуге негізгі пән сабақтары кедергі келтіретіндігі байқалды. Жалпы жауаптың басым бөлігі 66,3% -на ешқандай қиындық тудырмайды. Сынып сағаттарына дайындалуға көп уақытын жоғалтатын, тақырып таңдауда қиналатын сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек қажет. Әдістемелік ұсынымдамада берілген сынып сағаттарының тақырыбы мен берілген сынып сағаттарының үлгісі сынып жетекшілеріне бірден бір көмек болары анық.

9. Сынып сағатын әзірлеуге қанша уақыт жұмсайсыз?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	1 сағат	4156	35,6
2	4 -5 сағат	4406	37,7
3	1 күн	2713	23,2
4	1 апта	864	7,4



Сынып жетекшілерінің сынып сағатын әзірлеуге 1 сағаттан-5 сағатқа дейін уақыттарын жұмсайды, ал 23,2% 1 күн уақыттарын жұмсаса, 7,4 % - ы 1 аптаның көлемінде уақыттарын жұмсайды. Яғни бұдан шығатын қорытынды 1 сағатта немесе 4-5 сағат дайындықта әзірленген сынып сағаттарының сапасы қандай болады деген қарама-қарсы сұрақ туындап, алаңдаушылық тудырады.

10. Тәрбие бағыттарына байланысты дайын тәрбие сағаттарының үлгісі ұсынылса қолданар ма едіңіз?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә, қолданар едім	4986	42,7
2	Қажет деп ойлаймын	2159	18,5
3	Жоқ, қолданбаймын	526	4,5
4	Кейде қолдануға болады	5117	43,8



Тәрбие бағыттарына байланысты дайын тәрбие сағаттарының үлгісі 42,7% және 18,5 % -ы қажет, қолданамын деп санаса, 43,8 % -ы кейде қолдануға болады деп жауап береді. Ал қалған 4,5 % -ы қолданбайтындығын көрсетеді. Бұдан білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек қажет екендігін түсінуге болады. Сынып жетекшілері сынып сағаттарының бағыттары бойынша сынып сағаттарының үлгілерін ұсыну қажеттілігі туындап отырғаны белгілі болды.

Білім беру ұйымдарында білім алушылармен жүргізілген сауалнама нәтижесі

Қатысушылар: 5-11 сынып білім алушылары

Мақсаты: Білім алушылардың сынып сағатына қатысу деңгейі мен қызығушылықтарын бақылау. Сынып сағаты тақырыптары мен мазмұнының білім алушылардың тұлғалық дамуына әсерін анықтау.

Сауалнамаға жауап беру барысында 3 жауапқа дейін таңдау ұсынылды.

Сауалнамаға 28 473 респондент катысты.

1. Нешінші сыныпта оқисыз?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	5-6 сынып	10616	37,3
2	7-8 сынып	9433	33,2
3	9-11 сынып	8405	29,5



Сауалнамаға қатысқан 26 949 білім алушыларының 37,3 % -ы 5-6 сынып, 33,2 % -ы 7-8 сынып, 29,5% -ы 9-11 сынып білім алушылары қатысқан.

2. Сынып сағаттары сабақ кестесіне сәйкес аптасына 1 рет өтіледі ме?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә, аптасына 1 рет өткізіледі	21248	74,7
2	Өткізуге мүмкіндік жоқ	365	1,3
3	Кейде өткізіледі	6112	21,5
4	Өткізілмейді	734	2,6




Сынып сағаттары кестеге сәйкес аптасына 1 рет өткізіледі деп 74 % - ы өткізілетіндігін айтса, 22% кейде өткізіледі, 3% өткізілмейді деп жауап берсе, 1% -ы мүмкіндік жоқ деп жауап береді. Демек 26%- сынып сағаттарының уақытына сәйкес өткізілмейтіндігін хабарлайды.

Ұсыныс:

Бұл күрделі мәселе мектептегі 3 ауысымдық жағдайға байланысты сынып сағатын өткізуге кабинеттердің жетіспеушілігімен түсіндіріледі, демек мектепте сынып жетекшілеріне сынып сағатын өткізудің формасын қарастыру керектігі ұсынылады.

3. Сынып сағаттарына белсенділікпен қатысасыз ба?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Белсенді қатысамын, ұнайды	17268	60,7
2	Қызықты, бірақ белсенді қатыспаймын	9944	34,9
3	Мен үшін қызықты емес, қатысқым келмейді	1844	6,5



Білім алушылардың сынып сағаттарына қатысу белсенділігі 60,7% көрсеткіш көрсетіп отыр, Білім алушылардың 35,9 %-ы сынып сағатына өздерінің белсенділіктерін таныта алмай отыруы сынып жетекшісін ойландыратын мәселе. Ал 6,5 % білім алушыларына сынып сағаты қызықты емес. Яғни сыныптағы білім алушылардың тұлғалық дамуына әсер ететін мақсатта өткізуге әдістемелік көмектің қажеттілігі туындайды. Білім алушылардың сынып сағатына қатысуына белсенділіктерін ояту керек. Сынып жетекшісіне тұлғаны дамытуда сынып сағаттарын тиімді өткізудің әдістемелік бағытын қарастыру ұсынылады.

4. Сынып сағаттары сен үшін қаншалықты маңызды?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Жағымды көңіл-күй сыйлайды	11473	40,3
2	Қызықты өтеді, достарыммен еркін араласып, пікірімді ашық айта аламын	14908	52,4
3	Маңызды емес, тек уақыт өткізу деп ойлаймын	3842	13,5



Сынып сағатының білім алушылар үшін маңыздылығы жоғары, ал 13,5% (3 842) білім алушы үшін сынып сағатының маңыздылығы жоқ, тек уақыт өткізу деп жауап береді. Сынып жетекшісіне ойланатын жағдай. Бұл жағдайда сынып сағаттарын өткізудің формасын өзгерту керек. Сынып сағаттарын жоспарлау мен өткізу барысында сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек қажет.

5. Сынып сағатынан алған әсеріңді достарыңмен, ата-аналарыңмен бөлісесің бе?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә	12669	44,5
2	Жоқ	5821	20,5
3	Кейде	10707	37,6



Білім алушылардың 44,4 % -ы сынып сағатынан өздерінің ой-пікірлерімен достарымен, ата-аналарымен бөлісе алса, ал 20,6 % білім алушы ой-пікірлерін бөліспейді, 37,6 % өздерінің ой-пікірлерімен, сынып сағатынан түйгендерін кейде ғана бөлісетіндіктері белгілі болады. Сынып жетекшілері

үшін білім алушылардың белсенділігі мен ой-пікірлерін ортамен бөлісулері маңызды. Осы мақсатта сынып жетекшісі үшін білім алушыларды қызықтыратын тақырыптарды көтеру маңызды.

6. Сынып сағатында алған дағдыларды өз өмірінде қолданасың ба?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә, қолданамын	19295	67,8
2	Өмірде қолданудың маңыздылығы жоқ	3670	12,9
3	Сынып сағаттарының әсері мол, бірақ өмірде қолдана алмаймын	6258	22




Сынып сағатында алған дағдыларын өз өмірінде қолдана аламын деп 67,8% - ы жауап берсе, өмірде, практикада қолдана алмайтын білім алушылар 22 %. Білім алушылардың 12,9 % -ы алған білімі мен ұғымдарын өмірінде, практика қолдана алмайтындықтары анықталды. Сынып сағаттарының формалді өтетіндігі білім алушылардың дамуына, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына мүмкіндік тудырмайды.

7. Сынып жетекшіңе өз пікіріңді ашық жеткізе аласың ба?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә	17090	60
2	Жоқ	3027	12,9
	Кейде	9086	31,9

Сынып жетекшіге өз пікіріңізді ашық жеткізе аласыз ба?



Білім алушылардың 60 %-ы сынып жетекшісіне өз ойларын, пікірлерін еркін жеткізе алады. 10,6 %-ы өз ойларын ашық айта алмаса, 31,9 %-ы кейде деп жауап береді. Яғни сынып жетекшісінің сыныпта психологиялық ахуалды ретке келтіру мәселесі тұр. Білім алушылардың ойының ашықтығы, пікір алмаса алу маңыздылығын сынып жетекшісі басты назарда ұстағаны жөн. Сынып жетекшісі әрбір баланы өзіне дос, сырлас, жақын адам ретінде қабылдауы керек. Сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек берілу керектігі айқындалды.

8. Осы бағыттарда өтілген сынып сағаттарының қайсысы ерекше есіңізде қалды?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Рухани-танымдық тәрбие	7334	25,8
2	Ұлттық тәрбие	4936	17,3
3	Отбасылық тәрбие	8431	29,6
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	3726	13,1
5	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	2059	7,2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	2430	8,5
7	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	5319	18,7
8	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	3069	10,8
9	Атаулы мерекелерге байланысты	4044	14,2
10	Берілген жауаптың барлығы дұрыс	6933	24,4



Тәрбие Тұжырымдамасының негізгі бағыттары бойынша берілген сынып сағаттары білім алушылардың есінде ерекше қалғаны Рухани-танымдық бағыт пен отбасылық тәрбие бағыты бойынша өткізілген сынып сағаттары екені анықталды. Өкінішке орай, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениеттік тәрбие білім алушылардың есінде төмен деңгейде қалып отыр. Берілген тәрбие бағыттары бойынша зияткерлік тәрбие, патриоттық тәрбие тақырыптарындағы сынып сағаттарына басымдық берілуі қажеттілігі туындап отырғаны анықталды.

9. Сыныпта сынып сағаты өтілуі керек деп ойлайсың ба?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Иә	21046	73,9
2	Міндетті емес	5250	18,4
3	Жауап беруге қиналамын	2701	9,5



Білім алушылар сынып сағаттарының маңыздылығын, өзінің өміріне керектігін 73,9% -ы керек деп ойласа, 18,4 % -ы керек емес деп, ал 9,5 % -ы жауап беруге қиналамын деп жауап береді. Яғни жауап беруге қиналып

отырған және міндетті емес деп отырған білім алушылар үшін сынып сағаттарының мәні мен маңыздылығы төмен. Сынып сағаттарының өтілу формасын, мақсат-міндеттерін анықтап, білім алушылардың қызығушылығын ескере отырып, жоспарлануы керек.

10. Сынып сағатында сынып жетекшісінің әрекеті қандай болуы керек?

№	Сұрақ-жауап	Қатысқан респондент саны	Көрсеткіш
1	Пікірлерді жеткізуге еркіндік беруі керек	18173	63,9
2	Дұрыс шешім қабылдауға көмек беруі керек	12011	42,2
3	Сынып жетекшісі өз ойы мен өз пікірін міндеттемеуі тиіс	3380	11,9



Қатысушылардың 63,9 % сынып сағатында сынып жетекшісі білім алушылардың пікір айтуына еркіндік беруі керектігін айтады, 42,2%- ы дұрыс шешім қабылдауға көмектесуі және сынып жетекшісі өз ойы мен пікірін міндеттемеуі керек деп 11,9 % -ы жауап береді. Яғни, білім алушылармен тәрбие бағытында жұмыс жасауда сынып жетекшісі өз позициясын өзгертуі, заманауи бағытта тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қолдана білу қажеттілігі тұр.

Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік ұсынымдар.

Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формасы

Сынып жетекшісі сынып сағаттарында қарым-қатынасты ұйымдастыруда қолданатын көптеген формалары:

- сынып жетекшісінің білім алушылармен кездесу үшін қойған мақсаттарына;
- мектепте білім алушылардың жасы ерекшелігі;
- қолданыстағы шарттар мен қолжетімді құралдар;
- педагогтің тәжірибесіне байланысты нәтижеге бағытталады.

Сынып сағаттарының ең көп таралған түрлері: Сынып сағатының

бірнеше түрлері мен формаларын ұсынып отырмыз:

- *белгілі бір тақырып бойынша әңгіме* (білім алушылар берілген тақырыпты талқылайды, Бұл оларды өз пікірлерін қалыптастыруға және айтуға үйретеді);

- *пікірталас, пікірсайыс* (сынып өкілдері осы мәселе бойынша қарама-қарсы ұстанымдарды қорғауда сөйлейтін топтарға бөлінеді; мұндай форма білім алушыларды түрлі проблемаларды талқылауға тартуға көмектеседі, басқалардың пікірін тыңдауға және түсінуге, өз көзқарасын қорғауға үйретеді);

- *кеңес беру топтары* (сынып шағын топтарға бөлінеді, олардың әрқайсысы қысқа уақыт ішінде осы тақырыпты немесе проблеманы талқылайды, содан кейін топ өкілі оның командасы жасаған тұжырымдарды хабарлайды; сынып сағатын өткізудің мұндай түрі топ ішінде қарым-қатынас жасауға, білім алушылардың ойлауын дамытуға, командада жұмыс істей білуге, материалдарды зерттеуде өз бетінше жаңалықтар ашуға ықпал етеді);

- *рөлдік ойын* (проблемалық жағдай қысқаша ойнатылады, содан кейін білім алушылар оны талқылауға, талдауға және қорытынды жасауға мүмкіндік алады; бұл форма мәселені белгілі бір рөлді ойнау арқылы сезінуге, жақсы түсінуге көмектеседі);

- *тақырыптық дәріс* (темекі шегу, нашақорлық, қауіпсіздік, денсаулық және т.б. сияқты білім алушылар үшін маңызды тақырыптар ашылады; сонымен қатар, дәрістер танымдық – мәдениет, дәстүрлер, өмірбаяндар және т.б. тақырыптар болуы мүмкін);

- *дәрістік форум* (дәріс оқылғаннан кейін тақырыпты талқылау – дәрістің өзін жандандырады, білім алушыларды берілетін ақпаратқа қызығушылық танытуға ынталандырады);

- *сынып жиналысы* (білім алушылар арасында міндеттер бөлінеді, түрлі тапсырмалар беріледі, берілген тапсырмалардың орындалуы туралы есептер тыңдалады);

- *қарым-қатынас сағаты* (мұндай нысан білім алушыларды қызықтыратын тақырыптарды қарауды, сыныпта туындаған проблемаларды оларды талқылау арқылы шешуді көздейді; білім алушыларды бір-бірімен және педагогпен ашық болуға, қорықпауға және жанжалды жағдайларды шеше білуге үйретеді);

- *сұрақтар мен жауаптар* (педагог пен білім алушылар бір-біріне өздерін қызықтырған кез келген сұрақтарды қоюға мүмкіндік алады, бұл олардың арасындағы қарым-қатынастардың дамуына, ашықтыққа ықпал етеді және туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі);;

- *экскурсия* (білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді);

- *саяхат ойындары* (білім алушылардың қиялын дамытады, ойын арқылы олардың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі);

- *тренингтер* (білім алушыларды белгілі бір сценарийлерді орындау

арқылы практикада бекітіп, қандай да бір жағдайларда дұрыс мінез-құлыққа баулиды);

- *конференциялар* (білім алушыларды белгілі бір мәселелерге байыпты қарауға, ақпараттық материалмен өз бетінше жұмыс істеуге, тақырыпты дайындауға, аудитория алдында сөз сөйлеуге үйретеді);

- *симпозиум, симпозиум форумы* (білім алушыларға талқыланатын тақырыптың бірнеше түрлі аспектілері бойынша сөз сөйлеу үшін материал ұсынылады, симпозиумнан кейін тақырыпты бүкіл топ бейресми түрде талқылай алады);

- *семинар* (сынып сарапшының басшылығымен тақырыпты зерттеу бойынша жұмыс істейді);

- *комиссия, комиссия форумы* (берілген тақырып бойынша жақсы дайындалған бірнеше білім алушы осы тақырыпты бүкіл сынып алдында еркін талқылауға қатысады, пікірталастар болуы мүмкін, содан кейін барлық білім алушы естіген ақпаратты талқылауы тиіс);

- *шеберлік-сыныптар* (білім алушылар бірнеше сарапшылардың басшылығымен қызығушылықтары бойынша топтарға бөлінеді, топтарда нақты тақырыптар талқыланады; мұндай топтарды әртүрлі сөйлеген сөздерді тыңдау, демонстрацияларды қарау, бір тақырыптың түрлі аспектілерін талқылау, жұмыс, практика және бағалау үшін ұйымдастыруға болады);

- *жұмыс топтары* (сыныптың барлық білім алушылары алдына өздері орындауға тиіс белгілі бір міндеттер қойылатын топтарға бөлінеді; мұндай топтар білім алушылардың ынтымақтастығына және бір-бірімен араласуына ықпал етеді);

- *театр қойылымдары* (білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытады, олардың мәдени тәрбиесіне ықпал етеді);

- *«КТК», «Брейн-ринг», «Кім миллионер болғысы келеді?», «Жұлдызды сағат»* және т.б. (білім алушылар үшін қызықты түрде танымдық материал ұсынылады, командаларға қатысу топтасу, ұйымдасу қабілетін дамытады).

Бұл сынып сағаттарын өткізудің формалары үлгісінің толық тізімі емес. Мектеп жағдайында қол жетімді кез-келген жаңа формаларды пайдалануға болады. Ең бастысы, білім алушыларға қызықты және сынып сағатында қойылған мақсаттарға жету.

Төменде тақырыптық сынып сағаттарының кейбір түрлері толығырақ қарастырылады.

Сынып сағатын өткізудің заманауи формалары

Бастауыш мектептегі сынып сағаттары.

Мектептің табалдырығын аттаған бірінші сынып білім алушысы өзіне таныс емес үлкен, жаңа әлемге, жаңа ортаға түседі. Ол адамдармен қарым-қатынас әліпшесін қалай игеруі керек, олардың барлығы неге әртүрлі, олар қандай ережелерге сәйкес өмір сүреді, олар бір-бірін қалай бағалайды. Мұнда басты рөлді мұғалім ойнайды, ол сыныптағы тәрбие жұмысы туралы ойлануға міндетті. Тәрбие жұмысының бір түрі – сынып сағаты.

«Сынып сағаты – бұл фронталды тәрбие жұмысының құрамы мен құрылымы бойынша икемді түрі, ол сыныптан тыс уақытта сынып жетекшісінің сынып ұжымын қалыптастыруға және оның мүшелерінің дамуына ықпал ету мақсатында сыныптағы білім алушылармен әлеуметтік ұйымдастырылған қарым-қатынасты білдіреді».

Сынып сағаты сынып жетекшісінің жұмыс жүйесінің негізгі компоненті. Сынып сағаты мектеп кестесіне қосылады және әр апта сайын белгілі бір күні өткізілуі тиіс.

Ұйымдастырушылық және тақырыптық сынып сағаттарын ажырата алу керек.

Ұйымдастыру сағатында өткен іс-шараның қорытындылары, келесілерді сондай-ақ балалардың тапсырмаларды орындау нәтижелері талқыланады.

Тақырыптық сынып сағатына адамгершілік тәрбие, азаматтық, эстетикалық, мәдени тәрбие, мінез-құлық және т. б. кіреді.

Сынып сағаттарын дайындау және өткізу процесінде келесі педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- Білім алушылардың санасын табиғат, қоғам, техника, адам туралы біліммен байыту;

- Білім алушылардың ойлау және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;

- Білім алушылардың субъективтілігі мен даралығын, оның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және көрсетуге ықпал ету;

- Сынып ұжымын білім алушылардың дамуы мен өмір сүруіне қолайлы орта ретінде қалыптастыру;

- Білім алушы тұлғасының эмоциялық-сезімдік саласын және құндылықты-мағыналық негіздерін дамыту.

Бұл жерде айтылып отырған құндылықты-мағыналық негіздер ол баланың бойында құндылықтың мәнін себу дегенді білдіріп тұр. Балаға ең алдымен құндылық беру қажеттілігі білімнен де маңызды, білімнен бұрын тәрбие берілуі тиіс. Балаға жастайынан берілген рухани құндылық қана оған даналық дарытып, мән жүктеп, арманын ұштай алады. Көкірегі құндылыққа толған баланың қиялы да ұшқыр келеді, ой-өрісі кең болады, шығармашылық қабілеттері дамып, мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады, білімі шыңдалады. Енді бұл құндылықты бала бойына қалай сіңіреміз.? Оны аңыз-қисалар, ертегілер, жыр-дастандар арқылы бала бойына сіңіру керекпіз. Қамбар батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, сияр Шәріп, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Алтынбас – Күмісаяқ, Қисса Сұл әнбия, Алпамыс батыр сияқты лиро-эпостық жырларды оқытып, талдауға және Еділ-Жайық, Баһрам патша туралы, Есен тентек, Ертеде бір хан болыпты, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, Еңсегей бойлы Ер Есім, Алаша хан, Жеті жасар Желкілдек, Ер – Төстік, Әз Жәнібек және бір ұста, Екі патша, Әділ би, Сүйіндік Олжабай батыр, Тама сарыбас мерген» т.б. ертегілерді оқытып, балалардың бойына құндылықтың мәнін түсінуіне, оны бойына сіңіруге көмектесері анық. Ертегі, қисалар мен батырлар жырын естіп өскен баланың арманы да ұлы болады. Ертеңгі ел қорғайтын азамат, білімді

ұрпақ осыдан қалыптасары сөзсіз. Отбасында ата-ана да баласының даму потенциалына басты назар аударуы керек. Даму потенциалы баланың интеллектуалды қарым-қабілетіне ғана емес, рухани, адамгершілік және эмоциялық қырларын да қамтиды. Әр бір балаға қайталанбас, жеке дара тұлға ретінде қарау қажет.[19]

Сынып сағаттары түрлі тәрбиелік мақсаттармен өткізіледі.

Нақты сынып сағатын өткізу нысанын таңдау кезінде сынып жетекшісі мыналарды ескеруі тиіс:

- білім алушылардың жас және интеллектуалдық ерекшеліктері
- олардың мүдделері мен сұраныстары
- сынып сағаты формасының тақырыбы мен мақсатына сәйкестігі
- тәрбие жұмысының өзіндік тәжірибесі
- мектеп жағдайлары

Сынып сағатын өткізудің негізгі формалары:

- пікірталас формалары
- сайыс сипатында
- шығармашылық формалар
- ойын формалары
- психологиялық ағарту формалары
- жылжымалы формалар
- мектептен тыс жұмыс түрлері

Сайыс сипатының өткізу формасына викторина жатады.

Мұнда білім алушылардың танымдық белсенділігі үшін материалдар таңдалады. Викторина формасын сыныптағы жұмысты қорытындылау үшін оқу жылының соңында жүргізілген орынды және мұнда ата-аналарды да тартуға болады. Мысалы, әр отбасы сынып жетекшісімен бірге викторина ойынын, конкурс ойынын ойлап табады және оны жеңімпаздарға сыйлықтар беру арқылы өткізеді, содан кейін барлығы қатысушыларға қызықты ма, жоқ па, соны талқылайды. Бұл кроссвордтар, жанды суреттер, репродукциялар, ребустар, тапсырмалар болуы мүмкін. Заманауи, қызықты түрде білім алушылардың ой-өрісі кеңейеді.

Шығармашылық формалардың ішінде *ауызша журналды* бөліп көрсетуге болады, ол қоршаған өмір, өнер, әдебиет, спорт тақырыптарындағы қысқа қойылымдар сериясы. Ата-аналарымен бірлестікте жүргізілсе жақсы. Көбінесе оқу процесіне қатысатын ата-аналар, олардың белсенділігі білім алушыларды тәрбиелеудің мүмкін болатын сәттілігін анықтайды. Мысалы, «Бізде ұлы ақындар, музыканттар, суретшілер бар» сынып сағаты. Бұл сынып сағаты жобалық тәсілді қолдануды қамтиды, онда отбасы немесе білім алушылар тобы белгілі бір ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын таңдайды, көрме, музыкалық және поэтикалық қолдау, өмірбаянның қызықты фактілерінен үзінділер дайындайды.

Сынып сағатын өткізудің тағы бір кең таралған ойын түрі – *саяхат ойыны*. Бұл форма нақты фактілер мен оқиғаларды көрсетеді, ерекше, қызықты, қарапайым түрде ашылады. Мысалы, «Денсаулық еліне саяхат», «Біз тұратын

Ел», «Әдебиетке саяхат».

Бастауыш мектепте жиі кездесетін пікірталас формасы – *әңгіме*. Жоғары сынып оқушыларын тартуға болады. Мысалы, жоғары сынып оқушылары бірінші сынып оқушыларына мектептегі тәртіп ережелері, олардың күн тәртібі, жолда жүру ережелері туралы айтып беруіне болады.

Сынып сағатын өткізу кезінде ойындарды, жұмбақтарды, ертегілерді, рөлдік сюжеттерді пайдаланғанда танымдық және мазмұнды әсер етеді. Сергіту сәттерін де өткізуді ұмытпаған жөн, олар поэтикалық, ойын түрінде болуы мүмкін.

Тұлғалық қасиеттердің 70% -ы бастауыш мектепте қаланатыны белгілі. Мәселені шеше білу, жауапты, тәуелсіз болу, шығармашылық пен ынтымақтастық жасай білу – бұл балаға осы әлемге енуіне әсер етеді.

Мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. Жас ұрпақты байланыс орнатуды жеңілдететін, ізгілік атмосферасын құруға көмектесетін дағдылармен мен әдеттерді қалыптастыру керек және мінез-құлық мәдениетінің көптеген ережелері мораль нормаларынан туындайды. Бұл тәрбие, ұқыптылық, әдептілік, жауапкершілік, дәлдік ережелері. Дағдылар мен әдеттерді тәрбиелеу, әрине, отбасында басталады, бірақ бұл бағыттағы жүйелі жұмыс бірінші сыныпта жалғасып, сынып сағаттарында жүзеге асуы маңызды [20].

Бастауыш мектепте жаңа мемлекеттік стандарттарды енгізу жас ұрпақты азаматтық тәрбиелеу мәселесінің маңыздылығына байланысты. Өскелең ұрпақтың өз мемлекетінің рәміздері мен елтаңбасына құрметпен қарауы оның отан сүйгіштігі мен патриотизмінің қалыптасуының көрсеткіші. Біз білім алушыларды түрлі символикамен таныстыруды неғұрлым тезірек бастасақ, соғұрлым олар оны қабылдай алатындығы дәлелденген. Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын ескере отырып, Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы сынып сағаты ұсынылады. Мысалы, «Қазақстан-Менің Отаным» сынып сағаты.

Бастауыш мектепте моральдық сынып сағатын өткізу оңай емес. Балаларға бір орнында отыру, адамгершілік тәрбиесі туралы айтылған нақыл сөздерді тыңдау қиын. Сондықтан моральдық сынып сағаты өмірлік жағдайлар мен нақты өмірлік мысалдарға негізделуі керек. Мұндай сынып сағатын дайындау педагогтің үлкен күш-жігерін, балалармен оңай және қарапайым қарым-қатынас жасауды қажет етеді. Бастауыш сынып білім алушыларының моральдық жағдайды талдай білу, жақсылық пен жамандықты ажырата білу, міндет пен жауапкершілік сынып сағатының тақырыбын анықтауға мүмкіндік береді [21].

Білім алушыларда өз қателіктерін мойындауға, оларды талдауға, қорытынды жасауға, кешіруге үйрену, өз пікірін дәлелдей алуға және басқа адамдардың пікірін сыйлауға дағдылану қасиеттерін дамыту.

Білім алушылар өздерінің проблемалары мен сәтсіздіктері, жеңістері мен жеңілістері туралы сөйлесуден қорықпауы керек. Бастауыш сынып оқушыларында мұндай сынып сағатын дайындаудың негізі көркем шығармалар, ел мен әлемнің шынайы өміріндегі оқиғалар мен фактілер, мектеп

пен сынып, өнер туындылары болуы мүмкін. Моральдық сынып сағаты – бұл шындықты, өмірдің мағынасын, ересек өмірдегі кішкентай адамның мінез-құлқының өзегі болатын сабақ. Мұндай сынып сағаттарында:

- Надандық пен сыпайылық туралы;
- Жалқаулық пен еріншектік туралы;
- Ұқыптылық туралы;
- Өкпе-реніш, оның себептері туралы;
- Ашкөздік пен тойымсыздық туралы;
- «Жауапты болу деген нені білдіреді?»;
- Менің арманым және тілектерім;
- Менің өмірімдегі дос;
- Адалдық пен қайырымсыздық т.б тақырыптарды қозғауға болады.

Мектептен тыс сынып сағатын өткізудің қызықты және танымдық формасы – экскурсия. Бірінші сыныпта алғашқы экскурсия – бұл мектепке, асханаға, мектеп кітапханасына, мектеп мұражайына саяхат. Есейген шақта бұл экскурсия – қоршаған ортаның табиғи өзгерістерін бақылау, аудандық өлкетану мұражайына, кітапханаға, мәдениет үйіне, стадионға, кинотеатрға, өрт сөндіру бөліміне экскурсиямен жалғасын табады. Экскурсияның басында: не іздеу керек, нені зерттеу керек туралы әңгіме. Экскурсиядан кейін көргендерін талқылау, қорытындылау, ой бөлісіп, пікір айту міндетті [22].

Мектептің маңызды және өзекті мәселесі – білім алушылардың денсаулығын сақтау. *Жылжымалы формаларды* қолдану арқылы салауатты өмір салты туралы білімдерін қалыптастыру. Бұл сыныпта және спорт залында немесе бүкіл бастауыш мектептің қатысуымен спорт алаңында көңілді әр түрлі жарыстар. *Жарыстар* әртүрлі жастағы топтарда немесе отбасылық экипаждарда өткізілуі мүмкін. Мысалы, бастауыш мектепте дәстүрге айналған «Анам, әкем және мен – спорттық отбасымыз», «Көңілді старт» ойындары.

Сонымен қатар, бастауыш мектепте сынып сағаттарын өткізудің тағы бір шығармашылық формасы – бұл *мектеп мерекелері, ертеңгіліктер*. «Мереке – бұл қоғамдық өмірдің көркемдік ұйымы, онда барлығы шоғырланған, барлығы қысқа, барлығы тиімді қызықты пішінге ие» - деп атап өткен болатын А.С. Макаренко. Әр мереке ең алдымен оның терең мазмұнымен, идеялық-адамгершілік бағытымен құнды. Дұрыс дайындалған және өткізілген мереке ұжымды қалыптастырудың, оның әр қатысушысының қоршаған шындыққа белсенді қатынасын тәрбиелеудің, балалардың жеке қабілеттерін дамытудың үлкен мүмкіндіктеріне ие [23].

Мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге сыныптың барлық ұжымы, ата-аналар қатысады. Қазіргі білім алушылар эмоционалды, әсерлі, оларға ашықтық, қабылдаудың өткірлігі, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс тән.

Әр мереке – бұл үлкен шығармашылық жұмыс: сәтті таңдалған тақырып, мұғалімнің, ата-аналар мен балалардың жан-жақты дайындығы. Әңгіме арқылы жұмысты қорытындылау.

Балалар өмірінің басым бөлігін мектепте өткізеді. Әр білім алушының қуанышы мен қайғысын барлық білім алушылар бірге сезінеді. Балалардың

өмірінің әр күнінде қалай өмір сүретіні, әр күн үшін қандай эмоционалды әсер қалдыратыны олардың өмірде алға жылжуының нәтижесіне байланысты. Сыныпта көптеген түрлі іс-шараларды өткізуге болады, бірақ егер оларда жылулық, махаббат, сүйіспеншілік болмаса, егер қарым-қатынас принциптері бағыну мен бұйрыққа негізделген болса, онда мұндай сынып сағаттары зиянды болады.

Жылдар өте келе білім алушылар өз сыныбында қандай өмір болғанын, қандай мерекелер, кездесулер, экскурсиялар мен викториналар өткізгенін, сынып жетекшісімен қандай қарым-қатынастар қалыптасқанын, сынып өмірі қандай әдет-ғұрыптар бойынша құрылғанын еске ала алады.

Жеке тұлғаға бағытталған сынып сағаты педагогтерге қазіргі заманауи мектептің білім алушыларында рухани адамгершілікті, өмірдің өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеттерін ішінара жүзеге асыруға көмектеседі, ал жеке тұлғаға бағытталған сынып сағатын өткізудің түрлі формалары оның мазмұнына қызығушылық танытуға, білім алушылардың коммуникативті қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әр педагогтің, әр білім алушының ұраны *«Барлығы шығармашылыққа бағытталған»* болуы тиіс.

Сынып сағаты – жүйелі-әрекеттік көзқарас тұрғысынан.

Бұл тәсілдеме тек сабақ барысында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да, сынып сағатында да игеру және қолдану маңызды.

Жүйелік-әрекеттік тәсіл – екі тәсілді біріктіру әрекеті. Б.Г. Ананьевтің, Б. Ф. Ломовтың және Л. С. Выготскийдің, Л. В. Занковтың, Д. Б. Элькониннің, В. В. Давыдовтың және т.б. еңбектерінде жасалған жүйелік, әрекеттік тәсілдегі адам қоршаған ортаға қарама-қайшы емес, бірақ арнайы жүйенің элементі ретінде қарастырылады. Қызмет – нәтижеге бағытталған мақсатты жүйе.

Осылайша, жүйелік-әрекеттік тәсіл қызметтің нәтижесі мақсатты жүйе ретінде ерекшеленеді. Яғни, жүйелік-әрекеттік тәсілі – педагогтің таным немесе қайта құру объектісі жүйе ретінде қарастырылатын және баланың субъективтілігін қалыптастыру мен дамытудың құралы болатын іс-әрекет бағыты. Сынып сағаты өзара байланысты элементтер жүйесі.

Демек мұндай сынып сағатын өткізген кезде бала нәтижеге бағытталған іс-әрекетінің, ал әрекеттік тәсілінің өзі баланың сынып сағатындағы белсенділігін білдіреді.

Сынып сағатындағы педагогикалық қызметтің өзара байланысты компоненттерінің жүйесі – *жүйелік-әрекеттік* тәсіліне сәйкес. Сынып сағаты аясында нәтижеге бағытталған педагогтің қызмет жүйесі қандай элементтерден тұрады? Оларға мыналар жатады: мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері, қатысушылары, бақылау-бағалау қызметі. Сонымен қатар мотивация жүйені іске асырудың шарты ретінде қарастырылады.

Әрекеттік тәсіл баланың сынып сағатындағы белсенділігін білдіреді. Күтілетін нәтижелер пайда болуы үшін сынып сағатын қалай ұйымдастыру керек?

Құрылым келесі компоненттерге сәйкес келетін үш бөліктен тұрады. Сонымен, бірінші қадам:

- *мәселені анықтау*. Оның мақсаты – бар мәселені шешуге көмектесу. Педагогтің міндеті – білім алушының әрі қарай жеке өсуіне кедергі болған мәселені анықтау үшін диагностика, мониторинг, бақылау жүргізу.

- *мәселеге кіріспе*. Адам кез-келген әрекетке тек оған қажет болған кезде, оны жүзеге асырудың белгілі бір себептері болған кезде ғана қосылады. Мотив құрылды – мақсат анықталды. Педагогтің міндеті – білім алушы болашақта өз қызметінің мақсатын тұжырымдай алатындай етіп ұйымдастыру.

- *мақсат қою*. Мақсат – бұл қалаған нәтиже міндетті түрде міндеттермен, яғни мақсатқа жету тәсілдерімен бірге жүруі керек. Педагогтің міндеті – осы кезеңде баланың іс-әрекетін осы іс-әрекет ол үшін маңызды болатындай етіп ұйымдастыру, оны тағайындау, тұжырымдау және нәтижеге жетуге ынталандыру.

- *мазмұны*. Алға қойылған мақсатқа сәйкес міндеттерін белгілеу.

Міндет – іс-әрекетті баланың мазмұнды жүзеге асыруда белсенді болатындай етіп ұйымдастыру, педагог ұсынған формалар мен әдістер білім алушы үшін ақыл-ой, коммуникативті, практикалық және зерттеу қызметінде маңызды және сынып сағатына қатысушылардың жоғары уәжін қолдау.

- *формалар мен әдістер*. Мазмұнды жүзеге асыру.

б) білім алушыларға «Адамдарға достық не үшін керек?».

Білім алушы:

«Шынайы дос үнемі қасыңда»

«Адал дос – өмірлік дос»

4. Топтық жұмыс. «Нағыз дос» ұғымымен жұмыс (2 мин).

- Балалар, нағыз достың қандай болуы керек екенін білулеріңіз керек. Сөздер жазылған карточкаларды ұсынамын. қасиеттер. Досыңда болуына керек қасиеттерді таңда.

Балалар топтарда жұмыс істейді. Карточкаларда сөздер жазылады:

қарапайымдылық, ізгілік, табандылық, сыпайылық, жауапкершілік, қызғаныш, өзімшілдік, немқұрайлылық, мақтаныш, ашуланшақтық, кез-келген уақытта көмектесуге дайын болу.

- Қандай қасиеттерді таңдадың? Неліктен? (Слайдтар)

- Неліктен «ашу», «мақтаныш», «немқұрайлылық», «өзімшілдік» деген сөздер жазылған карточкалар қалды?

5. Топтық жұмыс «Достық құпиялары» (3 мин).

- Балалар, қалай ойлайсындар, достық бұзылуы мүмкін бе? Ол қандай себептермен ыдырауы мүмкін?

- Достықтың құпияларын ашуға тырысайық. Топтарда жұмыс жасап, достық ережелерін жасау ұсынылады.

Ережелер тақтаға ілінеді:

- Ұрыспау.
- Көмектесу.
- Сыпайы болу.
- Бір-біріне мұқият болу.
- Кешірім сұрауға қорықпа.
- Ашуланбау.
- Бір-біріне көмектесу.
- Өзімшіл болмау
- Адал болу.

6. Достықтың осы ережелерді сақтай отырып, ешқашан достарыңды жоғалтпайсындар деп ойлаймын.

Интерактивті тақтаға «Достық» гүлі салынған. Әр жапырақшада – ең жиі қайталанатын ережелер.

7. «Жіп» тренингтік жаттығуы (1 мин).

Балалар кезек-кезек бір-бірінің аттарын «Асан, сен менің қасымда болғаныңа қуаныштымын», осылайша балалар саусақтарына жіпті орай отырып, келесі көршісіне береді және т.б. білім алушылармен жалғасады. Соңында достық шеңбері пайда болады. Ортақ шеңберді бұзбау үшін қолымызды жоғары, содан кейін төмен көтереміз.

8. Қорытынды шығару (1 мин).

- Неліктен «Достық» - бұл керемет, ғажап сөз?
- Достықты бағалау керек. Олар: «Досы жоқ адам – тамыры жоқ ағаш» т.б

СЫНЫП САҒАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ

Формасы	Сынып сағаты формаларының қысқаша сипаттамасы	Тақырыптар
Үгіт-бригада	Терең мазмұнды жарқын көркемдік-экспрессивті, эмоционалды формалармен органикалық байланыстыруды қамтамасыз ететін саяси және адамгершілік тәрбие формасы. Қойылымдардағы ең бастысы – білім алушыларды	«Салауатты өмір салты»; «Сұлулық әлемді құтқарады»

	бей-жай қалмауға, бірақ қоғам өміріне белсенді араласуға шақыратын жұптардың, сахналық қойылымдардың қазіргі заманғы, дәлдігі, өткірлігі.	
Интеллектуалды аукцион	Бәсекеге қабілетті зияткерлік іс-әрекеттің ойын формасы. Ұсынылған «өнімді» (кітап, репродукция, диск және т.б.) «сатып алу» үшін тақырып туралы белгілі бір білім түрінде «төлем» ұсыну керек. Аукционның үшінші соққысына дейін қажетті ақпаратты хабарлаған адам «құндылықты» алады.	«Адамзаттың балалық шағы»; «Қалдықтар мен кірістер»
Дөңгелек үстел басындағы әңгіме	әңгіме, пікір алмасу: - нақты мәселеге жүгіну; - ұжымдық талқылау, еркін пікір алмасу; - мұндай әңгімеге қатысушылардың саны шектеулі әдетте, сынып топтарға бөлінеді.	«Мен және менің болашақ отбасым»; «Мамандықты игеру құпиялары»
«Сократтық әңгіме» әдісі	Дүниетанымдық проблема бойынша бірыңғай шешім қабылдау үшін түрлі жағдайлармен шешімдердің көптеген нұсқаларын егжей-тегжейлі қарастыру. Сократтық әдіс білім алушыларға дәйекті жауаптар шындыққа әкелетін сұрақтар жүйесін ұсынудан тұрады. Проблемалық сұрақ білім алушыларды жалпы жауапқа жетелейтін көптеген ұсақ және жеке сұрақтармен «толып кетеді». Сократтық әңгімеде әрбір қатысушысы өзі үшін таңдау жасайды.	«Неліктен адамға ар-ұждан керек»; «Өмір іс-әрекет ретінде»
Брейн-ринг	Бұл білім алушылардың танымдық қабілеттерін, ойлау логикасын дамытуға, олардың арасында ғылым мен мәдениеттің әртүрлі салалары бойынша білімдерін насихаттауға ықпал ететін зияткерлік ойын. Өткізу ережелері түрлі сұрақтарға жауап беру кезінде бәсекелестік, тапқырлық және реакция жылдамдығына негізделген бірдей атаудағы теле- ойындардан алынған.	«Интеллектуалды лабиринт»; «Еңбек құқығы және жасөспірім»
Есте сақтау вахтасы	Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, интернационалист жауынгерлерге өз отандастарының ерлік істеріне құрметпен қарауға және патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар топтамасы. Бұл күндері ардагерлермен кездесулер, патриоттық өлеңдер мен әндер конкурстары, кинофильмдерді ұжымдық қарау және талқылау, оқырмандар конференциясы, тақырыптық конкурстар мен викториналар, әскери-бәсекеге қабілетті зияткерлік іс-әрекеттің ойын формасы. Ұсынылған «өнімді» (кітап, репродукция, диск және т.б.) «сатып алу» үшін тақырып бойынша белгілі бір білім негізінде «төлем» ұсынылуы керек. Ойнатылған	«Ер есімі – ел есінде» «Жеңіс батырларына еліктеу»; «Олардың есімдері мәңгі сақталады»

	«құндылықты» қажетті ақпаратты хабарлаған адам жеңіп алады.	
Кеш	Білім алушылардың ең танымал және сүйікті іс-шараларының бірі. Кештердің тақырыптары сан алуан: олардың кейбіреулері атаулы күндер мен мерекелерге, басқалары ел тарихының қызықты фактілеріне, қоғамдық-саяси өмірдің түрлі проблемаларына, әдебиетке, өнерге, табиғатқа орайластырылуы мүмкін. Бастамашыл шығармашылық топ алдағы кештің бағдарламасын әзірлейді, сценарийді ойластырады, репетициялар ұйымдастырады, хабарландыру және шақыру билеттерін дайындайды. Кештің сәтті өтуі тақырыпқа, мазмұнды мазмұнға және эмоционалды экспрессивтілікке байланысты	«Кел, достар, достар» «Менің сүйікті мамандығым»
Викторина	Викторина белгілі бір тақырыпқа арналған сұрақ-жауап ойыны, оның барысында білім алушылар белгілі бір ретпен (логикалық, хронологиялық және т.б.) сұрақтар қояды. Белгілі бір тақырыпта өтіледі. Тарихи, әдеби, музыкалық, ғылыми-техникалық, моральдық-этикалық және аралас викторина түрлері болады.	«Өмірдің мәні», «Өмірге ғашық болу», «Махаббаттың мәні»; «Экология және Біз», «Экософия немесе киелі табиғат»
Квиз	Квиз (ағылш. quiz) - бұл логикаға, тапқырлыққа және зеректікке арналған командалық жарыс, оның барысында бір немесе бірнеше қатысушы өздеріне қойылған сұрақтарға жауап береді. Квизге белгілі бір тақырып пен бірнеше сұрақ қойылған бірнеше раунд кіреді. Классикалық квизге жеті сұрақтан жеті раунд енеді. Әр турда барлық сұрақтар белгілі бір тақырыпқа арналған. Әр командада өз үстелінде жауап жазуға арналған бланкілер, қаламдар және ноталарға арналған бірнеше бос парақтар болуы керек. Жүргізуші сұрақты оқығаннан кейін ойыншылар жауапты формада жазады. Жауап іздеуге белгілі бір уақыт бөлінеді, оның барысында ойыншылар логикалық ойлауды, тапқырлықты, эрудицияны, командада ойнау қабілетін пайдаланады. Сұрақтар көбінесе фотосуреттермен, аудио және бейне тізбектерімен толықтырылады. Кейбір ойындарда ойыншыларға ұсынылған мүмкін жауаптардың ішінен дұрыс таңдау ұсынылады. Тур аяқталғаннан кейін бланкілерді толтыруға қосымша уақыт беріледі, содан кейін бланкілер қорытындылау үшін тапсырылады. Бұл	«Адамда бәрі жақсы болуы керек...» «Мен өз елімнің тарихын жақсы білемін бе?» «Не? Қайда? Қашан?» Брейн-ринг»

	<p>уақытта жүргізуші дұрыс жауаптарды жариялайды. Бұл әр турдан кейін болады. Ойын бірнеше үзілістерді қарастырады, олардың барысында аралық нәтижелер шығарылады.</p> <p>Дұрыс жауаптар саны бойынша командалар ұпай алады. Жеңіс ең көп ұпай жинаған командаға беріледі.</p> <p>Ойын кезеңдері бірнеше түрде болуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тек ауызша сұрақтардан тұратын кезеңдер. - тапсырмалар суреттер түрінде тұжырымдалған кезеңдер (фильмнен алынған кадр, әйгілі компанияның логотипі. Сұрақ суреттің авторы, оның атауы, фильмнің басты кейіпкері, компанияның атауы немесе экрандағы объектімен тікелей байланысты кез-келген басқа ақпарат болуы мүмкін). - музыкалық кезеңдер. Мұнда үзінді тыңдап, жүргізушінің сұрағына жауап беру керек. 	
Қонақ бөлме (поэтикалық, музыкалық, педагогикалық...)	<p>Адамдардың қызығушылықтары бойынша еркін қарым-қатынас жасау үшін бірігуіне ықпал ететін жұмыс түрі.</p> <p><i>Талаптар:</i> қонақтарды жинау музыкамен бірге жүреді (тыныш, әуезді, жұмсақ ырғақтар). Қонақ бөлменің барысын басқаратын жүргізушілер (қонақ бөлмесінің иелері) таңдалады. Қонақ бөлме қонақтарды таныстырудан басталады. Содан кейін қонақ бөлмесінің қатысушылары естеліктерімен бөліседі. Әр қонақ өзінің өткенін өзінің жеке басының тарихы ретінде сақтайды. Қонақ бөлмесінің тақырыбы естеліктер тақырыбын да анықтайды: музыкалық қонақ бөлмеде олар музыкамен байланысты өмірлерінің эпизодтарын еске түсіреді; поэзияда – поэзияға деген бүгінгі қызығушылықты анықтайтын нәрсе; спортта – спортпен байланысты жағдайлар. Қонақтардың қойылымдары «Достық кәдесыйлар» алмасуымен бірге жүреді: «Мен сізге не әкелдім...». Қонақ бөлмесінің тақырыбына сәйкес слайдтар, фотосуреттер немесе ашық хаттар, хабарламалар мен кеңестер түрінде «кәдесыйлар» ұсынылады.</p>	«Менің жан дүниемнің әлемі»; «Мен және спорт»
Дебат	<p>Бұл белгілі бір ережелерге сәйкес ресми пікір-талас түріндегі тәрбиелік іс-шара, онда командалар белгілі бір даулы мәлімдеменің түрлі позицияларын қорғап, үшінші тарапты, судьяларды олардың ұстанымдарының дұрыс екендігіне сендіруге тырысады. Келтірілген дәлелдер дәлелдемелермен расталуы тиіс. Сыни тұрғыдан</p>	«Өкелер мен балалар»; «Біз өткен мен болашақтың арасындамыз»

	ойлаудан басқа, пікірталас зерттеу дағдыларын дамытады.	
Дебат	Командаларда жұмыс істеу қабілетін дамытуға арналған пікірсайыс түрі. Топ мүшелері мәселемен алдын-ала танысады, әдебиеттермен (фактілер, статистика, мысалдар) зерттеу жұмыстарын жүргізеді, мәселені әр түрлі жағынан қарастырады, дәлелдер мен қарсы дәлелдер дайындайды, қарсыластарына сұрақтар дайындайды. Командалар мәселеге қатысты жеке көзқарасын емес, жеребе тастау немесе келісім бойынша алған көзқарасын қорғайды. Мәселеге көптеген көзқарастардың екеуі ғана ұсынылған. Жеке нанымдар мәселені зерттегеннен кейін ғана жасалуы керек және бұл нақты өмір барысында болуы керек.	«Батыстағы өмір: қызықты әрі қорқынышты»; «Терроризмнің бастауы»
«Парламенттік пікірсайыс»	Парламент палатасындағы пікірталасқа ұқсайтын мәселелерді дәлелдеу, риторика және тапқырлық дағдылары сайысы. Үкімет пен оппозиция командаларының 2 ойыншысы палатада ұсынылған тақырыпты қарастыруда. Әр турға түрлі тақырыптар ұсынылады. Пікірсайысты Палата Спикері басқарады, ол раунд кезінде судья қызметін атқарады. Премьер-министр тақырыпты жариялайды, кілт сөздерді ұсынады, ойынға үн қосады және ойын өтетін бағытты анықтайды. Парламенттік пікірсайыстың негізі – жылдам және логикалық ойлау және өз ойларын айту мүмкіндігі.	«Қоғамдық тәртіп және жеке бас бостандығы»; «Заң және тәртіп»
Данышпан күні	Тәрбие жұмысының бұл формасы жастардың адамның таусылмайтын мүмкіндіктері, олардың жеке адамдардағы максималды даму деңгейі туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді. «Данышпан» күнін өткізудің мақсаты – білім алушыларды әртүрлі дәуірдегі ұлы, данышпан, көрнекті адамдарымен таныстыру, оларға данышпандық – бұл қандай да бір іс-әрекеттің ерекше қабілеті ғана емес, сонымен бірге үлкен шыдамдылық, мақсаттылық, қажырлы еңбек екенін түсінуге көмектесу. «Данышпан күні» күні бойы өткізілетін және ұлы адамдардың біреуіне арналған танымдық, сондай-ақ құндылыққа бағдарланған жоспардың жарқын, мазмұнды іс-шаралар кешенін біріктіреді (тиісті стендтер, қабырға газеттері, көрмелер дайындау; ауызша журнал, тақырыптық кеш, викториналар, отырыстар, әдеби (музыкалық) қонақ бөлме)	«Қасиетті жеті саны»; «Адам және оның тағдыры», Яссауи феномені».
«Пікірталас әткеншегі»	Ұсынылған тақырып бойынша пайымдаулардың жоғары -төмен тербеліс кезіндегі сұрақтармен пікірталас түріндегі тәрбиелік іс-шара:	«Жасаушы мен тұтынушы»; «Салт-дәстүрлер

	екі серіктес кезекпен өз ойларын «тербеліс» арқасында жоғары көтерілуді қалай қамтамасыз етеді. Топтар (немесе екі адам) бір-біріне қарсы орналасады. Жетекші сұрақты айтқан кезде «әткеншектер» тербеле бастайды... талқыланатын мәселенің 2 түрлі көзқарасын қолдайтын афоризмдерді қолдануға болады.	сөйлейді»
Сырттай саяхат	Жастарды өз елінің экономикасымен, ғылымымен, мәдениетімен және басқа елдермен де терең таныстыру мақсатында өткізіледі. «Саяхат» негізгі міндеттері: тәрбиеленушілердің ой-өрісін кеңейту; білім қорын толықтыру; танымдық белсенділікті ынталандыру. Сырттай саяхатты ұйымдастыру үшін білім алушылар мен педагогтер өкілдерінен штаб құрылады, ол «саяхат» бағытын, оның «тоқтап қалу» бағытын жасайды, оқу үшін әдебиеттерді таңдайды және ұсынады, ұжымның шығармашылық топтары мен жеке білім алушылардың тапсырмаларын анықтайды. Дайындық барысында білім алушылар мерзімді басылымдармен және ұсынылған әдебиеттермен танысады, мамандармен кездеседі, естелік орындарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, мәдени орталықтарға барады, хабарламалар мен көрнекі материалдарды дайындайды.	«Адамның мүмкіндігі зор», «Адамзатпен қоғам», «Тарихи экспедиция»
Жоба қорғау	Қатысушылар өздері дайындаған фантастикалық перспективалық жобасы – кез-келген заманауи құбылыстың болашағы туралы болжамды ұсынатын және қорғайтын топтық іс-әрекет нысаны. Жобаны әзірлеу және оны қорғау білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын, білімдерін, армандарын анықтауға, қиялын, іздеу қызметіне деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. «Жобаны қорғауды» дайындау мыналарды қамтиды: <ul style="list-style-type: none"> - жоба тақырыбын анықтау; - жобаларды әзірлеу бойынша бірнеше топтарды ұйымдастыру; - әр топтың жобаларын ресімдеу; - тиісті баяндамаларды дайындау; - жобаны «қорғауда» топ мүшелері арасында рөлдерді бөлу (армандаушы-баяндамашы, сыншы-қарсылас, одақтас, насихаттаушы, қаржыгер және т. б.); - жетекші ойынды таңдау. Жобаларды «қорғау» процедурасы ұжымдық және жеке болуы мүмкін. Жобалар	«Біз және біздің мамандық»; «Болашақ қаласы»; «Менің болашағымның жобасы: мен 18 келгенде...»

	<p>модельдер, схемалар, сызбалар, суреттер түрінде ұсынылуы мүмкін. Қорғау барысында білім алушыларға сұрақтар қойылады, қарастырылып жатқан жобаның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікір алмасады. Қазылар алқасы әзірленген критерийлер негізінде және номинациялар бойынша барлық жобаларға түпкілікті баға береді</p>	
Тарихи экскурсия	<p>Бұл өткен эпизодтың рөлдік ойыны, оның басты мақсаты – өз өмірі үшін болашаққа сабақ алу. Талдау эпизоды адамзат үшін ең маңызды оқиғалар, көрнекті тұлға туралы фактілер, сондай-ақ кеше таныс адамдармен болған оқиғалар (бұл өткені) туралы әңгімелеп, тарих туралы хабарлайды. Мұнда тарихи таңдау ауқымы барынша көп. Ойынның сюжеті орындалған мазмұнның мазмұнымен белгіленеді. Мағынасы Тарихи эпизодты жаңғыртуда ғана емес, сонымен бірге оқиғаға жақын болған куәгерлердің, бақылаушылардың, замандастардың реакцияларында да бар. Сондықтан қатысушыларға тарихи оқиғаның кейіпкерлерінің қалай әрекет еткенін елестету үшін рөлдер беріледі.</p>	<p>«Тарихқа саяхат», «Елімнің боашағы», «Кеше, бүгін, ертең»;</p>
Конференция	<p>Қоғамдық-саяси мәселелерді қарауды қамтитын тәрбие жұмысының күрделі түрлерінің бірі. Конференцияны ұйымдастырудың басты талабы – қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің көрінісі. Конференцияны дайындау жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Конференция тақырыбын анықтау. Конференция бағдарламасын құрастыру, баяндамалардың тақырыбын анықтау. 2. Рефераттар дайындау, баяндамашыларды таңдау. 3. 3-4 баяндаманы тыңдау. 4. Тыңдалған баяндамаларды талқылау, қорытындылау. 	<p>«Адам құқығын қорғау – қоғамдық прогрестің қозғаушы күші»; «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері»</p>
Дәріс	<p>Әр түрлі дереккөздермен жұмыс істеудің библиографиялық дағдыларын, зияткерлік және талдау қабілеттерін (материалды талдау, сөз сөйлеу жоспарын құру, фактілерді, мысалдарды пайдалана отырып, өз ойын сауатты, анық білдіру), өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталған білім алушылардың құндылық-іздістіру қызметінің нысаны (сөз сөйлеу кезінде өзін бақылау, сөз сөйлеу уақытын шебер бөлу, аудиторияға мұқият болу). Сөйлеудің мазмұны тек теориялық материалды ғана емес, сонымен қатар берілген тақырып бойынша ойлау элементтерін де қамтуы</p>	<p>«Толеранттылық»; «Өзіңді таны»</p>

	керек (яғни мәселеге бірнеше көзқарас).	
Ашық алаң	Білім алушылармен олардың әлеуметтік және азаматтық ұстанымдарын дамыту бойынша тәрбие жұмысының нысаны. Қатысушылар қазіргі заманғы әлеуметтік, саяси, экономикалық оқиғалардың мәні туралы өз пікірін білдіретін, бүкіл әлемге өз сөзін айта алатын ашық алаңның алдында тұрғанын елестетеді. Сонымен қатар, білім алушы өзі үшін кез-келген рөлді таңдай алады: Президент, депутат, оқу орнының, кәсіпорынның директоры, сонымен қатар өз атынан әрекет ету.	«Адам және соғыс пен бейбітшілік мәселелері»; «Бизнес және саясат»
Ашық микрофон	Жастардың публицистикалық қызметінің нысаны. Білім алушылар өз ұжымының алдында әлеуметтік өзгерістерге қатысты немесе ұжымдағы қарым-қатынасқа әсер ететін оқу орнындағы өмірді ұйымдастыруға қатысты қандай да бір мәселе бойынша сөйлейді. Микрофон топ білім алушылары үшін де, мұғалімдер үшін де, мектептің әкімшілік және техникалық қызметкерлері үшін де, ата-аналар үшін де ашық.	«Баспалдақ шыңы»; «Менің мамандығым адамдарға керек»
Әлемнің тұсаукесері	Шындықты объективті қабылдауды ашатын рухани-адамгершілік іс-әрекет нысаны. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің нәтижесінде білім алушыларға оның адам өміріндегі рөлін сипаттау үшін қандай-да бір пән ұсынылады. Нысанның тұсаукесері – бұл құбылысты өмірлік құндылық тұрғысынан жан-жақты қарастыру, қарым-қатынас әлемінің объективті шындығын анықтау. Білім алушылардың айналасындағы шындықтан кез-келген пән таңдалады (мысалы, үстелде – көзілдірік, демонстрациялық текшеде – бордың бір бөлігі және т.б.), оның адам өміріндегі рөлі, осы тақырыпқа жеке көзқарасы туралы сұрақ қойылады. Тұсаукесер тақырыбы құбылыс, оқиға, факт, процесс болуы мүмкін.	«Менің құндылықтарым»; «Махаббат пен ғалам»; «Патриотизм: шынайы және алдамшы»
Көпшілік дәріс	Еркін аудитория алдында моральдық-этикалық немесе психологиялық тақырыптағы ғылыми немесе философиялық жоспардың дәрісі: жоғары сынып білім алушылары, педагогтер, ата-аналар. Дәрісті өткізудің қатаң шектелген уақыты - 15-20 минуттан артық емес – оны үлкен үзіліс кезінде өткізуге де мүмкіндік береді. Бұл іс-шараның ерекшеліктері – ережелерді логикалық орналастырудың қызықтылығы, пайымдаулардың дәлелі, тұжырымдардың нақтылығы, дәріс тезистеріне 2-3 ерекше ерекше мысалдың болуы, сонымен қатар тыңдаушылардың жағдайы мен көңіл-күйіне әсер ететін эстетикалық дизайн.	«Адам және ақша», «Өмір және өлім»; «Жеке тұлғаның кәсібі және оның әлеуметтік мәртебесі»

Пікірлер жетелейді	Бұл қоғамдық пікірді анықтау үшін топтық істі ұйымдастырудың жедел және икемді нысаны және топтық іс-әрекетке қатысушылардың кез-келген мәселе немесе тақырып бойынша ұйымдасқан балама мәлімдемесін қамтиды. Әдістемелік кілт – бұл жалпы сипаттағы аяқталмаған сөйлемдері бар көптеген карталар жиынтығы. Бастапқы сөйлем ойға бағыт береді, сөйлесудің бірінші сәтінде білім алушыға әңгіме бастауға көмектеседі және қойылған сұраққа көзқарас бұрышын анықтайды. Аяқталмаған фразалар келесі сипатта болуы мүмкін: «менің ойымша..., бұл мәселеде ең бастысы...», «менің көзқарасым...»	«Менің өмірлік жоспарларым»; «Интернет бізге не береді?»; «Әскер – өмір мектебі?»
«Сот» рөлдік ойыны	Бұл қазіргі қоғам өмірінің жағымсыз құбылыстарына (немқұрайдылық, нашақорлық, бұзақылық және т. б.), адам жамандықтарына (жалқаулық, ашкөздік, цинизм), азғындық әрекеттерге (сатқындық, ұрлық) қатысты «сот процесі» түрінде өткізілетін имитациялық ойын түрі.	«Темекіге қатысты сот»; «Есірткіге жол жоқ!»
Ток-шоу	Қатысушылардың көп санымен талқылау. Ток-шоуды өткізудің мәні талқыланатын мәселеге бірыңғай көзқарас қалыптастырумен шектелмейді. Оның мақсаты – білім алушыларды өздерінің құндылықтарын сыныптастарының пікірлерімен, жалпы қабылданған моральдық талаптармен байланыстыру арқылы моральдық таңдау жағдайына қосу. Дайындық кезінде мәселені қалай қою керектігін анықтау керек: маска киген адамның әңгімесі, «Маска тарихы»; кино немесе бейнефильмнің үзіндісін көрсету; кітаптан, журналдан немесе газет мақаласынан жағдаятты оқу; жағдаятты сахналау	«Мен – кәсіпкермін»; «Отбасы»; «Өмірлік құндылықтар»; «Бизнес және мораль»
Турнирлер	Білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің формасы. Бұл бірнеше қатысушы командалардың (әдетте 5 адамнан) шығармашылық сайысы, онда командалар кезек-кезек «шабуыл жасайды» және «қорғайды», «қарсыласқа» сұрақтар қояды және ойын бойынша қарсыластардың сұрақтарына жауап дайындайды. Турнирлер бір профильді немесе күрделі, жарыс турлары әртүрлі тақырыптарға арналған. Ойындағы турлардың саны қатысушы командалардың санымен анықталады. Турнир аяқталғаннан кейін әр команда турдың қорытындысын шығарады, оны өткізуге ол жауапты болды. Турнирдің жеңімпазы ең көп ұпай жинаған команда болады.	«Сенің азаматтық құқықтарың мен міндеттерің»; «Мамандықтар от шашуы»; «Табиғат білгірлерінің турнирі»
	Білім алушылардың шешендік қабілеттерін	«Жолдастық»;

Шешендер турнирі	дамытуға бағытталған білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің нысаны. Турнир барысында сайыс параметрлері ұсынылады: сөйлеу логикасы, сөйлеу көркемдігі, көрермендермен қарым-қатынас, пластикалық мәнерлілік, әдептілік, көрнекі материалды көрсете білу және т. б. қазылар алқасы қатысушылардың спикерлерінің сөз сөйлеуіне арналған тақырыптарды белгілейді: жалпы – бірінші тур үшін; бірнеше – екінші турда жеребе тастау үшін; бірнеше – қорытынды тур кезінде еркін таңдау үшін. Спикерлердің сөйлеуі «тезис – дәлел – иллюстрация» формуласы бойынша реттеледі және ұйымдастырылады.	«Қазіргі жастар: кімдер?»
Керемет тұлғалық сабақтар	Көркем мұра материалдары, ұлы адамдардың – жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің, ғалымдардың, саяхатшылардың, философтардың, соғыс және еңбек ардагерлерінің өмірбаяны бойынша тәрбиелік іс-шара. Өткізу кезінде түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады: педагог пен білім алушылардың әңгімесі, комментальды оқу, сөздер бойынша ой толғау, пікірлер эстафетасы және т.б.	«Кәсіби маманмен кездесу»; «Еңбек ардагерлерімен кездесу» «Ақын-жазушылармен кездесу»
Ауызша журнал	Білім алушыларға саясат, ғылым, техника, әдебиет, өнер саласындағы маңызды ақпаратты жарқын, эмоционалды түрде жеткізуге мүмкіндік беретін жұмыстың өзіндік формасы; ауызша журналды білім алушылардың өздері жүргізеді. Бір сұрақты қамтитын журналдың бір бөлігі шартты түрде журналдың «беті» деп аталады. Оның жалпы көлемі 3-5 «бет». Ауызша журнал тақырыптық немесе шолу сипатына ие болуы мүмкін.	«Руханият және адамгершілік»; «Азамат деген кім?»
Философиялық үстел	Идеологиялық сипаттағы мәселелер бойынша білім алушылармен өткізілетін тәрбие жұмысының ең күрделі формаларының бірі, талқыланатын мәселе бойынша мұғалімнің кем дегенде маңызды философиялық дайындығын талап етеді. «Философиялық үстелге» қатысушылар философиялық әдебиеттерден жауап іздейтін сұрақ қояды. Әңгіме шарттарының бірі ретінде нақты күнделікті бақылаулар мен фактілерге сүйену ұсынылады. Мұғалімнің өнері білім алушылардың пікірлерін уақтылы байланыстырудан, олардың батыл ойларын қолдаудан, өз сөзін айтуға әлі бел бумағандарды байқаудан көрінеді. Философиялық үстелді өткізудің басты мақсаты – білім алушылардың өз бетінше талдауға, ойлауға және жаһандық сұрақтарға жауап іздеуге деген ұмтылысын ынталандыру.	«Толық бақыт үшін не қажет?»; «Еңбек және шығармашылық»; «Бостандық– бұл...»

Ойлар эстафетасы	Белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың пікірлерін кезекпен білдіруден тұратын іс-әрекеттің құндылық-бағдарлық формасы. бір немесе бірнеше топтың білім алушылары эстафетаны бастайды, қалғандары ұсынылған тақырыпты тереңірек және егжей-тегжейлі жалғастырады.	«Жанжалсыз мінез-құлық...»; «Жұмыс істеу деген нені білдіреді?»
------------------	---	---

ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СЫНЫП САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу бағыты

*Vinom school «Ұлы Дала» мектеп-лицейі мұғалімі Жұманазар Жадыра
Жұманазарқызының тәжірибесінен*

<i>Тақырыбы:</i> Ел ертеңі – Болашақтың көзімен
<i>Мақсаты:</i> Жас ұрпақты рухани мінез-құлықтық және азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеу. Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер аға-апалардың ерлігін үлгі ету. «Патриот» сөзінің терең мәнін түсіндіріп өту, патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын тұлғаны тәрбиелеу.
<i>Көрнекілігі:</i> Түрлі-түсті лента, презентация
<i>Тәрбие сағатының барысы</i>
<p style="text-align: center;"><i>Мұғалімнің кіріспе сөзі:</i> Армысыздар құрметті оқушылар! Бүгінгі «Ел ертеңі-Болашақтың көзімен» тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Ұлтына, еліне қызмет ету білімнен емес, мінезінен деп ұлт жанашыры Ә.Бөкейханов айтқандай бүгінгі шарамызда өз еліміздің патриотты екенімізді көрсетіңіздер</p> <p>Балалар мен сіздерге 3 түрлі лента дайындап қойдым,өздеріңізге ұнаған 3лентаны алып, шаңырақ болып тұра қаламыз</p> <p style="text-align: center;"><i>Ой қозғау</i></p> <p>Ал оқушылар сіздер алдымен «Патриот» ,«Отан» сөздері сіздерге таныс ұғымдар ал сіздер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз еліңіздің патриотты дегенді қалай түсінесіздер? 2. Өз отаныңның патриотты ретінде қандай үлес қосып жатырсыздар? 3. Сен өз отаныңның патриоттымын деп есептейсіңбе? <p>Балалар өз пікірлерін айтады:</p> <p>Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Олар - өз Отанының жалынды патриотты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының озаттары. Өз Отанын, халқын шексіз сүйшілік – барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім. Патриот – адамдардың өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығын көрсететін сезім. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп көрсетуге және гүлдендіруге ұмтылумен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отанын қорғауға дайын болуын білдіреді. Патриоттық сезімі – өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістер үшін мақтану, оның жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарау. Патриот сондай-ақ туған жерге, ата-бабасы жатқан жерге құштарлық сияқты терең перзенттік махаббатты да білдіреді.</p> <p>Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан –сенің туған елің, туған жерің, дос –жарандарың, туған туысқаның. Отан- бұл өзіңнің тұратын, өмір сүретін, қызмет ететін жерің. Отан адам үшін біреу ғана. Отанды анаға теңейді. Себебі, Отан сендерді</p>

анандай қорғайды, көмектеседі, күш береді. Біз Отанымызды, елімізді сүйеміз
Ендеше осы қолдарыңыздағы лента түсі бойынша топқа бөліне отыра қойыңыздар
Оқушыларға адамның азаматтық патриоттық ұстанымдарын сипаттайтын
қасиеттерін анықтау

1-топ Патриот (Кеше): Батырлар білектің күшімен ел қорғады. Аға-
апаларымыздың елді қорғаған батырларымыздың ерлігін насихаттау

2-топ Отан (Бүгін): Өрт сөндіруші қызметкерлер, медицина қызметкерлері,
спортсмендер Қазақстанды әлемге танытып жүрген олимпиада жүлдегерлерін ерлігін
насихаттау

3-топ Қыран (Ертең): «Жалынды жастар Жарқын болашақ» Білімді жастар, жас
ғалымдар

М. Жұмабаевтың мен жастарға сенемін өлеңімен бастау

Оқушыларға өз шеберліктері бойынша қойылым дайындауға немесе өлеңдер арнауға
болады.

Орындауға уақыт берілгенде ортамызға Абылайханды «**Ерке сылқым**» күйімен
ортаға шақырамыз.

Әр топқа өз шығармашылықтарын қорғауға 3-5 минут беріледі

1-топ Патриот (Өткені)

1-көрініс (Алаш партиясы)

Сахнада бірнеше орындықтар және президиум столы қойылған. Жоғарыда ұран
шүберекке жазылып ілулі тұр: «Жалпы қазақ съезіне қатысушыларға сәлем!»

Бәсең дауыспен әсерлі марштар орындалып тұрады.

Автор сөзі: 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғысқа Ресей империясының
қатысуы елдің барлық аймақтарына өз ауыртпашылықтарын әкелді. Соғыстың ұзаққа
созылуы Ресей империясына қарасты барлық өлкелерде оның ішінде Қазақстан жерінде
жалпы халықтың кедейлене түсуіне, жоқшылыққа ұшыратты. Осындай қайшылықтардың
соңы Ресейде Ақпан және Қазан төңкерістеріне апарып соқтырды. Патша тақтан
тайдырылып, Уақытша және Кеңес өкіметтері құрыла бастады. Осы оқиғалар сол кездегі
қазақтың алдыңғы қатарлы саяси қоғам қайраткерлерінің қазақ елінің болашағына деген
алаңдаушылығын оятты.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында 2-ші жалпықазақ съезі
өткізілді.

Сахнаға делегаттар жинала бастады

Мұхамеджан Тынышбаев: Құрметті делегаттар! Съезд делегаттары толық
жиналғанша Мірағадан (Міржақып) «Оян қазақ» өлеңін өз аузынан айтып берсе екен деп
сұраймын. Қалай қарайсыздар?

Дауыстар: Айтсын, айтсын, рухымыз көтерілсін.

Міржақып Дулатов: Осындай қуанышты күндері неге айтпасақ, Мұхамеджан
қарағым айтайын (өлең көтеріңкі күймен оқылады)

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамасты.

Дауыстар: Жарайсын, бәрекелді

Залға 3-4 делегаттармен Әлихан кіріп келеді.

Дауыстар: Әлекең келеді. Көш бастар арысым осы!

Сұлтанмахмұт ортаға шығып:

Көш бастаған еріміз! Алаш туы һәм бағын,

Қуанышты еліңіз Көзбен көріп төленді

Төбеміз көкке жеткендей Көптен бергі теріңіз

Көкіректен бүгін кеткендей Алаш туын қолға алған

Сізді көріп шеріміз Қараңғыда жол салған

Еліңіздің бұл шағын Арыстаным келіңіз!

Дауыстар: Оу, мынау «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам!» - дейтін алмас ақын Сұлтанмахмұт қой. Жаса ақыным.

Әлихан: Рахмет, Мақмұт інім, шығар биігің көп болсын. Ал, құрметті делегаттар, съезд жұмысын бастайық. Съездің күн тәртібінде «Алаш» партиясы мынандай мәселелерді қарауды ұсынады. Алаш партиясы атынан Мұстафа Шоқайға сөз беріледі.

Мұстафа Шоқай: Құрметті делегаттар! Мына мәселелерді ұсынамын:

1. Қазақ елінің аумағында Алашорда автономиясының республикасын құру туралы
2. Республикаға басшылық жасайтын үкімет-Ұлттық Кеңес құру туралы
3. Үкімет төрағасын сайлау және көптеген маңызды мәселелер қаралады.

Ағайындар, алдымызда соқпағы мен бұралаң жолы көп тарихи кезеңдер келе жатыр. Ішкі Ресейде Петроградта, Мәскеуде уақытша үкімет пен большевиктер Кеңестері билікке таласуда, Ресей халқы екіге жарылып, ақ гвардияшы-қызыл гвардияшы болып, бірін-бірі жұлып жеуге дайын тұр. Ал біз ат төбеліндей қазағымызды осындай қанды тартыстардан алып қалуға міндеттіміз. Қазірдің өзінде ортамыздағы Алашқа белгілі азаматтар Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Тоқаш Бокин, Тұрар Рысқұловтар большевиктер Кеңесіне бет бұруда. Халқымыз айтқан «Бөлінгенді бөрі жейді» деген, азамат соғысын Ресейдің ішкі ісі деп қарау керек. Біз өз елімізді, өз Алашымызды тарихтың тезіне салмай, өз тағдырымызды өзіміз шешетін үкімет құруды ұсынамын.

Мұңды әуен ойналып, сахна жабылып, автордың сөзі оқылып тұрады.

Автор: 1917 жылдың 5-13 желтоқсанындағы өткен 2-жалпықазақ съезі көптеген тарихи шешімдер қабылдады. Ең маңыздысы Қазақстан аумағында Алашорда автономиясы құрылды. Құрамында 15 делегаттан сайланған Үкімет төрағалығына бірауыздан Әлихан Бөкейханов сайланды. Алашорда автономиясының орталығы болып Орынбор қаласы жарияланды. Жалпы Алашорда құрамына сайланғандар қазақтың сол уақыттағы жоғары білімді, көзі ашық, төрткүл әлемде болып жатқан өзгерістерден хабары бар зиялы қауым өкілдері болатын. Олардың арасында заңгер де, экономист те, инженер де, дәрігер де, педагог та болды.

Өкінішке орай, Кеңес өкіметі күш алып, барлық елді мекендерде өз биліктерін орната бастады. Болшевиктік көсемдер Алашорда үкіметінің бағытын өздерінің әміршілдік-әкімшілдік билік жүйесіне қауіпті деп санап, оларды қудалай бастады

2-топ Отан (Бүгін)

«Өрт оқиғасы»

Жақсы күндердің бірінде күтпеген өрт шықты.

Үй өртене бастады, өтіп бара жатқан адамдар өрт сөндірушілерді шақыра бастады.

Өрт сөндірушілер бұл үйге 8 минутта жеткен.

Бұл үйдің кейбір көршілерінен басқа тұрғындарының барлығы көшіп үлгерді. Екі өрт сөндіруші бір пәтердің есігін бұзып ашып, жас жігітті аман алып қалды.

Және жедел жәрдем шақырып. Жедел жәрдем оған алғашқы медициналық көмек көрсетіп, ауруханаға жеткізді. Өрттің шығуына газ плитасы себеп болған. Бірақ бәрі сәтті сөндірілді.

Бұнымен айтпағымыз қазіргі таңдағы нағыз патриоттарымыз ол біздің өрт сөндіруші қызметкерлер мен медицина қызметкерлері деп білеміз. Сондықтан біз бүгінгіне осы аға-апаларымыздың ерлігін насихаттағымыз келді.

3-топ Қыран (ертеңі)

Ұлт ертеңі - жас ұрпақ яғни, еліміздің жарқын болашағына бастау болар жастар екені сөзсіз, тіпті Абай атамыз айтқандай ақ «Ұлынды оқыт, қызынды оқыт, қаладан, білімдіге зәру мына заманын» дегендей - біз бүгін М.Жұмабаевтің “Мен жастарға сенемін» өлеңін жайында келіп отырмыз.

Гулдана: жарқын дауыспен Мағжан Жұмабаевтың мен жастарға сенемін өлеңі
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Маржан: Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Фариза: Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!...
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,

Елхан: Біз жастарға сенеміз! деп қатты дауыспен тақырыпты атаймыз сосын

басталады

Егемен елдің елдігін,
Көгерген жердің кеңдігін.
Қабыл ал болашақ ұрпағым
Келісіміңді бер бүгін.
Ұлыңа Алла жар болсын,
Қызыңның жолы тар болсын.
Бабадан қалған тәрбие
Болашақта да бар болсын!
Келешек сенім пердесін,
Батырым, ақыным бергесін.
Қазақтың ұлы намысын
Жастарға берді сенгесін.

Қазір мен сендерге әріптер көрсетемін сендер сол әріптен басталатын жақсы адам бойынан табылатын қасиеттерді айтасыңдар.

Ақбота: Мағжандар айтқан кешегі
«Жастарға сенем» деседі.
Сенімін ақтап солардың
Бағымыз болсын бес елі.
Елімді бар ғалам танысын,
Жықпайық ұлы ұлттың намысын.
Жалынды жастар тер төксін

Болашақ халықтың бағы үшін.

Жас қырандар – балапан,

Жайып қанат ұмтылған.

Көздегені көк аспан.

Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.

Сүттей таза жүректер.

Қасиетті тілектер –

«Мен жастарға сенемін!» деп осы өлең жолдары арқылы біз ел ертеңі нағыз патриоттарымыз ол біздің «Жалынды Жастардың» қолында екеніне осы бір өлең жолдарымен білдіргіміз келді.

Мұғалім сөзі: Жақсы керемет оқушылар мен 3топтың да шеберліктеріне тәнті болдым, сіздер біздің нағыз еліміздің патриот жастары екендеріңізге тағы бір көзім жетті, ендеше оқушылар мен сіздерге :

П – патриот, парасатты

А – ақылды,

Т – талантты

Р - рухы биік, рақымшыл

И - инабатты, ибалы,

О – отансүйгіш

Т – тәрбиелі

Қорытынды: Еліміздің адал, еңбекқор азаматы болайық. Ер жетіп еліміздің одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық.

Белгілі ақын атамыз Ж. Молдағалиев:

Өткеніңді еске алсаң,

Өскеніңнің белгісі.

Өткеніңді ұмытсаң,

Өшкеніңнің белгісі – деген екен. Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай - ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз, Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап қана қоймай, қашанда еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтау мықты ұрпақ, мықты азамат болатындарыңа сенімім мол. Еліміздің жанашыр патриоты болайық.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу бағыты

Vinot school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шоканова Гаухармас

Женисбекқызының тәжірибесінен

Тақырыбы	Қазақстан – менің Отаным
Мақсаты	Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;
Көрнекілігі	Қазақстан Республикасының картасы, рәміздер, авторларының суреттері, қанатты сөздер, гүлдер, слайд, Астана және Балпық би кентіне байланысты суреттер, сөзжұмбақ, тапсырма жазылған карточка
	Барысы
Сынып	1. «Еркін микрофон» әңгімесін өткізеді.

<p>сағатының басы</p>	<p>«Отан»- деген сөздің мағынасы «Қазақ тілі сөздігінде» былай анықталған: 1.туған ел, өскен жер; 2.үй-іші, отбасы,</p> <p>«Отан» деген сөзді сендер қалай түсінесіңдер?</p> <p>Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын қалыптастыру.</p> <p>2. «Менің тобым» әдісі арқылы сыныпты қиылған суреттер арқылы «Туған жер» және «Отбасы» деген топтарға бөледі.</p> <p>Мұғалім:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, біздің Отанымыз қалай аталатынын тауып көрейік. Ол үшін сөзжұмбақ шешейік. Жауаптарды үш тілде айтып көреді. 1. Қазақстанның ауа райы (құрғақ,dry) 2. Қазақстанның елордасы (Астана, Astana) 3. Қазақстанның тұңғыш президенті (Назарбаев,Nazarbayev) 4. Қазақстан қай құрылықта орналасқан? (Еуразия, Euroasia) 5. Қазақстанның жергілікті халқы қай тілде сөйлейді?(қазақ, Kazakh). 6. Қазақстанның рухани астанасы (Түркістан, Turkistan) 7. Қазақстанның ұлттық валютасы (теңге,tenge) 8. Қазақстанның көршілерінің бірі (Қытай, China) 9. Қазақстан неге бай? (кенге, natural resources) <p>Сөзжұмбақтың шешуі не болады? – Қазақстан</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның жері қандай? - Қазақстанның жері үлкен, әдемі, әрі бай.(слайд) - Дұрыс айтасыңдар, балалар - Балалар, біздің туған жеріміз, кіндік қанымыз тамған жер қалай аталады? - (өзінің тұрып жатқан жерін, аулын, қаласын айтады) <p>3.« Түйін сөз » әдісі арқылы сендер «Туған жер» өлеңін мұқият ден қойып отырып тыңдап, өз ойларыңды айтуға дайындалып отырыңдар.</p> <p>Сүйем сені ,туған жер Әжем жөргек жуған жер Шапқан жауды елімнен Батыр бабам қуған жер Сүйем сені туған жер Байлық, бақыт тұнған жер Миллиард пұт астықты Қамбаға жылда құйған жер Сүйем сені ,туған жер , Өнер, білім қуған жер. Ұшу үшін ғарышқа Тоқтар белін буған жер. (О.Асқар). Әр топ өлеңнен алған әсерлерін бір ауыз сөзбен түйіндеп шығады. Мысалы: «Туған жер – алтын бесік», «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас».</p>
<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>Мұғалім:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бүгінгі таңда Қазақстан өз алдына Тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз,гимніміз бар.Бейнежазбаны тамашалап, сұрақтарға жауап беру ұсынады. <p>https://www.youtube.com/watch?v=w7BNeQjxOkQ</p>

	<p>Мына сұрақтарды әр топтан жеке-жеке сұрайық.</p> <p>1.Елтаңбаның авторлары кімдер? /Шота Аман Уалиханов, Жандарбек Мәлібеков/ 3. Қазақстанның ұлттық ақшасы, ол қашан айналымға енді? /тенге, 1993, 15 қараша/ 3. Еліміздің рәміздері қабылданған күн? /1992 ж, 4 маусым/ 4. Қазақстан Туының авторы кім? /Шәкен Ниязбеков/ 5.Қазақстанның Ата Заңы қабылданған күн? /1995 ж, 30 тамыз/ Біз онда қандай елміз? \ Егеменді Қазақстанбыз. «Өз Отаның туралы не білесің ?» зияткерлік ойын 1.Заттың түсін білдіретін сөздерден басталатын қала атаулары (Ақтөбе, Ақтау,Көкшетау, Қызылорда,Ақмола,т.б.) Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау. «Картамен жұмыс жасай аламын» әдісі Карта бойынша берілген тапсырма: 1. Қазақстан картасын сал және Қазақстанның солтүстік, оңтүстік, батыс және шығыс өңірлерін көрсет. 2. Қазақстанның картасын сал және Қазақстанның батыстан шығысқа және солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығын көрсет. \ Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 300 000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 шақырымға созылып жатыр\ 3.Әріптердің орнын ауыстыру арқылы жасырылған сөзді тап.\карточка жасау\ МАТЫАЛ, АНАТСА, ОЛРА, ЕКТНМЫШ, НЕСӨМЕК, ҚАУТА, ЛАТЫДРОҚНАҒ</p>
<p>Сынып сағатының соңы</p>	<p>Қорытынды: «Отанға арнау» әдісі арқылы әр топ бір шумақ өлең жолдарын арнайды. Бәрі: Қазақстан, сен заңғар биіксің, кеңсің. Біздің жанымыз өзіне деген мақтанышқа бөленген. Біз сенің атыңды жер бетіне жар салар перзентіңбіз, тәуелсіздікті мықтап қолға ұстайтын балаңбыз! Қойнауы мол кенге тұнған Кең жайлауы малға толған, Жерұйықтай жері дархан Жаны жомарт елі дархан Бәрі: Ол біздің - Қазақстан! Хор: https://www.youtube.com/watch?v=zt_fcTpg-t4 «Тәуелсіз ел»</p>

Рухани-танымдық тәрбие бағыты

*Vinom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шотпаева Анар
Каирбекқызының тәжірибесінен*



<p>Тәрбие сағатының тақырыбы: «Достық - таусылмас қазына»</p>	<p>Ресурстар:</p>
<p>Тәрбие сағатының мақсаты: Тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, мазмұнын ашу, нағыз досты тани білуге үйрету. Оқушылардың өзіндік ойларын еркін жеткізе білуге, досты қадірлеуге және тіл байлықтарын, түсініктерін қалыптастыру. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді сақтай білуге, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу</p>	
<p>Құндылықтар: рухани-адамгершілік</p>	
<p>Тәрбие сағатының барысы: Қызығушылықты ояту. «Тілектер гүл шоғы» ойыны. Мұғалім: -Біз бүгінгі сабағымызды «Тілектер гүл шоғы» ойынымызбен бастайық. Бір-бірімізге жақсы тілек тілеп, қуанышқа бөлейік. <i>(Қолдарында гүлдері бар балалар дөңгелене тұрады. Мұғалім өзі бастап, оқушылар гүлді бір-біріне тілек айту арқылы ұсынады: «Денің сау болсын, әдепті бол, ақылды бол, білімді бол, жақсы бол, аспаның ашық болсын, елімізде тыныштық болсын, амандық болсын, бірлік, татулық».... т. б.)</i> Мұғалім: - Бүгінгі сабағымыз адам бойындағы керемет бір қасиет достық тақырыбына арналады. -Мына бір өлең шумағын оқып көрелікші Оқушылар хормен оқиды: Достық деген өмірде ең керегі, Достық болып дүние дөңгеледі. Өзендегі толқындар дос боп ақты, Қанатымыздай жүгіріп кеудедегі. -Достық деген не, қалай түсінесіңдер? «Ой қозғау» - Ғұламалар ғибратын тыңдау: <i>Оқушы:</i> Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен адам өмiр сүрiптi. Бiр күнi замандастары әңгiме-дүкен құрып отырған шақта оған: – Осы достықтың неше түрi болады?, - деп сауал тастаған екен. Сонда Әйтiмбет: – Достықтың екi түрi болады. Бiрi – адал достық, екiншiсi – амал достық, – деп жауап қайтарыпты. Замандастары тағы да: – Ендi осы екi достықты қалай ажыратамыз? – деп сұрапты. Әйтiмбет ойланбастан: – Адал достық – өмiрлiк нұсқа болады, амал достықтың өрiсi қысқа болады, – дептi. «Венн диаграммасы» Мұғалім: -Бұл нақыл сөзден не түйдiңдер? Сонда амал достық пен адал достықтың айырмашылығы неде? «Венн диаграммасы» арқылы</p>	<p>Ойын-тренинг</p> <p>Слайд</p> <p>Аудио</p>

<p>салыстырайық.</p> <p>Ата-аналармен жұмыс: «Интервью» әдісі.</p> <p>Мұғалім:</p> <p>-Бүгінгі сабағымызға арнайы шақырылған ата-аналар тарапынан келген қонағымыз бар, біздің тілшілерімізбен, оқушыларымызбен сұхбаттасуға, ақыл-кеңестерімен бөлісуге келген екен.</p> <p>(сынып оқушылары тілші ролінде достық тақырыбында өздерінің қызықты сұрақтарын қояды)</p> <p>Тілшілер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бала кезіңіздегі достарыңыз есіңізде ме? 2. Достарыңызбен қалай тіл табысушы едіңіз? 3. Достарыңыз көп болды ма? 4. Бала кезіңізде достарыңызбен болған қызықты оқиғамен бөліссеңіз т.б. <p>Топтық жұмыс: Жағдаяттардың оң шешімін табу.</p> <p>А) Жанболаттың жаңа досы бұрынғы досын тастауын өтінді. Өзімен ғана дос болғанын қалады. Жанболаттың орнында болсаңдар не істер едіңдер?</p> <p>Ә) Сенің досыңның мінезі өте қиын. Үлкенмен де, кішімен де болмайтын нәрсеге ілінісіп қала береді. Өзінен кішкентайларға көп әлімжеттік жасайды. Сенің іс-әрекетің?</p> <p>Б) Айдостың досы үнемі сынптастарын мазақтап, намыстарына тиіп жүреді. Бірде ол Айдосты да мазақ етіп күлді. Айдостың орнында болсаңдар не істер едіңдер?</p> <p>Видео-сюжет тамашалау: «Достар қандай болады?» https://www.youtube.com/watch?v=IJte5ly8Hq8 -Достық жайлы нені білдіңдер?</p> <p>Ойын: «Достық приамидасы» Мақсаты: оқушыларды достыққа, бірлікке баулу, бір-бірін құрметтеп сыйлауға ұмтылдыру. Ойын Ережесі: Оқушылар топтарға бірігіп, топтағы оқушылар біріге, бірлескен жұмыс атқара отырып, берілген заттармен «Достық пирамидасын» жылдам құрастырады. Керек заттар: резеңке, стакандар, жіп. (резеңкеге тартылған әр жіпті оқушылар ұсаай отырып, бірлесіп сиякандардан пирамида жасайды)</p> <p>Қорытынды: Мұғалім: -Қалай ойлайсыңдар, бұл «Достық пирамидасын» құрастыра алуда бізге не көмектесті? Ән айту: «Дос туралы жыр» С.Бәйтереков. https://www.youtube.com/watch?v=givNB6gZCPs</p>	<p>Плакаттар</p> <p>Постерлер</p> <p>Бейне-материал</p> <p>Стакандар, жіп</p>
---	---

Рухани-танымдық тәрбие бағыты

*Vinot school «Ұлы Дала» мектеп-лицейінің мұғалімі Карменбаева Шолпан
Нурхасимқызының тәжірибесінен*

Тақырыбы	Мейірімділік – асыл қасиет
Мақсаты	Балалардың «мейірімділік», «қайырымыдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, мейірімділіктің адам өміріндегі

	маңыздылығын түсіндіру. - Өзара сыйластық қарым қатынастарын дамыту;
Көрнекілігі	интер. тақта, суреттер, көрініс
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>Шаттық шеңбері - Қуанамын менде , Қуанасың сенде. - Қуанайық бәріміз, Арайлап атқан күнге! Топтарға бөлу</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: red; color: white; padding: 10px; border-radius: 15px; width: 30%;"> <p>Қызыл түс – адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Олар кез келген қиындыққа мойынсұнбайтын күрескер, батыл адамдар.</p> </div> <div style="background-color: yellow; padding: 10px; border-radius: 15px; width: 30%;"> <p>Сары түс – бұл түсті қалаған адамдар өзгерістерді жиі қалап тұрады. Сары түске құмар адамға тұрақсыздық тән.</p> </div> <div style="background-color: green; color: white; padding: 10px; border-radius: 15px; width: 30%;"> <p>Жасыл түс – бұл түсті таңдағандар айналасындағы адамдардан үнемі мақтаулар, жақсы пікірлер</p> </div> </div>
Кіріспе (әңгіме)	<p>Бейнебаян</p> 
Сынып сағатының ортасы	<p>- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? - Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімге бөлендіңдер? - Жақсы көретін жан-жануарларың бар ма? - Табиғатқа қамқорлық жасаған кездерің болды ма?</p> <p>Мәтінмен жұмыс <i>Мейірімділік туралы аяқталмаған мәтін беріледі.</i></p>
Суретпен жұмыс	<div style="text-align: center;">  <p>Мейірімді бала</p> <p>Қытай жерінде біреудің зағын ұрпаған кісінің қолын кесетін ескі заң бар. Бірде бір төре ұрлық жасап, кінәлі болады. Олгі төренің қолын кесу туралы жазаны береді. Сонда патшаға, төренің жас қызы әкесі үшін жауап бермекші,- деген хабар келеді. Қызды патшаға алып келеді.</p> <p>- Тақсыр патшам, - дейді қыз</p> </div>

Мәтінді аяқтау тапсырылады.

өзінің қолын көрсетіп. Бұл қол да – менің жазықты болған әкемнің қолы. Бірақ бұл қолмен бала шағасын асырауға шамасы келмейді. Тақсыр, осы нашар қолды кесіп, жұмысқа жарамды, бала – шағасын асырайтын қолын әкеме қалдыруға бұйрық беріңіз.

Патша қыздың әкесіне деген мұнша мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешіпті.

Топтарға суреттер беріледі.

1-топ



2-топ



3-топ



I топ. Сен мектептен келе жаттың кенет көшеде бір топ баланы көрдің. Олар суға түсіп кеткен кішкентай күшікке тас лақтырып жатыр екен сен не істер едің?

II топ. Сен досыңмен келе жаттың. Кенет сендердің қасыңнан өте бергенде бір қыз бала аяғы тайғанап құлап қалды. Сен не істер едің?

III топ. Айналамыздағы қоршаған орта мен құстарға қандай жақсылық жасауға болатыны туралы айтындар

Әдебиеттік оқу «Азаттық жолында» мәтінінен үзінді:

- Құлыным, ұлым!

- Анам! Сорлы анам!

- Сені де көретін күн бар екен-ау!

Қарауыл: - Тездетіндер! Уақыт аз қалды.

Көрініс

Топтық жұмыс

-Уақыт аз қапты, апа! Мен үшін қайғырып ,жүдеме! Нар тәуекел.Жақында қасымдағы бір жолдасым абақтыдан шығады,бәрін сол айтады.

-Балам, ұлым ! Жалғыз қалдым ғой,ауылда қатынасатын адам да қалмады. Жалғыздықтан әбден шаршадым.

Қарауыл: - Болды жүр, түс алдыға!

-Қош, анам қош!

-Ұлым ! Балам! Жалғызым! (Анасы,тізерлеп отырып қалады)



Қызыл түс - «Ана» мақал – мәтел **Жасыл түс - эссе жазу**



Сары түс – өлең шығару




«Мейірімділік жібі»

(Балалар бір-бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)


- Күлімдеген- күн мейірімді!
- Кіршіксіз ақ қар мейірімді
- Таза мөлдір су – мейірімді !
- Жылы жүзді ұстазым мейірімді!
- Тату-тәтті Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!
- Аяулы анам мейірімді!



**Сынып
сағатының
соңы**

Қорытынды	<ul style="list-style-type: none"> - Қадірлі әкем мейірімді! - Әлпештеген әжем мейірімді! - Еркелеткен достарым мейірімді! - Егіні мол жер мейірімді! - Қамқор апам мен ағам мейірімді!
	<div style="text-align: center;">  </div> <p>-Балалар кәнекей, қолымызды жоғары көтерейік. Жіп орамы арқылы біз тілегіміз бір болып, бір тұтас болғанын көріп отырмыз Хормен: Біз әрқашанда біргеміз. Жақсы істер жасауға дайынбыз.</p> <p>Мейірімділік ағашы. Балалар, мейірімділік туралы жақсы сөздерді стикерлерге жазып, ағашты жапырақтарға толтырайық!</p>

Рухани-танымдық тәрбие бағыты


*Vinom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Амиргазина Риза
Далелқызының тәжірибесінен*

Тақырыбы	Адамгершілік – асыл қасиет
Мақсаты	Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету; Оқушыларға діни тәрбие берумен қатар, бір Аллаға сенімдерін арттыру, дінді уағыздау арқылы балаларды тазалыққа, имандылыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігі	қанатты сөздер, суреттер, «отбасы ағашы», оқушылардың шығармалары
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>1. «Амандасу қағидалары» тренингісін өткізеді.</p> <p>Балалар шаттық шеңберіне жиналып, бір – бірімен әртүрлі қимылдар арқылы амандасады. Амандасудың әдептілікке жататынын еске түсіреді.</p> <p><i>Әдепті бала қашанда сәлемдеседі. Кезіккен адамдармен амандасады, көмегі және қамқорлығы үшін алғыс айытып, кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды.</i></p> <p>Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын қалыптастыру.</p> <div style="text-align: center;">  </div>

<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>«Әдептілік» жайлы бейнежазба https://www.youtube.com/watch?v=GrRMZZ8tcMY Адамгершілік, сыпайылық қарым - қатынас қасиеттерді үйрену керектігін айтып, бейнежазбаның мазмұнын қорыту.</p> <p>1. Ойын «Жалғастыр» «Не істеуге болмайды?»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.) - Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.) - Құстарды.....(атуға болмайды.) - Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.) - Сабақтан.....(кешігуге болмайды.) - Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.) «Не істеу керек?» - Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.) - Үлкеннің тілін.....(алу керек..) - Үлкендерге.....(сәлем беру керек.) - Кішілерді.....(қамқорлау керек.) - Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.) <p>2. «Көгершіннің хаттары» . Хаттарды оқып, талқылау</p> <p>1 хат. Құрметті достар! Менің көршімнің бір баласы бар. Өзі өтірікші көзбе - көз өтірікті айта қояды. Маған күнде келіп ойнағысы келеді. Мен онымен дос болып бірге ойнайын ба?</p> <p>2 хат. Құрметті достар! Менің де бір досым. Өзі мақтаншақ. Ойнап жүргенде үй ішін айтып, нәрселерін айтып, бөсіп мақтанады. Мен онысын ұнатпаймын. Бірақ ойынды жақсы ойнайды. Мен осы баламен дос болайын ба, айтыңдаршы?</p> <p>3 хат. Құрметті достар! Партада менімен бірге бір бала отырады. Ойнап - ойнап тапсырмасын орындамай, жазбай келеді. Мұғалім сұрағанда қысылады. Сабақты менің дәптерімнен көшіріп алады. Мен бермесем, «Сен сараңсын»- дейді. Мен не істеуім керек?</p>
<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>Оқушылар өзінің жаман және жақсы қасиеттерін стикерлерге жазып, жаман қасиеттерін түнге, жақсы қасиеттерін күнге жапсырады.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: flex-start;"> <div style="text-align: center;"> <p>Жағымды қасиетім</p>  </div> <div style="text-align: center;"> <p>жағымсыз қасиетім</p>  </div> </div> <p>Қорытынды.</p> <p>Сонымен, балалар әдептілік үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасау кез келген адамның бойында қалыптасатын ерекше бір қасиет. Жеке басымызды ойлайтын жаман қасиеттерден аулақ болайық! Жақсы қасиеттерді ғана бойымызға дарытайық деп, - бүгінгі тәрбие сағатын мына өлең шумағы арқылы аяқтағым келіп тұр. Үлкенге иман керек, Кішіге иба керек. Адамдар бірін-бірі Құрметтеп сыйлау керек. - Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!</p>

Ұлттық тәрбие

*Vinom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Амиргазина Риза
Далеловнаның тәжірибесінен*

Тақырыбы	Салт - дәстүрім таусылмайтын байлығым
Мақсаты	қушыларды халқымыздың рухани байлығын игеруге, ұлттық озық дәстүрден үлгі алуға баулу, халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт - дәстүрлерін дәріптеу.
Көрнекілігі	Салт - дәстүр бұйымдары, слайдтар, т. б.
Мақсаты:	Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын қалыптастыру
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>1. «Мен зерттеушімін» әдісі арқылы миға шабуыл жасау. Мұғалім балаларға микрофонмен журналистік зерттеу сұрақтарын қояды.</p> <p>«Өнерлі халық - өміршең халық» - демекші, қандай салт-дәстүрлерді білесің? Қысқаша сипаттай аласың ба? деген сұрақтарға жауап алып, постерге топтастырады.</p> <div style="text-align: center;">  </div>
Сынып сағатының ортасы	<p>Мәнге толы қазағымның ғұмыры, Сан асылдың ашылып тұр тұғыры Кеше ғана керексіз деп тастаған, Ғажап екен әдебі мен ғұрыбы.</p> <p>Сабағымызды бастамас бұрын салт - дәстүрлер туралы қысқаша бейнежазба тамашалап алайық. https://www.youtube.com/watch?v=WYCs4u-vbkM Бүгін біздер өз еліміздің дәстүрлерін насихаттай отырып, саяхат жасауға аттанамыз.</p> <p>1. «Дәстүрлер сөйлейді» атты көрініс.</p> <p>Шілдехана - Жаңа туған нәрестенің құрметін. е жасалатын той. Бесікке салу - Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы.</p> <p>Қырқынан шығару - Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады. Ол сәбидің жан - жүйесінің қалыптасып, дені сау болып өсуіне деген ақ тілектен шыққан.</p> <p>Тұсаукесер - сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалынатын ғұрып.</p> <p>Ат қою - қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер беделді кісілерге қойғызып батасын алған.</p> <p>Айдар. Бабаларымыздың төбе шашын ұзартып өсіріп, моншақ араластырып өсіріп қояды. Бұл ғұрып ер балаға жасалады.</p> <p>Кекіл. Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да, маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қияды.</p>

	<p>Базарлық - алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына әкелген сыйлығы.</p> <p>Байғазы - балалардың, жастардың жаңа киімі, заты үшін берілетін ақшалай, заттай сый.</p> <p>Тілашар - баласы 7 жасқа толған соң, балаға жаңа киім кигізіп, оқу - жабдықтарын дайындап шағын той өткізеді. Мұны «Тілашар той» деп атайды.</p> <p>2. «Салтымыз бар қадірлі» атты пікірталас.</p> <p>Асату - ет желініп болған соң, төрде отырған ақсақал табақта қалған етті жас балалар мен жас жігіттерге асатады.</p> <p>Сүйінші - Қуанышты хабар жеткізуші адам. Сүйінші! Сүйінші! - деп келеді. Мұндайда қуанған үй иесі «Қалағаныңды ал!»- дейді немесе оған риза болатындай сыйлық береді.</p> <p>Шашу - қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр.</p> <p>Ерулік. Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрыннан тұратындар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады.</p> <p>Енші. Балалар ер жетіп, жеке үй болғанда ата - анасы дүние - мүлік, мал беріп, отау тігіп жеке шығарады.</p> <p>Аманат. Бір адамның екінші біреуге беріп жіберген заттары аманат деп аталады. Аманатқа қиянат жасауға болмайды.</p> <p>Сыбаға. Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын - жуығына сақтаған кәделі ет мүшелері.</p> <p>Жеті ата. Халқымыздың кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуге міндеттеген. (Өз жеті атасын атап шығу)</p>
Сынып сағатының соңы	<p>Ата салтым - асыл мұрам, ардағым, Бабаларымыздың жалғастырар арманын. Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім, Өткенімді бүгінменен жалғадым.</p> <p>«Дәстүрлер ағашы» әдісі. Балалар бүгінгі сабақта танысқан әрбір дәстүрдің атын түрлі - түсті таспаларға жазып, ағашқа байлайды.</p> <p>Балалар барлығымыз халқымыздың салт - дәстүрін, әдет - ғұрыптарын сақтап құрметтейік.</p>

Отбасылық тәрбие


*Binom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шоканова Гаухармас
Женисбекқызының тәжірибесінен*


Тақырыбы	Мен және менің отбасым.
Мақсат	Бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынастың маңыздылығын, отбасындағы құнды дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын айқындату.
Көрнекілігі	қанатты сөздер, суреттер, «отбасы ағашы», оқушылардың шығармалары
Барысы	
Сынып сағатының басы	1. «Үш қол» тренингісін өткізеді. Үш түсті ұағаздан қолдың пішіні қиылады. Мысалы, көк, қызыл, жасыл. Мұғалім оқушыларды жұппен тұруларын ұсынады. Жұптағы

	<p>оқушылар мұғалімнің көтерген қолының түсіне байланысты қимылға түсіп амандасады.</p> <p>Көк – оқушылар бір-біріне қол беріп амандасады; Қызыл – қушақтасып амандасады; Жасыл – арқаларымен амандасады;</p> <p>Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын қалыптастыру.</p> <p>2. « Менің тобым» әдісі арқылы сыныпты шашылған әріптер арқылы «Айым», «Күнім», «Жаным» топтарына бөледі.</p> <p>3.« Түйін сөз » әдісі арқылы оқушылар алдымен, отбасы туралы бейнежазбаны көреді.</p> <p>Бейнежазбаны мұқият көріп, «Отбасы» сөзінің мағынасын ашатын түйінді ойды топтастырады.</p> <div data-bbox="464 651 1185 891" data-label="Diagram"> </div> <p>- Ал, балалар, сабағымызға сәттілік тілеймін. - Сендер топқа бөліндідер. Топта жұмыс істеудің «Алтын ережесін» еске түсірейік. Топтарыңның аты «Айым», «Күнім», «Жаным» деп неліктен аталған деп ойлайсыңдар? Бұл сөздерді кімдер айтады?</p> <p>- Ендеше бүгінгі сабағымызда отбасы туралы сөз қозғаймыз.</p>
<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>«Отбасы» бейнежазбасын көреді. https://www.youtube.com/watch?v=GxKfXLV1G7s</p> <p>1- топ . Айым. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? (сахналық қойылым)</p> <p>2- топ. Күнім. Отбасына қатысты туыстық атауларды жаз.</p> <p>3- топ. Жаным. Отбасындағы жарасым бірін-бірі сыйлайтын, түсінетін, бір-біріне қамқор болу үлкендерге де, кішіге де байланысты екен. Онда осы жарасымды күшейтетін «Отбасы ережесін» құрыңдар. «Айым болып тудың ба?» әні орындалып тұрады. Топ жұмысын қорғайды.</p> <p>Мұғалімнің сөзі: Ертеде ата-бабаларымыз киіз үй ортасында от жағатын, оны ошақ деп атаған. Бүкіл отбасы мүшелері от басына жиналып әңгімелесіп, ас ішіп отыратын. Сол кезден бір үйде тұратын жақын туысқандарды отбасы деп атайды. Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын ең жақын туыс адамдар. Оларды отбасы мүшелері дейміз.</p> <p>Мақал – мәтелдің жалғасын тап. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болу үшін, оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болуы керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген.</p> <p>Отбасы туралы мақал-мәтелдердің жалғасын табыңдар.</p> <p>1. Ата – асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ,</p>

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

*Vinot school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Амиргазина Риза
Далелқызының тәжірибесінен*

Тақырыбы	Еңбек-қуаныш, жалқаулық-азап
Мақсаты	Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Мамандық-киелі ұғым. Мамандық иелері туралы ой-пікірлер, мамандық таңдауға ұйытқы болатын жағдаяттарды талдау.
Көрнекілігі	нақыл сөздер, көрініске қажетті заттар, АКТ, қима қағаздар, шар, домбыра.
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>«Ой шақыру» кезеңі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. -Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар? 2. -Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз? 3. -Өздерің еңбектің қандай түрлерімен айналысқанды ұнатасыңдар? 4-Адамға өмір сүру үшін ең алдымен не қажет деп ойлайсыңдар? <p>Еңбек сөзін топтастыру</p> 
Сынып сағатының ортасы	<p>«Кім тапқыр?» әдісі. Топтасып жұмыс жасайды.</p> <p>Тапқыр болсаң тауып көр» 3 ұяшықта сұрақтар жазылған. Әр топтан бір оқушы бір ұяшықты таңдайды да, жауап береді.</p> <p>1- ұяшықтың сұрағы: Анаграмманы шешу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. К, Е, Б, Ң, Е. ЕҢБЕК 2. Ш, Е, Н, І, Р, К, Е. ЕРІНШЕК 3. Е, І, Д, Ә, Т, П. ӘДЕПТІ <p>2-ұяшықтың сұрағы:</p> <p>Мақалдың жалғасын тап, мәнін түсіндір.</p> <p>Еңбек-адамның ... (екінші) анасы.</p> <p>Еңбек ... (бәрін) жеңбек.</p> <p>Еңбектің наны тәтті, (жалқаудың жаны тәтті)..</p> <p>3-ұяшықтың сұрағы:</p> <p>Мақалдың жалғасын тап, мәнін түсіндір.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаманға жан ... , (жуымас) Жалқауға (мал) ... жуымас. 2. Еріншек түске дейін ұйықтайды, (кешке)... дейін есінейді. 3. ... (Еріншектік) - жаман ауру.

	<p>«Кім жылдам?» Полиглот ойыны. 3 ұяшықты таңдап, үш тілде жауап беру керек. Шаштараз Парикмахер hairdresser Ұшқыш Летчик Pilot Құрылысшы Строитель Builder Көрініс: «Атасы мен баласы» Атасы он жасар баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады: - Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр? - Көремін. Өрмек тоқып жүр. - Анау құмырсқаны көремісің? - Көремін, аузында бір нанның уағы бар, жүгіріп кетіп барады. - Жоғары қара аспаннан не көрдің? - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар. Сонда атасы былай депті: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі – өнеге: Өрмекші маса – шыбынға тұзақ құрып жүр, өзіне азық етуге. Құмырсқа нанның уағын өзі жемей уағын үйіне алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға шөп жинап жүр. Сен де еңбек етуге әдеттен – деді. Бұдан балалар сендер нені ұқтыңдар? - Еңбек етуді, уақытымызды босқа өткізбеуге, мейірімділікке. - Иә, жарайсыңдар! «Еңбек түбі – береке» деген осы</p>
<p>Сынып сағатының соңы</p>	<p>Кім боламын? Осы сұраққа жауап жазып, арман конвертіне салады.</p>  <p>Балалар, сендер болашақта ата –ананың үмітін ақтар, еңбеккер саналы азамат болатындарыңа сенімдімін. Сендердің қазіргі міндеттерің жақсы оқып, тәртіпті болу. Жақсы оқудың да өзі еңбек. Тәрбие сағатымыздың соңын Менделеевтің сөзімен аяқтағым келеді. «Еңбекті жан тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды екен». Еңбегі арқылы адам өз арман мақсатына жетеді екен. Келген қонақтар мен ата-аналарға көп-көп рақмет!</p>

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Віном school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шаяндина Аида Игликқызының тәжірибесінен

Тақырыбы	Абай – дара, Абай – дана қазақта!
Мақсаты	Оқушыларды ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаев шығармаларымен таныстыру. Ақынның өлеңдері мен қарасөздерін оқыту арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру.
Көрнекілігі	М.Әуезовтың «Абай жолы» романы, Абайдың қара сөздері мен өлеңдер жинағы, әдебиеттік оқулықтар Абай Құнанбаев суреті, интерактивті тақта, кітаптар көрмесі, үнтаспа, ұлттық киімдер мен ұлттық қолөнер бұйымдары
Барысы	

<p>Сынып сағатының басы</p>	<p>Күй ойнап тұрады. Өлең ақырын оқылады. Біреулерге болғанымен айдала, Басын иіп тәу етеді бар дана. Ұлы Абайды дүниеге әкелген, Құдіретіңнен айналайын, сардала.</p>
<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>Ән шырқалады «Көзімнің қарасы» Шағын көрініс . Тыныштық. Абай өлең жазып отыр. Есіктен досы Ербол кірді. Ербол. Абай досым, тағы өлең жазып отырмысың?! Шаршадың ғой... Бір сәт демалсаңшы. Абай. Ербол, тыңдашы (ыңылдап) Көзімнің қарасы, Көңілімнің санасы. Бітпейді іштегі, Ғашықтың жарасы. Ербол. Абай неткен әдемі ән! Ғажап, жаңа ән, жаңа өлең! Тамаша! Абай, Сүйіндік ауылында екі күннен кейін алтыбақан болғалы жатыр екен. Соған барсақ қайтеді. Осы әнді жастарға сый етіп тартайық! Абай (басын изеп): Жарайды. (Ербол мен Абай ортада отырған білім алушыларға келіп қосылады) Жастар жиналып «Айттым сәлем, қаламқас» әнін айтып отыр. Абай, Ербол шетке отырады. 1-қыз. Қыздар, қыздар, Құнанбай қажының баласы Абай келіп тұр. 2-қыз. Қасындағы Ербол ғой. 3-қыз. Абай, Ербол, келіңдер. Төрлетіңдер. Қош келдіңдер! Абай. Ойын- сауықтарың қызық болсын! Ербол. Ән-күйлерің қанатты болсын! Топ. Бірге болсын! Айтқаның келсін! 4-қыз. Ортамызға Абай келіп қалған екен. Неге өлеңдерін оқып, әнін салмаймыз?! Топ. Ал кім сөзге ұста, кәне, бастап жіберейік. Ербол. Сүйіндік ауылының жастары, тыңдаңыздар! Абай сендерге жаңа әнін сый қылып тартады. Қабыл алыңдар! Абай. Әнімді қабыл алғандарыңызға көп рахмет. Өзгеге көңілім тоярсың, Өлеңді қайтып қоярсың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың. Сайра да зарла, қызыл тіл, Қара көңілім оянсын. Жыласын көзден жас ақсын, Омырауым боялсын. Аңшы жігіт (ентелеп келіп): Уа, Абай ақынның құрбы- құрдастары, амансыңдар ма! Топ. Армысың, бейтаныс жігіт! Ербол. Ассаламаумағалейкум, жас жігіт! Абай. Жолың болсын, жігітім! Қыздар. Орта толсын! Аңшы. Аң аулап жүріп, алыстан Абай әнінің сазды әуенін құлағым шалып, ат басын бұрдым. Ақын Абай қарсы болмас, осы ауылдың</p>

	<p>қыздарының әнін, өлеңін тыңдағалы келдім. Құлақтан кіріп бойды алар» демекші, өзіңіздің әндеріңізді орындауға рұқсат етіңіз Аңшы жігіт. Бәрекелді, ризамын өлеңдеріңе! Оқушы . «Ғылым таппай мақтанба»,-демекші, Ұлы ақынның ізін жалғастырып, ғылым мен білім, өнерді бағындырып жүрген дарынды оқушыларды ортаға шақырамыз. Топ. Ой, бәрекелді! Абай. Білім алушыларға батасын береді.</p>
Сынып сағатының соңы	<p>Мұғалім. Міне, сіздер Абайдың бозбала шағынан бір көріністі тамашаладыңыздар. Абай 1904 жылы дүниеден өтті. Абай өмірден озса да артына көп мұра қалдырды. Өлең- жырлары, қарасөздері мәнді де мағыналы болды. Жазушы Төлен Әбдіков. «Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. М. Әуезов Абайды әлемге таныту арқылы әлемге қазақты танытты»,- деді. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман- эпопеясымен қысқаша әңгімелер арқылы танысып келе жатырмыз. Қазақ сөзінің киесі қонған Абайдың қара сөздері кез келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл қосушы. Сондықтан, балалар, біз Абай атаны жадымызда ұстаймыз. «Желсіз түнде жарық ай» әні шырқалады</p>

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

*Vinom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шаяндина Аида
Игликқызының тәжірибесінен*

Тақырыбы	«Алтын қақпа» зияткерлік ойыны
Мақсаты	Оқушылардың білімдерін толықтыру, қазақтың салт-дәстүрлерін, ел тарихын қаншалықты білетіндіктерін тексеру. Ұйымшылдыққа, адамгершілікке, ел тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап, қадірлей білуге тәрбиелеу
Көрнекілігі	интерактивті тақта, слайдтар, алтын, күміс, тас қақпалар, сұрақтар, алтын сандықша.
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>Тренинг «Шаңырақ».</p> <p>Сәлеметсіздер ме, мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді біз шаттық, жылулық шеңбері дейміз. Себебі шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз - көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз.</p> <p>Шаңырақ құру. Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.</p>

	<p>Мұғалім: - Бүгінгі «Алтын қақпа» интеллектуалдық ойынына қатысушы оқушылар! Біз бүгін сайыс өткізбекпіз. Ойынның шарты: - Енді сіздерді ойынның шартымен таныстыра кетейін. Балалар, біздің мақсатымыз ел тарихын қаншалықты білетіндігімізді тексеру. Ал бұл ойынның мақсаты – Отанымыздың жүрегі, бас қаласы – Астанадай алыс жердегі «Алтын қақпаға» жету. Ондағы алтын сандықта «Білім» деген қазына бар. Сол «Білім» қазынасын алу үшін түрлі тапсырмалар орындаймыз. Ойын үш кезеңнен тұрады. I кезең «Тас қақпа», II кезең «Күміс қақпа», III кезең - шешуші кезең- «Алтын қақпа» деп аталады. Сұрақтар салмағы әр кезеңінің атауына байланысты болады. Мысалы, «Темір қақпада» сұрақтар сәл жеңілдеу болса, «Күміс қақпада» сұрақтар алдыңғы кезеңге қарағанда күрделене, қиындай түседі. «Алтын қақпаның» сұрақтары болса, алдыңғы екі қақпаның да сұрақтарынан салмақты, алтындай бағалы болады. Берілген тапсырма, сұрақтарға дұрыс жауап берілген жағдайда қақпа ашылады. Үш қақпа ашылған соң «алтын сандықты» ашу үшін барлық кезеңде жақсы жауап берген топ алтын сандықтың сұрақтарына жауап береді. Алтын сандықтың сұрағына жауап берген топ жеңіске жетеді.</p>
<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>Тас қақпаның сұрақтары: 1. Қайыңнан сөзіне фонетикалық талдау жаса. 2. «Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген мақалдың мағынасын айтып бер. 3. Берілген сөз тіркестерін түріне қарай ажыратып жаз. Кітапқа үңілу, ағашты өңдеу, ештеңе айтпау, сабақ дайындау, той дастарқаны, таңертеңгі шай, ақ жастық, Ақылбайдың дәптері, асықпай сөйлеу, үнсіз отыру, жібек белбеу, орнынан тұру. 4. Жай сөйлем дегеніміз не? Олардың түрлерін ата, мысал келтір. 5. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талда, сөз таптарын көрсет. <i>Қыран түлегіне қайыспас қанат сыйлайды.</i> Күміс қақпа сұрақтары: 1. «Ер Төстік» ертегісі ертегінің қай түріне жатады? Дәлелдендер? 2. Жүсіп Баласағұн қай жерде туып өскен? 3. Мақал мен мәтелдің өзара айырмашылығын қалай анықтаймыз? 4. Аңыз бен ертегінің айырмашылығын тап 5. Ең алғаш қара алтынды тапқан кім? Алтын қақпа сұрақтары: 1. Қазақстан өз егемендігін қай жылы, қай айда алды? 2. Мемлекетіміздің астанасы Алматыдан Астанаға қай жылы ауыстырылды? 3. Жерінің аумағы жағынан Қазақстан бүкіл дүние жүзінде нешінші орында тұр? 4. Қазақстанда қанша халық тұрады? 5. Қазақстанның ұлттық валютасы қай жылы айналымға шықты? 6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының авторларын ата. 7. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? Ол қай жылы ғарышқа ұшты? Алтын сандық сұрақтары: 1. Үргеніш ханның сұрақтарына Сырым не деп жауап берді? 2. Сөз анасы не?</p>

	<p>3. Су анасы не? 4. Жол анасы не? 5. 2. Дау мұраты не? 6. Сауда мұраты не? 7. Қыз мұраты не?</p> <p>3. Досбол шешеннің айтқандарынан: Қол бастау қиын ба? Жол бастау қиын ба? Сөз бастау қиын ба?</p> <p>4. Төле би қырық қарақшының қолына түсіп қалып, келіні Данагүлге хат жазады. Хатында: «Кенже ұлыма құда түстім, соған қырық құнан атан, 20 бура, 8 ақ бас атанымды осы барған адамнан айдатып жіберіңдер. Және оң босағамда тығулы жатқан алтынымды, сол босағамда жатқан күмісімді де қоса жіберіңдер,» -деп жазады. Келіні Данагүл Төле бидің жұмбағын қалай шешеді? «Алтын қақпа» интеллектуалды ойынында білім алушылар сұрақтар мен жұмбақтарды шеше отырып, өздерінің зияткерлік қабілеттерін ортаға салады.</p>
Сынып сағатының соңы	«Жұлдыз болып жанайын» әні. Жеңімпаз топты марапаттау

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

*Vinom school «Тұран» мектеп-лицейінің мұғалімі Шоканова Гаухармас
Женисбекқызының тәжірибесінен*

Тақырыбы	Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл күй
Мақсаты	Табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы, денсаулықты сақтаудың бірден — бір дұрыс жолы зиянды, жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүру екендігін ұғындыру, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтай білуге тәрбиелеу, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген әлдеқайда тиімдірек екендігін түсіндіру, дене тәрбиесіне, салауаттылыққа дағдыландыру.
Көрнекілігі	өмір, денсаулық, бақыт туралы сөздер, оқушылардың газеттері, түрлі түсті қағаздар, жіп және т.б.
Барысы	
Сынып сағатының басы	<p>Топ оқушыларын екі топқа бөлу. (Түрлі –түсті қағаз арқылы)</p> <p>1- топ «Денсаулық». Ұраны: «Денсаулық –зор байлық».</p> <p>2- топ «Салауат». Ұраны: «Салауатты өмір –денсаулықтың кепілі»</p> <p>Әділ қазылар алқасын сайлау, сайыс шартын таныстыру: Бүгінгі сайысымыздың негізгі кезеңімен таныстырып өтейін:</p> <p>I -«Түсіп қалған әріптер». Берілген сөздерге әріптерді қою.</p> <p>II- Мақал-мәтелдер жарысы.</p> <p>III -Әр топ өздері шығарған газеттерін қорғайды.</p> <p>IV-тапсырма: Шығармашылық тапсырма: тақпақ құрастыру .</p> <p>V- Мимикалық ойын (Крокодил)</p> <p>VI -Сұрақ-жауап</p>

<p>Сынып сағатының ортасы</p>	<p>I-тапсырма бойынша: «Түсіп қалған әріптер». Берілген сөздерге әріптерді қою. (2-минут)</p> <p>1- топ: 1. Д..... і (дәрі) 2. в...та...н (витамин) 3.ны.....у (шынығу) 4. с....ау.....т (салауат)</p> <p>2- топ: 1. Г...и...на (гигиена) 2.ту...ку....ез (туберкулез) 3. тұ.....у (тұмау) 4. д... ау... қ (денсаулық)</p> <p>II-тапсырма «Тәрбие көзі – халықта». Екі топ кезекпен денсаулық, ауру туралы 5 мақал – мәтелден айтады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Денсаулық зор байлық. 2. Тазалық — саулық негізі. 3. Бірінші байлық — денсаулық, Екінші байлық — ақ жаулық, Үшінші байлық — он саулық 4. Аурудың алдын ал. 5. Демі бардың емі бар. 6. Көзің ауырса, қолыңды тый, Ішің ауырса, тамағың тый. 7. Көкірек ауру күле кетер. 8. Ауру аздырады, Суық тондырады. 9. Ауру кісі күлкі сүймес, Ауыр жүкті жылқы сүймес. 10. Ауру батпандап кіріп, Мысқалдап шығады. <p>III –тапсырма. Мақал мәтелдің жалғасын тап:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дауды елемеген төлейді, <i>Ауруды елемеген өледі.</i> 2. Іздеп алған аурудың емі табылмас. 3. Жасыңда салақ болсаң, <i>Бара-бара былық боларсың.</i> 5. Ауырып ем іздегенше, <i>Ауырмайтын жол ізде.</i> 6. Ауру желмен келіп, <i>термен шығады.</i> 7. Сырқат - тән жарасы, <i>Қайғы - жан жарасы.</i> 8. Тер шықпаған кісіден, <i>дерт шықпайды.</i> 9. Аурудың жақсысы жоқ, <i>Дәрінің тәттісі жоқ.</i> 10. Демі бардың емі бар. <p>V –тапсырма. Постер құру</p> <p>1. топ: Денсаулықты нығайту жолдары. (спорт, шынығу, таза ауада серуендеу жақсы тамақтану т.б.) 2- топ: Денсаулыққа зиянды әдеттер. (Темекі, нашақор, арак, және т.б.)</p> <p>IV-тапсырма Шығармашылық тапсырма: тақпақ құру .(5 мин) I- топ:баламыз,</p>
--------------------------------------	---

	<p>.....аламыз. санамыз. 2-топ:күлеміз, жүреміз, сүреміз.</p> <p style="text-align: center;">V Мимикалық ойын:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Темекі зиян екенін көрсету. 2. Арақ,есірткі шеккен адам. Бейнесін көрсету. 3. Таңғы жаттығулар немесе спортпен айналысу. 4. Таза ауада серуендеу. <p style="text-align: center;">VI Сұрақ-жауап:</p> <p>I топ - Сенің бірге өскен досың кішкентайынан темекі шегеді. Бірақ сен оны білмейсің. Бір күні темекі шегіп тұрғанын көрдің. Сен не істейсің? Достығың жалғаса ма?</p> <p>II топ - Сенің досың жұқпалы ауруға шалдықты. Не істейсің? Достығыңыз жалғаса ма?</p>
<p>Сынып сағатының соңы</p>	<p>Тренинг «Денің сау болсын десең...» Бір оқушы «Денің сау болсын десең...» деп ортаға шығады. Қалған оқушылар осы сөйлемді толықтырып аяқтап, шеңбер құрайды. VII. Қорытынды: Әділқазылар екі топтың ұпайын есептеп, алғыс хат табыстайды.</p>

ҚОРЫТЫНДЫ

Сынып сағаты – педагог пен білім алушылар арасындағы тікелей қарым-қатынас формаларының бірі, оның барысында білім алушылардың әлеуметтік және этикалық тәрбиесі, әр білім алушының тұлға ретінде дамуы, сынып ұжымын қалыптастыру жүреді. Сынып жетекшісі үшін сынып сағатын ұйымдастыру оңай емес және өте үлкен жауапкершілікті қажет ететіні белгілі.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді сапалы шешу үшін сынып жетекшілерінің білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді, ұлттық тәрбие беруде, салауатты өмір салтына, өзін-өзі тануға, патриотизмге және т.б. бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие Тұжырымдамасын басшылыққа алуы тиіс. Сынып сағатын шебер ұйымдастыру сынып жетекшісіне қажетті нәтижеге толық қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мектеп тәжірибесі көрсеткендей, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттің әдістері мен элементтері балалар үшін ең тиімді және қызықты.

Өткізу әдістемесіне байланысты сынып сағаттары үш түрге бөлінеді. Бірінші түрге сынып жетекшісінен кең білімді, өмірлік және педагогикалық тәжірибені талап ететін сынып сағаттары кіреді.

Сынып сағаттарының екінші түрі сынып жетекшісі мен білім алушылардың бірлескен қызметімен сипатталады. Негізгі идеялар мен мазмұнның анықтамасы, әдетте педагог білім алушылармен бірге оларды жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін іздестіреді. Сынып жетекшісінің жетелеуімен білім алушылар тәрбие сағатының жекелеген үзінділерін дайындайды, сынып жетекшісі сынып сағатын жүргізеді, білім алушылар мәселені талқылайды.

Сынып сағаттарының үшінші түрі білім алушылардың белсенді өзіндік жұмысын қамтиды. Оларды дайындау және өткізу жауапкершілігі білім алушылар тобына жүктеледі. Сынып жетекшісі білім алушылармен бірге тек идеяларды, сынып сағатының жалпы құрамын ойластырады, микроколлективтерге шығармашылық тапсырмалар жасауға көмектеседі. Топтар бойынша өзіндік дайындық кезінде білім алушылар шығармашылық көзқарасты, көптеген идеяларды, пікірлерін білдіреді, топтар арасында бәсекелестік рухы пайда болады. Білім алушылар сынып сағатын өздері өткізеді, сынып жетекшісі оларды бағыттайды. Осы типтегі сынып сағаттарын өткізгеннен кейін қорытынды жасап, топтардың жұмысына баға берген жөн.

Сынып сағатының түрін таңдау тақырыпқа, материалдың мазмұнына, білім алушылардың жасына, олардың осы мәселе бойынша білім деңгейіне, ұжымдық іс-әрекет тәжірибесіне, сондай-ақ сынып жетекшісінің педагогикалық шеберлігі мен жеке ерекшеліктеріне, оның білім алушылардың қарым-қатынасының сипатына байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
3. Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Л. А. Байкова, Л. К. Гребенкина, О. В. Еремкина и др.; Под ред. В. А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 144 с.
4. Классному руководителю о классном часе. /Под ред. Е.Н. Степановой, М. А. Александровой - М.: Сфера, 2005.
5. Щуркова Н. Е. Вы стали классным руководителем. – М.: Педагогика, 1986. – 112 с. – https://vk.com/doc61880952_128241690
6. Щуркова Н. Е. Прикладная педагогика воспитания: Учебное пособие. – СПб.: Питер, 2005. — 366 с.
7. <https://o-buddizme.ru/obraz-zhizni/vospitanie-detey-v-yaponii>
8. Особенности воспитания детей в Японии // Лайфхакер. URL:<https://lifehacker.ru/osobennosti-vospitaniya-detey-v-yaponii/> (дата обращения: 06.03.19).
9. Bandura, A. 2012. «On the Functional Properties of Perceived Self-Efficacy Revisited» *Journal of Management* 38 (1): 9–44.
10. Chan, Y. 2016. «Investigating the Relationship among Extracurricular Activities, Learning Approach and Academic Outcomes: A Case Study» *Active Learning in Higher Education* 17 (3): 223–233.
11. Okullarda Değerler Eğitimi Ve Türkiye’deki Uygulamaya Bir Bakış Nazlı CİHAN DOI:<http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.6402> Sayfa Sayısı:429-436 lize Giriş. Çeviren: Dinçer, S., Anı Yayıncılık, Ankara. Bulach, C. R. (2002).
12. King, A.E., F.A.E. McQuarrie, and S.M. Brigham. 2020. «Exploring the Relationship between Student Success and Participation in Extracurricular Activities» *SCHOLE: A Journal of Leisure Studies and Recreation Education* 1–17.
13. Erziehung, Hamburg: Kovac Milli Eğitim Bakanlığı İstanbul Milli Eğitim Müdürlüğü, Değerler Eğitimi Kılavuzu, 2012. http://mebk12.meb.gov.tr/meb_iys_dosyalar/34/36/974348/dosyalar/2013_03/01051825_deerlereitimiklavuzu.pdf (20.12.2013) Milli Eğitim
14. Lamborn, S.D., Brown, B.B., Mounts, N.S., & Steinberg, L. (1992). Putting School in perspective: The influence of family, peers, extracurricular participation, and part-time work on academic engagement. Chapter 6 in *Student engagement and achievement in American secondary schools*.
15. Kleese, Edward J. and D'Onofrio, Jan A. (1994). *Student Activities for Students At Risk*. Reston, VA: National Association of Secondary School Principals.
16. Алоева М., Бейсова В. Настольная книга классного руководителя. – Ростов\Д 2004.

17. Демакова И.Д. Воспитательная деятельность педагога в современных условиях. – СПб КАРО 2007
18. Байбородова Л.В., Рожков М.И. Воспитательный процесс в современной школе: Учеб. пособие. Ярославль, 2003
19. Сейілбек Мырзабай «Балалықтан даналыққа» Отбасы хрестоматиясы/ 4 басылым – Алматы, 2022. – 256 б.
20. Рожков М.И., Байбородова Л.В. Организация воспитательного процесса в школе. М., 2000
21. Баймуханбетов Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасының қалыптастыру: филос. док. (PhD) дис. – Алматы, 2014. – 159 б.
22. Мандыкаева А.Р. Тұлға қабілеттерін дамытудағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері: дис. пед. ғыл. канд. – Алматы, 2009. – Б. 72- 79.
23. Воспитание детей в школе: Новые подходы и новые технологии // Под ред. Н. Е. Щурковой - М.: Новая школа, 2003. Гуткина Л Д. Организация и планирование воспитательной работы в школе. - М.: Центр «Педагогический поиск», 2001.
24. З.И. Исламова Теория и методика воспитания // – Издательство БГПУ, Уфа-2009
25. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001.

ҚОСЫМША

Қосымша 1

ЖАС СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІНЕ ДАЙЫНДЫҚ КАРТАСЫ

Кезеңдері	Білімі	Кәсіби-педагогикалық дағдысы	Позициялары	Кәсіби-тұлғалық сапасы	Құндылықтары
Баланың жеке басын тәрбиелеу	- тұлға психологиясын, оны тәрбиелеу заңдылықтары мен шарттарын білу; - баланың жеке басының құрылымы, оның зияткерлік -танымдық эмоциялық-адамгершілік, практика-мінез-құлық салалары туралы түсінік; -баланың жеке басының өзін-өзі анықтау ерекшеліктерін білу	- баланың жеке басын жүйелік-құрылымдық талдауды меңгеру; - баланың жеке басының табысты дамуына жағдай жасай білу; - бала тұлғасының зияткерлік-танымдық, эмоционалды-адамгершілік, тәжірибе-мінез-құлық салаларының дамуын жандандыру білігі; - баланың жеке басын бейімдеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі растау, өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтауды ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру; - бала тұлғасының субъектілік ұстанымын қалыптастыру қабілеті	-тәрбиеші; - гуманист; - ұйымдастырушы - үйлестіруші; - болжамшы; - нұсқаушы - жанашыр	- балаға деген махаббат; - педагогикалық кәсіп; - педагогикалық борыш және жауапкершілік; -педагогикалық әділеттілік; -мамандыққа қызығушылық; - педагогикалық әдеп; -педагогикалық түсінушілік	- баланың жеке басы; -тұлғалық еркіндік - педагогикалық махаббат; -білім; - тәрбие; - гуманизм; - шығармашылық; - әділдік
- Мотивациялық-мақсатты кезең	- мұғалімнің жеке, кәсіби және әлеуметтік сипаттамаларын білу; - мұғалімнің профессиограммасын білу;	- кәсіби-педагогикалық бағыттылықты түсіне білу; - қабілеттердің адамтану компоненттерін дамыту қабілеті; - өзінің өсу болашағын	- азамат; - гуманист; - оптимист; - жаңашыл; - шебер.	-перцептивті-рефлексивті қабілеттер; - шығармашылық; - педагогикалық өзіндік сана;	-кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамыту; - сүйікті ісіңмен айналысу;

	- Кәсіби құзыреттілік туралы түсінік	саналы түрде анықтай білу; - жеке стильді түсіну және дамыту мүмкіндігі; - өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету негіздерін меңгеру		- жаңашылдық; - педагогикалық мәдениет	- педагог еңбегінің шығармашылық сипаты; -әлемдік мәдениетке тарту
Ұйымдастыру-орындаушылық	- тәрбиенің инновациялық тұжырымдамаларын білу; - тәрбиенің тиімді технологияларын білу; - жеке және ұжымдық өзара іс-қимыл әдістері мен нысандарын білу	- қызметтің барабар адекватные түрлерін таңдау мүмкіндігі; - балалардың таяудағы даму мүмкіндіктері мен аймағын анықтау білігі; - балалармен жеке және ұжымдық қарым-қатынас әдістері мен формаларын қолдана білу; - баланың және ұжымның қызметін белсенділендіру қабілеті	-ұйымдастырушы; - әдіскер; -ұжымдастырушы; - игротехник; - тәлімгер; - түрлендіргіш; - жасаушы;		- педагогикалық импровизация; - педагогикалық бақылаушылық; - педагогикалық оптимизм; - педагогикалық шығармашылық
Рефлексивті-бағалау кезеңі	- қызметті талдау және бағалау мәнін білу; - тәрбие қызметін талдау және бағалау әдістері мен нысандарын білу; - педагогикалық рефлексия туралы түсінік	- алынған нәтижелерді берілген үлгілермен байланыстыра білу; - қызметтің ағымдағы және соңғы нәтижелерін есепке алу және бағалау білігі; - нәтижелерді бағалау және міндеттердің жаңа кешенін анықтау қабілеті; - білу үйлестіру өз пайымдаулар мен қызметі	- диагност; -болжамшы; - судья; - төреші; - сарапшы; - талдаушы.		педагогикалық болжау; - диагностика; - рефлексия; - болжау; - объективтілік; - педагогикалық әділеттілік; - педагогикалық болжам
Құрылымдық-модельдеу	- әңгімелесушінің психологиясын білу; - қарым-қатынас	- қарым-қатынасты модельдеу және құрастыру қабілеті;	- тең қарым-қатынас субъектісі;		- ашықтық; - конструктивтілік; - ықыластылық;

кезеңі	құрылымы мен функцияларын білу; - қарым-қатынас кезеңдерін білу; - білу - әңгімелесушінің жеке жас ерекшеліктері; - педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті мен педагогикалық техника негіздерін білу	- әңгімелесушіні дұрыс қабылдау мүмкіндігі; - әңгімелесушінің проблемаларына жауап бере білу; - психологиялық байланыс орната білу; - жанжалды жағдайларды жобалау және шешу мүмкіндігі	- адамгершілік қарым-қатынас құрастырушысы; - психотерапевт; - гуманист; - бастамашы		- жанашырлық; - аяушылық.
Ұйымдастыру-басқару кезеңі	- қарым-қатынас стилін білу; - баламен тең серіктес ретінде қарым-қатынас жасау тәсілдерін, құралдары мен тәсілдерін білу; - педагогикалық техника негіздерін білу; - қарым-қатынастың инновациялық технологияларын білу	- қарым-қатынастың демократиялық стилін меңгеру; - қарым-қатынастың перцептивті тәсілдерін меңгеру; - педагогикалық техниканы меңгеру; - педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің негіздерін меңгеру; - диалогтік қарым-қатынас әдістемесін меңгеру	ұйымдастырушы; - шешен; - дәріскер; - қызықты әңгімешіл; - дипломат; - демократ; - серіктес; - әңгімелесуші; - дос - нәзіктік; - педагогикалық өзін-өзі реттеу; - педагогикалық рефлексия; - әдептілік		гуманизм; - альтруизм; - әдептілік; - эмоциялық мәнерлілік; - әзіл сезімі; - тактильдік; - перцептивті; - интерактивтілік; - эмпатия.
Рефлексивті-бағалау кезеңі	- қарым-қатынасты талдау және интроспекция туралы түсінік; - қарым-қатынас	- қарым-қатынас процесі мен нәтижелерін дұрыс бағалау мүмкіндігі; - өзі және сұхбаттасушы үшін қарым-қатынастың	- байланыс талдаушысы; - позитивті қарым-қатынасты болжаушы;	- ұйымшылдық; - кәсіби құзыреттілік; - тілектестік; - даналық; - креативтілік	- баланың жеке басы; - өзара түсіністік; - рухани жайлылық;

	<p>рефлексиясы туралы түсінік;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қарым-қатынасты бағалау және өзін-өзі бағалау әдістерін білу - қарым-қатынасты талдау және интроспекция туралы түсінік; - қарым-қатынас рефлексиясы туралы түсінік; - қарым-қатынасты бағалау және өзін-өзі бағалау әдістерін білу 	<p>салдарын болжай білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз пікірін, іс-әрекетін, ұстанымын, тәсілін, қарым-қатынас стилін дұрыс көрсете білу 	<ul style="list-style-type: none"> - қарым-қатынас самоаналитикасы - байланыс талдаушысы; - позитивті қарым-қатынасты болжаушы; - қарым-қатынас самоаналитикасы 		<ul style="list-style-type: none"> - ұжым; - отбасы; - кәсіби көмек және қолдау; - бірлескен шығармашылық; - педагогикалық түзету; - педагогикалық алдын алу
<p>Білім беру ортасын құру кезеңі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық қатынастар жүйесінде баланың әлеуметтенуі мен бейімделу ерекшеліктерін білу; - мега -, макро -, мезо -, микро орта факторларының тәрбиелік әлеуеті туралы түсінік; - баланың жеке басының дамуына отбасының әсер ету ерекшеліктерін білу; - балалар ұжымының, жастар субмәдениетінің, қоғамдық ұйымдардың, 	<ul style="list-style-type: none"> - ұжымда қауіпсіздік атмосферасын құра білу; - балалар ұйымдары мен клубтарының әлеуетін пайдалана білу; - ұжымдық-шығармашылық істерді ұйымдастыра білу; - баланың жеке басын тәрбиелеу бойынша отбасымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыра білу; - отбасыларда консультациялық қызмет жүргізе білу; - бейімделу, алдын алу және түзету әдістемесін қолдану білігі ; 	<ul style="list-style-type: none"> - үйлестіруші; - ұйымдастырушы; - ағартушы; - ақылшы; - дизайнер 	<ul style="list-style-type: none"> - ұйымшылдық; - Кәсіби құзыреттілік; - тілектестік; - даналық; - креативтілік 	<p>баланың жеке басы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзара түсіністік; - рухани жайлылық; - ұжым; - отбасы; - кәсіби көмек және қолдау; - бірлескен шығармашылық; - педагогикалық түзету; - педагогикалық алдын алу

	<p>клубтардың тәрбиелік мүмкіндіктерін білу; - пәндік ортаның тәрбиелік сипаты туралы түсінік</p>	<p>- баланың айналасында тәрбиелеуші пәндік ортаны құра білу</p>			
<p>Ақпараттық-жағымды ортаны қалыптастыру кезеңі</p>	<p>- баланың ақпараттық кеңістігі мен ақпараттық өрісі туралы түсінік; - бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникация туралы түсінік; - ақпаратты беру ерекшеліктерін білу; - тілдің, қоғамның, субмәдениеттің ақпараттық мүмкіндіктері туралы білім, - табиғат, кино, видео, теледидар</p>	<p>- баспа көздерімен және библиографиямен жұмыс істеу дағдылары мен іскерліктері; - оқытудың техникалық құралдары мен электрондық-есептеу техникасын қолдана білу; - ақпаратты түсіндіре білу; - ақпаратты өзгерту және бейімдеу қабілеті; - ақпаратты баланың санасына жеткізу мүмкіндігі; - ақпаратты түсіндіре білу.</p>	<p>- ақпарат беруші; - трансформатор; - ойшыл; - пән мұғалімі</p>	<p>- кәсібилік; - эрудиция және кең көзқарас; - ойлаудың икемділігі; - қисындылық; - сыншылдығы; - жеделдік</p>	<p>- қоғам; - табиғат; - ақпарат; - білу; - құзыреті; - мәдениет</p>

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Сынып сағаттарын өткізудің халықаралық тәжірибесі: мақсаттары, міндеттері және ұйымдастыру нысандар.....	5
2. Сынып сағаттарын өткізудің отандық тәжірибесі: мақсаттары, міндеттері және ұйымдастыру нысандары.....	21
Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру бойынша	
3. әдістемелік ұсынымдар.....	54
Қорытынды.....	109
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	110
Қосымша.....	112

Қазіргі жағдайда (заманауи) сынып сағаттарын ұйымдастыру әдістемелік
ұсынымдар

Басуға 24.06.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 12.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 15-қабат